ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

ҚҚДИ
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
Қазақстандық
қоғамдық
даму
институты

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕП

МҰСЫЛМАН ҮМБЕТІНДЕГІ, СОНЫМЕН ҚАТАР ҚМДБ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ЖАҒДАЙЛАР ТУРАЛЫ

О СИТУАЦИИ И ПРОБЛЕМАХ В МУСУЛЬМАНСКОЙ УММЕ, В ТОМ ЧИСЛЕ В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДУХОВНОГО УПРАВЛЕНИЯ МУСУЛЬМАН КАЗАХСТАНА

АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОТЧЕТ

НҰР-СҰЛТАН, 2019

Мұсылман үмбетіндегі, сонымен қатар ҚМДБ қызметіндегі мәселелер мен жағдайлар туралы аналитикалық есеп» аналитикалық есеп. Аналитический отчет «О ситуации и проблемах в мусульманской умме, в том числе, в деятельности ДУМК» / К.Б. Ойшыбаев, Ә.С. Қайдарова, Р.И. Камарова, А.О. Орынтай, Е.Е. Бурова, Т.Ж. Жакиянов – Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ, 2019 - 303 б.

Осы сараптамалық есепте әлеуметтік зерттеудің, оның ішінде Қазақстан Республикасының мешіттерінің келушілеріне жаппай сауалнаманың және имамдармен өткізілген эксперттік тереңдетілген сұхбаттың деректеріне жасалған талдау ұсынылады. Сауалнама 2019 жылғы 19 қыркүйек пен 2 қазан аралығында «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен өткізген.

Аналитикалық есеп дін саласы бойынша мемлекеттік қызметішлерге, дінтанушылар мен теолог мамандарға және барлық қызығушылық танытқан тұлғаларға арналады.

В данном аналитическом отчете представлен анализ данных социологического исследования, в частности, массового опроса прихожан мечетей Республики Казахстан и экспертного глубинного интервью имамов. Опрос был проведен в период с 19 сентября по 2 октября 2019 года Казахстанским институтом общественного развития «Рухани жаңғыру» при поддержке Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан.

Аналитический отчет предназначен для государственных служащих, религиоведов и теологов, а также для всех заинтересованных лиц.

© «Рухани Жаңғыру» қазақстандық әлеуметтік даму институты» КЕАҚ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ ИНСТИТУТЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕП
1 тарау

Жалпылама сауалнама нәтижелері бойынша
(6800 респондент)

Нұр-Сұлтан
2019

«Мұсылман үмбетіндегі, сонымен қатар ҚМДБ қызметіндегі мәселелер мен жағдайлар туралы» аналитикалық есеп». 1 тарау. Жалпылама сауалнама нәтижелері бойынша (6800 респондент). Аналитический отчет «О ситуации и проблемах в мусульманской умме, в том числе, в деятельности ДУМК». Часть 1. По результатам массового опроса (6800 респондентов) / Ойшыбаев К.Б., Кайдарова А.С., Камарова Р.И., Орынтай А.О., Бурова Е.Е. – Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық әлеуметтік даму институты» КЕАҚ, 2019.

Осы сараптамалық есепте 2019 жылғы 19 қыркүйек пен 2 қазан аралығында Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қолдауымен «Рухани Жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты өткізген әлеуметтік зерттеу – Қазақстан Республикасының мешіттерінің келушілеріне (6800 респондент) жаппай сауалнама деректері бойынша талдау мен қорытынды ақпараты ұсынылады. Есепте респонденттер мен олардың отбасы мүшелерінің діншілдік деңгейі, имамдардың жұмысын және мешіттердің жұмыс жүргізуін қабылдау, ҚМДБ-ның ағымдағы қызметін бағалау, дін саласындағы мемлекеттік саясатқа көзқарас сияқты индикаторлар көрсетілген, сондай-ақ Қазақстан мұсылмандары арасындағы өзекті мәселелер талданды.

В данном аналитическом отчете проделан анализ и обобщены данные социологического исследования – массового опроса прихожан мечетей Республики Казахстан (6800 респондентов), проведенный Казахстанским институтом общественного развития «Рухани жаңғыру» при поддержке Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан в период с 19 сентября по 2 октября 2019 года. В отчете отражены такие индикаторы, как религиозность респондентов и членов их семей, восприятие работы имамов и функционирования мечетей, оценка деятельности ДУМК, отношение к государственной политике в сфере религии, а также проанализированы актуальные проблемы среди мусульман Казахстана.

© «Рухани Жаңғыру» қазақстандық әлеуметтік даму институты» КЕАҚ

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 4

I ДІНДАРЛЫҚ МАРКЕРЛЕРІ 7
1.1 Мешітке бару 7
1.2 Діни рәсімдер 13
1.3 Діни және зайырлы мерекелер 16
1.4 Дін және отбасы 18
1.5 Ерлер мен әйелдер, ұл балалар мен қыз балалар: кімнің құқығы жоғары? 24
1.6 Діни білім 29
1.7 Дін және денсаулық 39

II ӨМІРДІ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАУ 41
2.1 Діншілдік және басқа құндылық бағдарлары 41
2.2. Көп әйел алу, ажырасу, толық емес отбасына көзқарас 43
2.3 Отбасындағы зорлық-зомбылық: қалыпты ма немесе ауытқу ма? 47
2.4 Қоғамдағы және өзіне қатысты зорлық-зомбылық 49
2.5 Қоғамдағы төзімсіздік көріністері 51

III МҰСЫЛМАНДЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ТҮСІНУ 55
3.1 Шынайы діндардың сипаттамалары 55
3.2. Басқа дін өкілдерімен қарым-қатынас 57
3.3 Дінге көшу – мұсылмандық парыз 59

IV ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ (ҚМДБ) ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАС 61
4.1 Ислам туралы жауап іздеу 51
4.2 Мешіт жанындағы курстар 63
4.3 Мешіт имамымен қарым-қатынас кезіндегі қиындықтар 65
4.4 Имамға қажетті қасиеттер 67
4.5 Мешіттерге келушілердің белсенділігі 69
4.6 ҚМДБ-ның нақты қызмет бағыттарына сенім білдіру 72
4.7 ҚМДБ-ның интернеттегі ақпараттық қызметі 73

V ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚМДБ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ КЕМШІЛІКТЕР 77
5.1. Қазақстандағы исламның негізгі проблемалары 77
5.2 ҚМДБ қызметіндегі кемшіліктер 79

VI ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ 83
6.1 Дін саласындағы мемлекеттік органдардың қызметі туралы хабардар болу 83
6.2 Дін саласындағы мемлекеттік органдардың саясатын бағалау 85

ҚОРЫТЫНДЫ 87

ҰСЫНЫСТАР 88

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан қоғамында тәуелсіздік жылдары дүниетанымдық алуан түрлілік қалыптасып, діни үдерістерде динамизм пайда болды. Діннің қоғамдық дамуға, менталдық мен өмір салтының өзгеруіне ықпалы жыл сайын артып келеді.

Діни ахуалды зерттеу, оның әртүрлі аспектілері мен үрдістерін сараптау – діни факторды мемлекеттің тұрақты дамуының, қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды компоненттерінің бірі ретінде ескеруге мүмкіндік береді. Керісінше, діни үрдістер туралы объективті білімнің болмауы қоғамдық, саяси тәуекелдерді тудырады, қоғамдық жағдайды басқару әлеуетін төмендетеді, саяси ықпал ету құралы ретінде діни факторды пайдаланумен байланысты күтпеген салдарларға әкеп соғады.

Қазақстанның мұсылман үмметі саны жағынан ең көп конфессияны құрайды. Қазақстан халқы өздерін негізінен мұсылман деп санайды . Оның саны, сапалық құрамы, жағдайы мен динамикасы ішкі конфессиялық және конфессияаралық қатынастардың мазмұнын анықтап, қоғамдағы бейбітшілік пен келісім жағдайына әсер етеді.

Зерттеу мақсаты - респонденттер мен олардың отбасы мүшелерінің діндарлығы арқылы Қазақстандағы мұсылман үмметі жағдайын, имамдар мен мешіттердің жұмысы туралы пікірлерді, ҚМДБ-ның ағымдағы қызметіне, сондай-ақ дін саласындағы мемлекеттік саясатқа қатысты көзқарастарды айқындауға бағытталған әлеуметтік зерттеудің нәтижелерін сараптау және қорытындылау.

Зерттеу міндеттері:

- діни өмір салты нормаларын ұстану бойынша респонденттер мен олардың отбасы мүшелерінің діни сипаттарын сараптау;
- діни білімге және балалардың діндарлық өмірге болашақта келу мүмкіндігіне көзқарас;
- мұсылмандық отбасындағы әйелдің, жұбайының, ұлдар мен қыздардардың мәртебесі мен рөлінің бағалануы;
- балалар мен әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету жағдайына қатысты көзқарастарды қарастыру;
- девиантты мінез-құлықтың орын алу мүмкіндігі (басқа адамдарға зорлық-зомбылық жасау, өзіне-өзі қол жұмсауға бару);
- діндар мұсылмандардың ресми және халық медицинасына, көріпкелдікке, бал ашуға, сиқыр арқылы емделуге қатысты көзқарастарын анықтау;
- діндарлар өмірінің құндылықтар жүйесін талдау;
- мұсылмандардың діни өмір салтына, діни мазмұндағы руханилыққа бейімділігін түсіндіру;
- респонденттер тарапынан имамдар бейнесінің қабылдануын қарастыру;
- нақты өмірде және виртуалды кеңістікте үмметтермен жұмыс істеу кезінде имамдардың дайындығын, қабілетін және біліктілігін бағалау;
- діндарлардың имамдармен және жамағат арасындағы коммуникация барысында орын алған өзекті мәселелерді анықтау;
- өзге діни көзқарасқа, сондай-ақ діни, ұлттық, нәсілдік, жыныстық өзгешеліктерге төзімділік пен төзбеушілік көріністеріне деген қатынасты бағалау;

1-кесте. Респонденттердің өңірлік бөлінуі, %

№	Өңірлер	Ауқымдық үлесі	Елді мекеннің типі		Жиілік
			қалалық	ауылдық	
1	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	4,3	47,1	52,9	291
2	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	4,8	70,9	29,1	323
3	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	10,6	22,4	77,6	724
4	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	3,2	51,9	48,1	216
5	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	3,7	52,2	47,8	251
6	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	5,6	40,4	59,6	381
7	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	8,1	80,3	19,7	548
8	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	5,4	54,9	45,1	364
9	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	4,0	44,1	55,9	270
10	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	3,3	41,3	58,7	225
11	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	9,1	18,4	81,6	618
12	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	4,5	71,7	28,3	304
13	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	3,4	46,5	53,5	228
14	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	8,2	62,6	37,4	556
15	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	5,9	100,0	0,0	400
16	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	11,1	100,0	0,0	756
17	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	5,1	100,0	0,0	345

- ҚМДБ-ның жұмысын қабылдау және бағалау, қызметінің түрлі бағыттарына қатысты жамағаттың сенім таныту деңгейін анықтау;
- Қазақстанда ислам дамуының проблемалық салаларын айқындау;
- мұсылмандардың дін саласында жүргізілетін мемлекеттік саясатқа көзқарастарын талдау.

Әлеуметтік зерттеу барысында Қазақстанның барлық аймақтары қамтылып, 6800 респондент қатысты (1-кесте).

Сауалнамаға қатысқан респонденттер өздерін діндар мұсылмандардың санатына жатқызды.

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары (сұралғандардың жалпы саны, %) арқылы халықтың негізгі көрсеткіштері репрезентативтік іріктеудің шеңберінде көрініс тапты, сәйкестілік өлшемі сенімді және қорытынды ақпарат шығаруға мүмкіндік береді.

Көрнекілік үшін респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары 1,2,3,4,5,6,7,8,9 суреттерде көрсетілді.

1-сурет. Жынысы бойынша бөлу (%)

2-сурет. Жасы бойынша бөлу (%)



3-сурет. Қоныстық қатыстылығы бойынша бөлу (%)

4-сурет. Білім деңгейі бойынша бөлінуі (%)



5-сурет. Ұлты бойынша бөлу (%)



6-сурет. Білім деңгейі бойынша бөлінуі (%)



7-сурет. Жұмыспен қамту түрлері бойынша бөлу (%)



8-сурет. Балалар саны бойынша бөлу (%)



9-сурет. Респонденттерді қызмет салалары бойынша бөлу (%)



1.1 Мешітке бару

Мешітке бару – мазхабтарды ұстанатын діндар мұсылмандардың діни іс-әрекеттерінің басты индикаторларының бірі болып есептеледі.

Жалпы, сауланама өткізілгендердің ауқымы бойынша мешітке бару жиілігі келесідей:

26,3%-ы мешітке 1-3 айда 1 рет барады, 25,3% мешітке бармайды, 23,7% мешітке жарты жылда 1 рет және одан сирек барады, 16,9% мешітке аптасына бір рет немесе одан да көп барады, 7,9% мешітке бірнеше жылда 1 рет барады. (10-сурет)

10-сурет. Сіз мешітке жиі барасыз ба? *(ауықымы бойынша, %)*



Жасы бойынша 18-29 жас аралығындағы (18,1%) респонденттердің апталық мешітке келу жиілігі 30-59 аралығындағы орта жас (16,6%) және 60 және одан жоғары жастағы (16%) респонденттерге қарағанда біршама жоғары. (11-сурет)

Өңірлік бөліністегі мешітке келу жиілігі (11-сурет, 2,3-кестелер)

11-сурет. Сіз мешітке жиі барасыз ба? *(жасына байланысты, %)*



2-кесте

№	ӨҢІРЛЕР	Аптасына 1 рет және одан көп, %
1	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	34,5
2	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	31,1
3	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	22,7
4	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	21,4
5	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	20,6
6	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	18,1
7	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	15,9
8	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	15,5
9	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	15,4
10	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	15,3
11	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	15,1
12	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	12,8
13	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	11,0
14	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	10,8
15	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	10,7
16	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	9,0
17	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	4,6

3-кесте

№	ӨҢІРЛЕР	Мешітке бармайды, %
1	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	60,0
2	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	57,5
3	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	56,6
4	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	49,3
5	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	25,1
6	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	24,2
7	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	24,1
8	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	23,1
9	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	20,8
10	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	18,7
11	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	17,0
12	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	10,5
13	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	9,0
14	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	3,6
15	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	3,5
16	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	2,6
17	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	2,1

«Жұма намазына» апта сайын бару міндеті дәстүрлі конфессиялық діндарлықты анықтау бағытындағы ең сенімді маркерлерінің бірі.

Діндарлардың мешітке бармауы – номиналды, конфессиядан тыс немесе дәстүрлі емес діндардарлықтың индикаторына жатқызылады.

12-сурет. Сіз мешітке жиі барасыз ба? *(өңірлер бойынша, %)*



13-сурет. Сіз мешітке бірінші кезекте қандай мақсатпен барасыз? *(ауқым бойынша,%)*



Мешітке барудың мақсаты туралы сұраққа 1584 респондент жауап бермеген, ол іріктеудің 23,3% құрайды және мешітке бармағанын айтқан 25,3% респонденттің санымен сәйкес келеді.

Мешітке бару себептерінің иерархиясы (осы сұраққа жауап бергендердің санынан): 1 орын – діни рәсімдерді орындау - 45,2%, 2 орын – рухани қажеттілік - 42,3%, 3 орын – танымдық мақсаттар – 6%, 4 орын имаммен кездесу – 3,9%, 5 орын – достармен қарым-қатынас үшін - 1,5%, 6 орын – қызығушылық - 1,1% (13-сурет).

Діни рәсімдерді орындау үшін мешітке бару 18-29 жастағы (42,4%) және 30-59 орта жастағы респонденттерге (44,7%) қарағанда 60-тан асқан респонденттерге (52,3%) көбірек тән болып шықты.

14-сурет. Сіз мешітке бірінші кезекте қандай мақсатпен барасыз? *(жасы бойынша, %)*

Мешітке барудың себебін рухани қажеттілік ретінде түсіндіру, керісінше, 60 жастан асқандарға қарағанда (37%), 18-29 жастағыларда (43,4%) және орта жастағы (30-59 жас) респонденттерде байқалады (43,2%).

Жас респонденттер (18-29 жас) «танымдық мақсатта» (6,6%), «имаммен кездесу үшін» (4,4%), «достармен қарым-қатынас үшін» (1,8%), «әуестіктен» (1,4%) сияқты мешітке барудың себептерін жиі көрсетеді (14-сурет).

Діни рәсімдерді орындау мотиві Ақтөбе (63,1%), Қостанай (60,3%), Атырау (56,4%), Маңғыстау (53,2%), Алматы (51,2%), Алматы қаласы (52%), Қызылорда (50,2%), Қарағанды (50,1%), Солтүстік Қазақстан (49,8%), Батыс Қазақстан (43,6%) облыстарында басқа ұстанымдардан басымдық көрсетті.

Діни руханилық мотиві Нұр-Сұлтан (69,8%), Шығыс Қазақстан (65,5%), Түркістан (62,1%), Шымкент қ-сы (55,1%), Жамбыл (52,8%), Павлодар (51,5%) облыстарында басым (13-сурет).

«Имаммен кездесу үшін» мотиві Нұр-Сұлтан қаласындағы 0%-дан Ақмола облысында 11,2%-ға дейін ауқымда орналасқан және арнайы зерттеуді қажет етеді.

«Достармен кездесу үшін» мотиві Нұр-Сұлтан қаласындағы 0%-дан Маңғыстау облысында 9% - ға дейін ауқымда орналасқан және арнайы зерттеуді қажет етеді (15-сурет).

15-сурет. Сіз мешітке бірінші кезекте қандай мақсатпен барасыз? *(өңірлер бойынша, %)*

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	51	33	3,8	11,1	0,7	0,3
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	63,1	23,1	6,2	3,8	0,8	3,1
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	51,2	34	6,8	6,3	1,1	0,5
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	56,4	32,6	7,6	1,2	0	2,3
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	43,6	40,5	6,8	5,5	1,8	1,8
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	25,8	52,8	12,9	3,7	4,3	0,6
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	50,1	30	11,5	5,1	0,9	2,4
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	60,3	32,4	1,9	1,9	1,3	2,2
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	50,2	29,2	9,4	8,2	2,2	0,7
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	53,2	28,8	2,7	5,4	9	0,9
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	31,6	62,1	1,5	3,3	1,1	0,4
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	39,3	51,5	5,8	0,7	2	0,7
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	49,8	30,3	8,1	6,8	3,6	1,4
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	26,4	65,5	5,5	0,2	1,3	1,1
НҰР-СҰЛТАН Қ.	29,7	69,8	0,5	0	0	0
АЛМАТЫ Қ.	52	36,8	6,6	2,8	1	0,7
ШЫМКЕНТ Қ.	36,2	55,1	3,6	2,9	2,2	0

ДІНИ РӘСІМДЕРДІ ОРЫНДАУ
РУХАНИ ҚАЖЕТТІЛІК
ТАНЫМДЫҚ МАҚСАТТА
ИМАММЕН КЕЗДЕСУ ҮШІН
ДОСТАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ҮШІН
ӘУЕСҚОЙЛЫҚТАН

«Сіздің отбасыңызда мешітке кім барады?» деген сұраққа жауап иерархиясы бойынша 35,2% мешітке тек отбасының ересек мүшелері ғана, 22,5% – респонденттің өзі ғана, 17,5% – толық отбасымен, 4,8% – тек әкесі ғана, 2,4% – тек балалар ғана, 0,9% – анасы ғана баратыны анықталды (16-сурет).

16 сурет. Сіздің отбасыңызда мешітке кім барады? *(ауқымы бойынша, %)*



Отбасында кім мешітке жиі баратыны туралы сұраққа жауаптардың қисының жас жағынан саралайтын болсақ, 30-59 жастағы (24,3%) немесе 60 жастан асқан респонденттерге (22,3%) қарағанда 18-29 жастағы респонденттер мешітке аз бараты (18,7%) байқалды. Сондай-ақ, жас респонденттер отбасыларында басқа жас шамасына қарағанда мешітке бүкіл отбасы (18,2%), тек әкесі (6,9%), тек анасы (1,4%), тек ересек отбасы мүшелері (27%) жиі барады (17-сурет).

17-сурет. Сіздің отбасыңызда мешітке кім барады? *(жасы бойынша, %)*



Өңірлік бөлікте мешітке бару үрдісі 18-суретте, 4,5,6,7-кестелерде көрсетілген.

18-сурет. Сіздің отбасыңызда мешітке кім барады? *(өңірлер бойынша, %)*



Өңірлік бөлікте мешітке бару үрдісі анықталды (4,5,6,7-кестелер):

4-кесте. Мешітке ешкім бармайды *(өңірлер бойынша,%)*

№	ӨҢІРЛЕР	Ешкім бармайды
1	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	60,9
2	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	42,5
3	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	25,4
4	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	23,6
5	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	21,2
6	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	19,3
7	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	16,7
8	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	15,7
9	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	11,3
10	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	9,6
11	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	7,8
12	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	7,6
13	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	6,6
14	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	5,6
15	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	2,6
16	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	1,8
17	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	1,7

5-кесте. Барлық отбасы мүшелері мешітке барады *(өңірлер бойынша,%)*

№	ӨҢІРЛЕР	Отбасының барлық мүшесі мешітке барады
1	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	51,6
2	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	48,4
3	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	36,4
4	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	28,7
5	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	23,9
6	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	22,9
7	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	20,0
8	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	19,5
9	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	19,0
10	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	17,8
11	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	13,2
12	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	10,1
13	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	8,8
14	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	2,0
15	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	1,8
16	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	1,5
17	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	1,4

6-кесте. Мешітке тек отбасының ересек мүшелері барады *(өңірлер бойынша,%)*

№	ӨҢІРЛЕР	Тек отбасының ересек мүшелері
1	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	51,8
2	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	49,9
3	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	48,6
4	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	46,5
5	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	45,0
6	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	43,4
7	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	37,9
8	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	36,4
9	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	35,1
10	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	34,5
11	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	33,0
12	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	32,3
13	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	32,0
14	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	31,2
15	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	28,6
16	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	18,9
17	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	1,8

7-кесте. Тек респондент мешітке барады *(өңірлер бойынша,%)*

№	ӨҢІРЛЕР	Тек респондент барады
1	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	71,6
2	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	32,0
3	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	28,2
4	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	26,9
5	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	23,3
6	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	23,1
7	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	23,0
8	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	18,0
9	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	16,0
10	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	15,1
11	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	14,8
12	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	14,3
13	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	13,5
14	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	11,5
15	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	11,4
16	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	10,7
17	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	7,7

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Орта ауқымдық есеппен алғанда, апта сайын мешітке 16,7%-ы барады. Өңірлер бойынша осы индикатор негізінде Атырау облысының 4,6% және Нұр Сұлтан қаласының 34,5% аралығындағы диапазон тіркелді.

Мешітке бару себептері жас топтарында және өңірлерге сәйкес ерекшеленеді.

Мешітке барған кезде жастар (18-29 жас) және орта жастағы адамдар (30-59 жас) үшін діни жоралар мен рәсімдерді орындауға қарағанда діни руханилықпен байланысты себептердің маңыздылығы жоғары. Басқа жастағы топтармен салыстырғанда жас респонденттерде мешітке барудың мақсаттары танымдық ізденіс, имаммен кездесу, достармен қарым-қатынас, қызуғышылық сияқты себептерден туындайды.

1.2 Діни рәсімдер

Отбасында (жалпы сұралғандардың ауқымы бойынша) басымдық берілетін діни рәсімдерді орындалуы:

1 – Зекет беру - 58,2%,
2 – Ораза тұту - 55,2%,
3 – Бес уақыт намаз оқу- 22,6%,
4 – Қажылыққа бару - 15,4% (18-сурет).

18-сурет. Сіздің отбасыңызда діни рәсімдер орындала ма? *(ауқымы, %)*



Жас ерекшелігіне қарасақ, әр түрлі топтағы респонденттердің отбасыларында ораза ұстау мен қажылық жасау сияқты діни рәсімдердің ұқсас тенденциясы бар екендігін көрсетті. Ересек жастағы (60-тан жоғары) респонденттердің отбасыларында намазды жиі оқиды (27,7%) және зекет (62,6%) жасайды (19-сурет).

19-сурет. Сіздің отбасыңызда діни рәсімдер орындала ма? *(жасына байланысты, %)*

Өңірлік бөлікте діни рәсімдерді таңдау мен орындау жиілігінің өзіндік ерекшеліктері бар.

Намазды Қызылорда (52,2%), Түркістан (51,6%), Батыс Қазақстан (50,2%) облыстарында жиі оқиды. Намазды аз оқитын өңірлер – Шығыс Қазақстан (3,6%), Павлодар (10,2%), Нұр-Сұлтан қаласы (20,6%), Солтүстік Қазақстан (11%), Шымкент қаласы (11,9%), Қостанай (12,6%), Атырау (13%) облыстары.

Ораза рәсімін ұстану кеңінен таралып, Шығыс Қазақстан облысындағы 21,4%-дан Қызылорда облысындаға 88,9%-ға дейінгі диапазон тіркелген. Ең аз орындалатын діни рәсімдердің бірі – қажылық (8,9,10,11 кестелер).

8-кесте. Бес уақыт намаз оқу *(өңірлер бойынша, %)*

№	ӨҢІРЛЕР	Иә, орындалады	Жоқ, орындалмайды
1	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	52,2	47,8
2	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	51,6	48,4
3	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	50,2	49,8
4	АЛМАТЫ Қ.	30,3	69,7
5	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	24,1	75,9
6	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	22,3	77,7
7	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	19,5	80,5
8	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	17,8	82,2
9	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	17,1	82,9
10	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	14,5	85,5
11	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	13	87
12	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	12,6	87,4
13	ШЫМКЕНТ Қ.	11,9	88,1
14	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	11	89
15	НҰР-СҰЛТАН Қ.	10,6	89,4
16	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	10,2	89,8
17	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	3,6	96,4

9-кесте. Ораза *(өңірлер бойынша, %)*

№	ӨҢІРЛЕР	Иә, орындалады	Жоқ, орындалмайды
1	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	60,5	39,5
2	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	62,5	37,5
3	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	68,8	31,2
4	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	67,4	32,6
5	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	55	45
6	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	33,1	66,9
7	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	52,7	47,3
8	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	44	56
9	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	88,9	11,1
10	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	47,6	52,4
11	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	73	27
12	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	27,3	72,7
13	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	36,4	63,6
14	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	21,4	78,6
15	НҰР-СҰЛТАН Қ.	47,2	52,8
16	АЛМАТЫ Қ.	72,8	27,2
17	ШЫМКЕНТ Қ.	57,4	42,6

10-кесте. Зекет *(өңірлер бойынша, %)*

№	ӨҢІРЛЕР	Иә, орындалады	Жоқ, орындалмайды
1	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	67,7	32,3
2	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	80,3	19,7
3	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	61,6	38,4
4	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	64,8	35,2
5	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	63,3	36,7
6	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	37,3	62,7
7	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	68	32
8	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	52,5	47,5
9	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	73	27
10	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	52,4	47,6
11	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	77	23
12	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	58,6	41,4
13	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	48,2	51,8
14	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	20	80
15	НҰР-СҰЛТАН Қ.	15,9	84,1
16	АЛМАТЫ Қ.	68,6	31,4
17	ШЫМКЕНТ Қ.	80	20

11-кесте. Қажылыққа бару *(өңірлер бойынша,%)*

№	ӨҢІРЛЕР	Иә, орындалады	Жоқ, орындалмайды
1	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	60,5	39,5
2	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	62,5	37,5
3	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	68,8	31,2
4	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	67,4	32,6
5	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	55	45
6	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	33,1	66,9
7	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	52,7	47,3
8	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	44	56
9	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	88,9	11,1
10	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	47,6	52,4
11	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	73	27
12	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	27,3	72,7
13	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	36,4	63,6
14	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	21,4	78,6
15	НҰР-СҰЛТАН Қ.	47,2	52,8
16	АЛМАТЫ Қ.	72,8	27,2
17	ШЫМКЕНТ Қ.	57,4	42,6

Діни рәсімдердің қатарында марқұмдарды жерлеу (95,4%), құрбан айт, ораза айт және т.б. діни мерекелерді атап өту (94,4%), сүндеттеу (93,2%), қайырымдылық (93,3%), неке қию (86,7%), бала туғанда жасалатын рәсімдер (81,1%) жиі орындалады. (21-сурет)

21-сурет. Сіздің отбасыңызда діни рәсімдер орындала ма *(ауқым бойынша, %)*



Бала туу, неке қию, қайтыс болғандарды жерлеу, марқұмдарды еске алу, сүндеттке отырғызу, ерікті садақа беру сияқты діни рәсімдер мен жоралардың орындалуы жалпы көрсеткіштер бағыты бойынша біркелкі және респонденттердің әртүрлі жас топтары арасында статистикалық жағынан айтарлықтай айырмашылығы жоқ. (22-сурет)

22-сурет. Сіздің отбасыңызда діни рәсімдер орындала ма?



ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Діни рәсімдер мен жораларды орындау және сақтау бойынша өңірлерде айтарлықтай айырмашылықтар айқындалды. Жас бойынша жіктелген топтар арасында діни рәсімдер мен жораларды орындау бағыттарында ерекшеліктер жоқ.

1.3 Діни және зайырлы мерекелер

Мұсылман қаумының күнделікті өмірінде діни және зайырлы құндылықтар мен нормалар орын алады. Бұл діни және зайырлы мерекелерді атап өту барысында көрініс табады. Туған күн (86%) және Жаңа жыл (81,4%) зайырлы мейрамдармен қатар, Құрбан айт (91,1%), Ораза айт (85,5%), көп таралмаған Мәуліт (19,1%) сияқты діни мерекелер аталады. Діндар респонденттердің 85,8%-ы Наурыз күнін мерекелейді (23-сурет)

23-сурет. Аталған мерекелердің қайсысын атап өтесіз *(аумақ бойынша, %)*



Жас шамасы бойынша талдағанда жас респонденттер (18-29 жас) басқа жастың өкілдеріне қарағанда Туған күн (88,9%), Жаңа жыл (82,3%) жиі атап жүрсе, Құрбан айт (89,7%), Ораза айт (84,7%), Мәуліт (17,9%) мерекелеріне сирегірек қатысады. Мәуліт мерекесін 60 жастан асқан респонденттер (23,8%) мерекелейді (24-сурет).

24-сурет. Аталған мерекелердің қайсысын атап өтесіз?



Өңірлік бөліністе Шымкент қаласында (51,3%), Қарағанды облысында (43,8%), Маңғыстау облысында (27,6%), Ақмола облысында (25,8%), Алматы қаласында (19,6%), Қызылорда облысында (18,1%) Мәуліт күнін жиі атап өту орын алады (25-сурет).

25-сурет. Аталған мерекелердің қайсысын атап өтесіз? *(өңірлер бойынша, %)*



ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Респонденттер барлық өңірлерде діни және зайырлы мерекелерді атап өтеді, бірақ түрлі қарқындылық деңгейінде. Жас респонденттер діни күнтізбенің барлық күндерін атап өтеді, ең азы аталатыны Мәуліт күні. Үлкен жастағы топтармен салыстырғанда жастар (18-29 жас) жеке өміріне қатысты мерекелерге (туған күн) және күнтізбелік мейрамдарға (жаңа жыл) көп назар аударады.

1.4 Дін және отбасы

Шынайы діндарлық, әдетте, діни мәселелерді отбасы мүшелері ортасында әңгімелеуді талап етеді. Жалпы ауқым бойынша 20,3% респонденттердің отбасында діни тақырыптар үнемі қозағалады, 52,8% отбасы сирек айтады, 26,9% діни тақырыпты ешқашан талқыламайды (26-сурет).

26-сурет. Сіздің отбасыңызда дін мәселелері талқыланады ма? *(ауқым бойынша, %)*



Жауаптардың жас аралығы дін мәселелері жас отбасыларымен (19,4%) және орта жастағылармен (19,7%) салыстырғанда үлкен жастағы респонденттер отбасыларында (24%) жиі талқыланатынын көрсетеді. (27-сурет)

27-сурет. Сіздің отбасыңызда дін мәселелері талқыланады ма? *(жасына байланысты, %)*



Өңірлік көрсеткіш діни тақырыптағы отбасылық талқылаулардың бірқалыпты еместігін көрсетеді. Атап айтқанда, Нұр-Сұлтанда (42,3%), Маңғыстау облысында (38,2%), Түркістан облысында (32%), Алматы облысында (22,9%), Алматыда (21,5%), Ақмола облысында (19,6%), Атырау облысында (19,1%) дін туралы үнемі айтылады (28-сурет).

28-сурет. Сіздің отбасыңызда дін мәселелері талқыланады ма? *(өңірлер бойынша, %)*



Жалпы сұралғандардың ауқымы бойынша 25,3% діндар мұсылмандар діншілдікті бала кезден дарыту керек деп санайды. 37,4%-ы дін туралы айтқан жеткілікті десе, 37,3%-ы бала есейген шағында өзінің діншіл болуына қатысты мәселені өз бетімен шешеді деген пікірде (29-сурет).

29-сурет. Сіз қалай ойлайсыз, діншілдікті бала кезінен үйрету керек керек пе? *(ауқым бойынша, %)*



Ер адамдар мен әйелдердің балалар бойында діншілдікті қалыптастыру мәселесі бойынша пікірлердің бағыты бірдей және сан жағынан да ұқсас (30-сурет).

30-сурет. Сіз қалай ойлайсыз, діншілдікті бала кезден үйрету керек пе? *(жынысы бойынша, %)*



Жастарға (25,4%) және орта жастағы респонденттерге (24,6%) қарағанда үлкен жастағы респонденттер (60-тан жоғары) діншілдікті бала кезден бастап дарыту керек (28,2%) деп санайды (31-сурет).

31-сурет. Сіз қалай ойлайсыз, діншілдікті бала кезден үйрету керек пе? *(жасы бойынша, %)*



Өңірлік кескінде діндарлардың бала кезінен діншілдікті тәрбиелеу қажеттілігі туралы пікірлері: Нұр-Сұлтан қаласы (58,7%), Маңғыстау (37,8%), Жамбыл (34,6%), Түркістан (33,5%), Алматы (27,7%), Қарағанды (27,6%), Павлодар (27,1%), Қызылорда (24,8%), Қостанай (24,2%) облыстары, Алматы (21,9%) және Шымкент (10,2%) қалалары (32-сурет).

32-сурет. Сіз қалай ойлайсыз, діншілдікті бала кезден дарыту керек пе? *(өңірлер бойынша, %)*



Діншілдік және отбасының патриархаттық моделі өзара байланысты (ер адам – басшы, ұлының мәртебелік рөлі қызына қарағанда жоғары; әйелдерде, қыздарда отбасында бағынышты жағдай, көбіне әйел өмірдің қоғамдық өмірге қосылмаған, жұмыс істемейді, үй шаруасымен және балаларды тәрбиелеумен айналысады).

Жалпы ауқым бойынша зерттеу деректеріне сәйкес, әйелдердің қоғамдық өмірден тыс қалу мүмкіндігін респонденттердің 68,2% мойындайды (оның ішінде: 27,2% - «толық мүмкін» және 39,9% - «ықтималдылығы жоғары»).

Әйелдің бағынышты рөліне негізделген патриархаттық отбасы моделіне 32,9% жол бермейді (оның ішінде: 10% - «ықтималдылығы төмен» және 22,9% - «толық мүмкін емес») (33-сурет).

33-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: отбасында ер адам жұмыс істейді, ал әйел үй шаруашылығымен айналысады *(ауқым бойынша, %)*



Ерлер (31,1%) әйелдерге қарағанда (23,8%) әлдеқайда жиі әйелдер үй шаруасымен айналысуы керек деген пікірде. Әйелдер (36,9%) ерлерге қарағанда (28,3%) өз мәртебесін үй шаруасымен ғана айналысуы керек деген пікірді қолдамайды (34-сурет).

34-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды:
отбасында ер адам жұмыс істейді, ал әйел үй шаруашылығымен айналысады *(жынысы бойынша, %)*



Жас мөлшері бойынша отбасы ішіндегі мәртебедегі гендерлік теңсіздік жастарға (18-29 жас) қарағанда аға буынға (60 жастан жоғары) көбірек тән (35-сурет).

35-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды:
отбасында ер адам жұмыс істейді, ал әйел үй шаруашылығымен айналысады *(жасы бойынша, %)*



Өңірлік тұрғыдан алып қарағанда («толық мүмкін» маркері бойынша), Маңғыстау облысы (60,4%), Жамбыл облысы (49,3%), Атырау облысы (42,6%), Шымкент қаласы (40,3%), Қарағанды облысында (35,4%) әйелдердің отбасындағы рөлі мен мәртебесін патриархаттық түсінудің басымдылығы бар.

Алматы (31,1%), Солтүстік Қазақстан (28,9%), Павлодар (28,9%), Алматы (27,6%), Түркістан (27%) облыстарында әйелдің рөлін дәстүрлі архаикалық қабылдаудың деңгейі жоғары.

36-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: отбасында ер адам жұмыс істейді, ал әйел үй шаруашылығымен айналысады *(өңірлер бойынша, %)*



ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Бала кезінен дінге баса назар аудару, әйелдің орнын патриархалды қатынастар жүйесі бойынша үй шаруасымен шектеу бағытындағы түсінік жастар (18-29 жас) және орта жастағы (20-59 жас) респонденттерге қарағанда аға буынға (60 жастан асқан) тән.

1.5 Ерлер мен әйелдер, ұл балалар мен қыз балалар: кімнің құқығы жоғары?

Ерлер мен әйелдер, ұлдар мен қыздардың құқықтарының сақталу жағдайы теңсіздік тұрғысынан сараланып, әйелдерге қарағанда ерлердің (66,9%) құқықтарының көбірек екендігін айқындалды. Бұл теңсіздікке респонденттердің 32,1% жол бермейтінін көрсетті.

Ұлдар мен қыздардың құқықтарын салыстырғанда жағдай жақсырақ: 44,2% ұлдардың қыздарға қарағанда көбірек құқығы болуы мүмкін десер, 55,8% теңсіздікке жол бермейді. (37-сурет)

37-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: ерлерге әйелдерге қарағанда көбірек құқық берілген *(ауқым бойынша,%)*



Респонденттердің жыныстық кескінінде әйелдердің құқықтарын еркектерге қарағанда екінші дәрежелі деп санайтын ұстаным ерекше назар аударады: ерлердің 37,2% және әйелдердің 28% бұл жағдай ерлерге әйелдерге қарағанда көбірек құқықтар тиесілі деп санайды. Еркектерге (27,7%) қарағанда әйелдер (37,9%) әйелдер мен ерлер арасындағы теңсіздік жағдайы туралы жиі айтады (38-сурет).

38-сурет. *Сіз үшін келесі жағдайлар қаншалықты орынды: ерлер әйелдерге қарағанда көбірек құқыққа ие (жынысы бойынша,%)*



Жас бойынша бөлгенде әр түрлі топтағы респонденттердің пікірлерінің үрдістік және сандық сәйкестігі анықталды. (39-сурет).

39-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: ерлер әйелдерге қарағанда көбірек құқыққа ие *(жасы бойынша,%)*



Өңірлік бөлікте отбасында әйелдердің құқығына шек қою мүмкіндігі бойынша Атырау (92,1%), Жамбыл (89,5%), Солтүстік Қазақстан (80,4%), Маңғыстау (79,5%), Қызылорда (76,3%), Түркістан (73,8%) облыстары көш бастап тұр (40-сурет).

40-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: ерлер әйелдерге қарағанда көбірек құқыққа ие *(өңірлер бойынша, %)*



Жалпы, респонденттердің 55,8% ұлдар мен қыздардың құқықтарындағы теңсіздікке жол берілмейтіндігін мәлімдеді. Құқық теңсіздігіне жол беру көрсеткіші – 44,2% (41-сурет).

41-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: ұлдар қыздарға қарағанда көбірек құқыққа ие (ауқым бойынша,%)



Әйелдерге (39,5%) қарағанда ерлер (49,4%) қыздардан гөрі ұлдарға көбірек құқық беру керек деген пікірде (толық немесе ішінара). Ерлердің 50,6% және әйелдердің 60,4% ұлдар мен қыздардың құқықтарындағы теңсіздікке жол бермейді (42-сурет).

42-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: ұлдар қыздарға қарағанда көбірек құқыққа ие *(жынысы бойынша,%)*



Жас шамасы бойынша жастардың көзқарасы (18-29 жас) басқа топтағы респонденттерге қарағанда анағұрлым демократияшыл ұстанымға жақын.

18-29 жас аралығындағы респонденттердің 57,6%-ы, 30-59 жас аралығындағы топтың 55,6%-ы, 60 асқан топтың 53,5%-ы ұлдар мен қыздардың құқықтық теңсіздігіне жол бермейді.

18-29 жастағылардың 42,4%-ы, 30-59 жастарғылардың 44,4%-ы және 60 асқандардың 46,6%-ы ұлдары мен қыздардың құқықтық теңсіздігі ықтималдылығын мойындайды (43-сурет).

43-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: ұлдар қыздарға қарағанда көбірек құқыққа ие *(жасы бойынша, %)*



Өңірлік бөліністе ұлдардың құқықтарымен салыстырғанда қыздардың құқықтарына дискриминация көбірек Қызылорда облысында («толық мүмкін» және «ықтималдылық жоғары» мәндерінің жиынтығы бойынша – 70,7%), Атырау (65,1%), Қарағанды (54,9%) облыстарында байқалады (44-сурет, 12-кесте).

44-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: ұлдар қыздарға қарағанда көбірек құқыққа ие *(өңірлер бойынша,%)*



12-кесте. Ұлдардың қыздарға қарағанда көбірек құқығы болуын қабылдау иерархиясы *(өңірлер бойынша,%)*

	Пайымдау	ҰЛДАРДЫҢ ҚЫЗДАРҒА ҚАРАҒАНДА КӨБІРЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ	
№	ӨҢІРЛЕР	Толық мүмкін	Ықтималдылығы жоғары
1	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	30,7	34,4
2	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	29,3	24,9
3	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	28,1	42,6
4	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	22,2	23,6
5	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	20,6	29,8
6	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	19,5	22,0
7	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	19,3	23,1
8	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	18,4	27,6
9	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	18,1	23,0
10	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	17,6	29,1
11	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	17,5	31,3

	Пайымдау	ҰЛДАРДЫҢ ҚЫЗДАРҒА ҚАРАҒАНДА КӨБІРЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ	
	ӨҢІРЛЕР	Толық мүмкін	Ықтималдылығы жоғары
12	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	11,4	29,3
13	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	10,9	12,2
14	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	6,0	30,0
15	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	3,8	32,0
16	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	2,9	44,9
17	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	1,1	49,3

Алматы қаласы («толық мүмкін емес» және «төмен ықтималдылық» мәндерінің жиынтығы бойынша – 76,9%), Қостанай (58,5%), Ақмола (59,4%), Алматы (58,9%), Павлодар (54%), Маңғыстау (54,2%) облыстары ұлдары мен қыздарының құқықтарын түсінуде неғұрлым демократияшылдық танытты (44-сурет, 13-кесте)

13-кесте. Ұлдардың қыздарға қарағанда көбірек құқығы болуын қабылдамау иерархиясы *(өңірлер бойынша,%)*

	Пайымдау	ҰЛДАРДЫҢ ҚЫЗДАРҒА ҚАРАҒАНДА КӨБІРЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ БОЛУЫ МҮМКІН ЕМЕС	
№	ӨҢІРЛЕР	Толық мүмкін емес	Ықтималдылығы төмен
1	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	36,4	40,5
2	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	34,9	23,6
3	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	32,8	26,6
4	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	28,2	30,7
5	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	26,0	28,0
6	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	25,8	28,4
7	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	25,0	20,8
8	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	20,1	37,5
9	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	19,1	32,2
10	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	15,5	37,8
11	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	13,2	36,4
12	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	11,9	40,3
13	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	11,3	38,3
14	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	9,3	25,6
15	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	9,2	54,8
16	ҚЫЗЫЛОРА ОБЛЫСЫ	8,1	21,1
17	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	0,5	63,7

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Әйелдер мен қыздардың құқықтарында ерлер мен ұлдардың құқықтарымен салыстырғанда дескриминация орын алуын талдау, оның қолдаушылары барлық топтарда бар екені анықталды: ерлерде, әйелдерде, әр түрлі жас бойынша деңгейлерде. Құқық теңсіздігін қолдау ұстанымы ерлер мен аға буын көзқарастарында нақтырақ көрініс тапты.

1.6 Діни білім

Сауалнамаға қатысқан жауап берушілердің 28% балалары діни білім алғандарын қалайды, бұл ниетті әрбір мұсылманның парызымен байланыстырады. Діндарлардың 63,7% бұны міндетті емес деп санайды. Респонденттердің 8,4% жауап беруге қиналды (45-сурет).

45-сурет. Сіз балаларыңыздың діни білім алғанын қалайсыз ба? *(ауқым бойынша, %)*



Балаларға діни білім қажет деген көзқарасты ерлер (29,6%) әйелдерге қарағанда (26,5%) жиі қолдайды.

46-сурет. Сіз балаларыңыздың діни білім алғанын қалайсыз ба? *(жынысы бойынша, %)*



Жас шамасы бойынша 30-59 жас аралығындағы (26,5%) және 60-тан асқан жастағы (29,6%) респонденттерге қарағанда 18-29 жас аралығындағы респонденттер (30,1%) балаларының діни білім алуын қалайды (47-сурет).

47-сурет. Сіз балаларыңыздың діни білім алғанын қалайсыз ба? *(жасы бойынша, %)*



Өңірлер бойынша аталған сұрақ бойынша қолдау басымдылығы Қызылорда (53,7%) және Түркістан (52,1%) облыстарында көрініс тапты, ол жақтарда респонденттердің жартысынан астамы балаларға діни білім беруді қалайды.

Маңғыстау (40%), Алматы (37,8%), Жамбыл (33,9%), Солтүстік Қазақстан (33,3%), Ақмола (33%), Қарағанды (31,2%), Ақтөбе (29,8%) қалаларында әрбір үшінші респондент балаларға діни білім беруді қалайды.

Алматы (23,7%) және Шымкент қаласында (23,5%), Атырау (20,8%), Қостанай (19,8%) облыстарында әрбір бесінші, Батыс Қазақстан (14,7%) облысында әрбір алтыншы, Павлодар облысында (12,2%) әрбір сегізінші, Нұр-Сұлтан қаласында (9,1%) әрбір оныншы, Шығыс Қазақстан (2,9%) облысында әрбір отыз бесінші респондент балалардың діни білім алуын қалайды (48-сурет).

48-сурет. Сіз балаларыңыздың діни білім алғанын қалайсыз ба? *(өңірлер бойынша, %)*



Жалпы алғанда, оқу орындарына басымдылық беруі келесідей: 54,5% респондент балалары діни білімді медреседе, медресе-колледже, Нұр-Мүбәрәк Ислам Мәдениеті университетінде білім алғанын, 12,6%-ы шетелдік теологиялық орталықта түскенін қалайды. Респонденттің 32,9%-ы сұраққа жауап беруге қиналды (49-сурет).

49-сурет. Сіз балаларыңыздың діни білімді қай жерде алғанын қалайсыз? *(ауқым бойынша, %)*



Жынысы бойынша ерлер (56,4%) әйелдерге (52,8%) қарағанда балаларының діни білімді медресе, медресе-колледждерде, Нұр Мүбарак ислам мәдениеті университетінде алғандарын көбірек қалайды.

Әйелдер (13,7%) ерлерге (11,4%) қарағанда балаларының діни білімді шетелдік теологиялық мекемелерде алуын жиі белгіледі. Жауап беруге қиналғандар саны шамамен тең шықты: әйелдер – 33,5% және ерлер – 32,2% (50-сурет).

50-сурет. Сіз балаларыңыздың діни білімді қай жерде алғанын қалайсыз? *(жынысы бойынша, %)*



Жас ерекшелігі бойынша келесі үрдістер анықталды:

30-59 жастағы (12,8%) және 60 жастан жоғары (8,5%) ересектерге қарағанда 18-29 жастағы респонденттер (14,3%) балаларының шетелдік теологиялық мекемелерге түскенін қалайды. Медресе, медресе-колледж және Нұр-Мүбарак ислам мәдениеті университетін таңдау бойынша 18-29 жастағы (53,8%) және 30-59 жастағы (53,8%) респонденттердің ұстанымдары тең, ал 60 жастан жоғары (53,9%) респонденттерде басымдық байқалады (51-сурет).

51-сурет. Сіз балаларыңыздың діни білімді қай жерде алғанын қалайсыз? *(жасына сәйкес, %)*



Респонденттердің білім деңгейі тұрғысынан діни білім алатын орын туралы пікірлер мынадай:

- аяқталмаған жоғары білімі бар респонденттер (21,5%) басқаларға қарағанда шетелдік теологиялық мекемелерді жиі таңдады.
- аяқталмаған орта (62,2%) және орта білімі бар (61,1%) респонденттер басқаларға қарағанда медресе, медресе-колледж және Нұр-Мүбарак ислам мәдениеті университетін жиі белгіледі (52-сурет).

52-сурет. Сіз балаларыңыздың діни білімді қай жерде алғанын қалайсыз? *(білімі бойынша, %)*

Сондай-ақ, медресе, медресе-колледж, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінде (14-кесте) және шетелдік теологиялық мекемелерде (15-кесте) білім алуды таңдаудың өңірлер бөлінісінде ерекшеліктері анықталды.

Таңдау иерархиясының көрсеткіштері азаюына қарай келтірілген.

14-кесте. Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінде медреседе, медресе-колледжде *(өңірлер бойынша, %)*

№	МӘНІ/ӨҢІРЛЕР	Медреседе, медресе-колледжде, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінде
1	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	82,2
2	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	68,3
3	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	64,0
4	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	60,9
5	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	58,7
6	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	58,3
7	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	51,0
8	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	43,0
9	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	42,1
10	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	40,6
11	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	34,2
12	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	32,0
13	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	20,0
14	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	18,9
15	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	17,2
16	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	5,6
17	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	0,0

15-кесте. Шетелдік теологиялық мекемелерде діни білім беруді таңдау және «жауап беруге қиналамын» позициясы бойынша *(өңірлер бойынша, %)*

№	МӘНІ/ӨҢІРЛЕР	Шетелдік теологиялық мекемелер	Жауап беруге қиналамын
1	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	68,0	0,0
2	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	32,6	8,7
3	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	27,6	55,2
4	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	25,7	55,4
5	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	22,7	16,4
6	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	20,0	60,0
7	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	12,7	53,2
8	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	11,3	46,6
9	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	10,3	46,7
10	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	8,4	27,5
11	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	8,2	40,8
12	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	6,4	11,4
13	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	5,1	26,6
14	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	5,1	54,3
15	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	2,8	91,7
16	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	1,7	40,0
17	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	0,0	100,0

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Өз балаларына діни білім беруді діндар мұсылмандардың барлығы бірдей міндетті санамайды (респонденттердің үштен бір бөлігінен кем). Балаларына діни білім беру қажеттілігі туралы жиі пікір білдіру жас респонденттерде байқалады. Қазақстандағы діни бағыттағы оқу орындарын таңдау шетелдік теологиялық білім беруді таңдаудан басымдық көрсетті. Сонымен бірге, жас респонденттердің (басқа жас топтарымен салыстырғанда) шетелдік теологиялық білімді көбірек қалайтыны байқалды.

Өңірлер бойынша респонденттердің ұстанымында айтарлықтай айырмашылық бар.

1.7 Дін және денсаулық

Жалпы алғанда, діндар мұсылмандардың 86,6%-ы ресми, ал 13,4%-ы халық медицинасына сенім артады (53-сурет).

53-сурет. Сіз көбіне қандай медицинаға сенесіз? *(ауқым бойынша, %)*



Әйелдерге қарағанда (85,8%) ер адамдар (87,6%) ресми медицинаға көбірек сенім артады. Сәйкесінше, ерлерге (12,4%) қарағанда әйелдер (14,2%) халық медицинасына көп сенеді. (54-сурет)

54-сурет. Сіз көбіне қандай медицинаға сенесіз? (жынысы бойынша, %)



Жас шамасына қарай сараласақ, 60 жастан асқан егде жастағы топпен (82,8%) салыстырғанда 18-29 жастағы (87,4%) және 30-59 орта жастағы (87,2%) респонденттер арасында ресми медицинаға сену басым (55-сурет).

55-сурет. Сіз көбіне қандай медицинаға сенесіз? (жасы бойынша, %)

Өңірлік тұрғыдан алғанда, Шымкент қаласында әрбір төртінші (24,7%), Солтүстік Қазақстан (20,6%) және Қызылорда облыстарында (19,5%) әрбір бесінші, Қостанай (16,7%), Алматы (16,3%), Атырау (15,7%), Түркістан (15,7%), Қарағанды (15,3%), Маңғыстау облыстарындада (15,1%) әрбір алтыншы, Алматы қаласы (12,4%) мен Ақмола облысында (12,1%) әрбір сегізінші, Нұр-Сұлтан қаласында (10%), Ақтөбе (10,6%), Жамбыл (9,7%), Батыс Қазақстан облыстарында (9,2%) әрбір оныншы, Шығыс Қазақстан облысында (4%) әрбір жиырма бесінші адам дәстүрлі медицинаға сенім артады (56-сурет).

56-сурет. Сіз көбіне қандай медицинаға сенесіз? *(өңірлер бойынша, %)*



Жалпы жауап беруші респонденттердің 3,7%-ы көріпкел, балгер, халық емшілерінің көмегіне тұрақты түрде жүгінеді екен, сирек – 27,2%, ешқашан – 69,2% (57-сурет).

57-сурет. Сіз көріпкел, балгер, халық емшісінің көмегіне жүгінесіз бе? *(ауқым бойынша, %)*



Әйелдер арасында (4,4% – үнемі, 32,5% – сирек) ерлерге қарағанда (2,8% – үнемі, 21,2% – сирек) көріпкел, балгер және халық емшілерінің көмегіне жүгіну көп орын алады (58-сурет).

58-сурет. Сіз көріпкел, балгер, халық емшісінің көмегіне жүгінесіз бе? *(жынысы бойынша, %)*



Жас көрсеткіші жағынан көріпкел, балгер, халық емшілеріне 60 жастан асқан (5,2% – үнемі, 29,9% – сирек) респонденттер жиі жүгінеді.

18-29 жас аралығындағы респонденттердің 74,1%-ы (үнемі - 3,5%, сирек - 22,4%) көріпкел, балгер және халық емшілер көмегіне мүлдем жүгінбейді (59-сурет).

59-сурет. Сіз көріпкел, балгер, халық емшісінің көмегіне жүгінесіз бе? *(жасы бойынша, %)*



Өңірлік тұрғыдан саралағанда, Атырау облысы (11,1%), Батыс Қазақстан облысы (8%), Ақмола облысы (7,2%), Солтүстік Қазақстан облысы (6,6%), Қызылорда облысы (5,9%), Шымкент қаласы (5,2%), Маңғыстау облысы (4,9%), Алматы облысы (4,5%), Қостанай облысының (4,4%) респондентері көріпкел, балгер, халық емшілерінің көмегіне үнемі жүгінетіндер анықталды (60-сурет).

60-сурет. Сіз көріпкел, балгер, халық емшісінің көмегіне жүгінесіз бе? *(өңірлер бойынша, %)*



Жалпы ауқым бойынша 87,4% респондент вакцинация пайдалы деп санайды және оған оң көзбен қарайды, ал 12,6% респондент вакцинация әртүрлі ауруларға әкеледі деген теріс пікірде (61-сурет).

61-сурет. Сіз вакцинацияға қалай қарайсыз? *(ауқым бойынша, %)*



Вакцинацияға қатысты ерлер мен әйелдердің ұстанымы бірдей (62-сурет).

62-сурет. Сіз вакцинацияға қалай қарайсыз? *(жынысы бойынша, %)*

Респонденттердің барлық жас санатында вакцинацияны қолдау бойынша ұстаным үрдісі бірыңғай.

Жасы үлкен респонденттерде теріс көзқарас пайызы жоғарырақ - 13,8% (63-сурет).

63-сурет. Сіз вакцинацияға қалай қарайсыз? (жасы бойынша, %)



Өңірлер бойынша саралайтын болсақ, Шымкент қаласындағы әрбір төртінші (24,1%), Солтүстік Қазақстан облысында әрбір бесінші (22,8%), Ақмола облысы (16,8%) мен Алматы қаласында (16,8%) әрбір алтыншы, Қызылорда (14,3%) Алматы (13,7%), Атырау (13,4%) облыстарында әрбір жетінші, Жамбыл (12,3%), Маңғыстау (12%) облыстарында әрбір сегізінші, Түркістан облысында (11,1%) әрбір тоғызыншы, Шығыс Қазақстан (10,5%), Батыс Қазақстан (10%) облыстарында әрбір оныншы, Қостанай (9,1%), Павлодар (8,6%), Ақтөбе (8,4%) облыстарында әрбір он бірінші, Қарағанды облысы (7,5%) мен Нұр-Сұлтан қаласында (7%) әрбір он үшінші респондент вакцинацияға теріс көзқарас білдірді (64-сурет).

64-сурет. Сіз вакцинацияға қалай қарайсыз? *(өңірлер бойынша, %)*



Жалпы алғанда ағза мүшелерін ауыстыруға қатысты көзқарас қолдау тапты, «адамның өмірін сақтауға көмектескен жағдайда ғана» деген негіздеме 65,6% респонденттердің жауаптарында тіркелді.

Алайда, ағза мүшелерін ауыстыруға 24,1% респондент толық қарсы, ал 10,3% жауап беруге қиналады (65-сурет).

65-сурет. Сіз ағза мүшелерін ауыстыруға қалай қарайсыз? *(ауқым бойынша, %)*

Ағза мүшелеріне қатысты ерлер мен әйелдердің ұстанымдары сәйкестендірілген және сандық жағынан жақын (66-сурет).

66-сурет. Сіз ағза мүшелерін ауыстыруға қалай қарайсыз? (жынысы бойынша, %)



Ағза мүшелерін ауыстыруға 60 жастан асқан – 59,5%, орта жастағы (30-59 жас) – 65,9% респонденттерге қарағанда жастар арасында (18-29 жас) – 68,5% оң көзқарас қалыптасқан (67-сурет).

67-сурет. Сіз ағза мүшелерін ауыстыруға қалай қарайсыз? (жасы бойынша, %)



Өңірлік бөліністе ағза мүшелерін ауыстыруға қатысты оң және теріс жауаптардың иерархиясы төменде көрсетілген (68-сурет, 16,17-кестелер).

68-сурет. Сіз ағза мүшелерін ауыстыруға қалай қарайсыз? *(өңірлер бойынша, %)*



16-кесте. Ағза мүшелерін ауыстыру туралы оң жауаптардың иерархиясы *(өңірлер бойынша, %)*

№	МӘНІ/ӨҢІРЛЕР	Қолдаймын, егер ол адам өмірін құтқаруға қажет болса
1	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	84,6
2	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	81,0
3	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	76,2
4	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	74,5
5	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	73,7
6	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	73,5
7	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	73,2
8	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	71,3
9	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	69,4
10	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	68,7
11	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	66,0
12	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	56,6
13	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	54,1
14	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	49,2
15	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	49,1
16	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	47,0
17	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	46,4

17-кесте. Ағза мүшелерін ауыстыруға қатысты теріс және ұстанымы жоқ жауаптарының иерархиясы *(өңірлер бойынша, %)*

№	МӘНІ/ӨҢІРЛЕР	Кез келген жағдайда да қолдамаймын	Жауап беруге қиналамын
1	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	43,4	0,0
2	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	40,6	10,3
3	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	36,5	16,5
4	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	32,8	20,8
5	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	29,9	15,9
6	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	27,8	6,2
7	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	27,5	3,8
8	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	24,5	2,0
9	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	23,1	5,6
10	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	22,7	1,2
11	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	21,2	5,6
12	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	18,7	7,6
13	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	18,4	12,2
14	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	15,3	35,4
15	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	14,8	10,6
16	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	13,1	2,2
17	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	6,9	12,1

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Медицина және денсаулыққа байланысты сұрақтар бойынша ерлер мен әйелдер, сондай-ақ әртүрлі жастағы респонденттер арасында айырмашылық анықталған жоқ.

Өңірлерде біршама айырмашылықтар байқалды, алайда діндарлық деңгейі мен сипатының денсаулықты сақтау технологияларына (вакцинация, ағза мүшелерін ауыстыру) қатысты қолдау немесе қолдамау ұстанымдарымен тікелей байланысы анықталмады.

Респонденттер арасында көріпкел, балгер және басқа да оккульттық тәжірибе өкілдеріне жүгінетін адамдардың айтарлықтай жоғары көрсеткіші тіркелді.

2.1 Діншілдік және басқа құндылық бағдарлары

Өмірдегі ең құнды факторлар туралы жауаптарды жіктеу барысында респонденттер барлығынан жоғары жанұяны (91,1%) және денсаулықты (89,4%) бағалайтындығыны айқындалды.

Респонденттер арасында жүргізілген сауалнамада маңызды құндылықтар аралығы анықталды: респондент үшін ортадан төмен құндылық – жұмыс (30,1%), әрбір төртінші респондент материалдық жағдайды таңдайды (24,2%), әрбір сегізінші адам білімді құндылық деп бағалайды (11,8%), әрбір оныншы діндар мұсылман үшін құндылық – дін және сенім (9,6%), әрбір он үшінші респондент патриотизмді (7,4%) және ой еркіндігі мен демократияны атады (7,2%), ал әрбір отыз үшінші респондент (3%) азаматтық белсенділікті көрсетті (69-сурет).

69-сурет. Сіз үшін өмірде ең маңызды не? *(ауқым бойынша, %)*



Ерлер мен әйелдердің құндылықтарына ортақ үрдіс тән және статистикалық жағынан айырмашылығы жоқ. Ерлерде әйелдермен салыстырғанда жұмыс (32,2%), дін және сенім (10,3%), патриотизм (8,6%) сияқты құндылықтар біршама басым (70-сурет).

70-сурет. Сіз үшін өмірде ең маңызды не? *(жынысы бойынша, %)*



Діндар мұсылмандың құндылықтар жүйесінде жас ерекшеліктері бойынша үлкен айырмашылық жоқ. Тек жастарда (18-29 жас) денсаулық (85,9%) пен патриотизм (7,1%) көрсеткіштері төмен екені байқалды.

Басқа жас топтарына қарағанда 18-29 жас аралығындағы респонденттерде білім деңгейі (22,3%) және ой еркіндігі және демократия (8,8%) жоғары бағаланады.

Басқалармен салыстырғанда 60 жастан жоғары респонденттерде (14%) діни сенім құндылығы жоғарырақ бағаланады, ал 18-29 жастағы топта 9,8%-ды, 30-59 жастағы топта 8,3%-ды құрады (71-сурет).

71-сурет. Сіз үшін өмірде ең маңызды не? *(жасына байланысты, %)*



Өңірлік тұрғыдан дін мен сенім құндылығы Атырау облысындағы 15,3%-дан және Шығыс Қазақстан облысындағы 2,2%-ға дейінгі аралық диапазонда көрініс тапты (18-кесте).

18-кесте. Сіз үшін өмірде ең маңызды не? *(өңірлер бойынша, %)*

	Дін, сенім	Денсаулық	Жаңұя	Жұмыс	Білім	Патриотизм	Материалдық жағдай	Ой еркіндігі мен демократия	Азаматтық белсенділік
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	15,3	92,1	95,4	34,7	9,7	4,6	19,4	8,3	3,2
НҰР-СҰЛТАН Қ.	15,0	93,5	95,5	18,0	10,8	21,0	31,3	4,0	1,5
БҚО	14,0	91,6	82,4	25,2	8,8	8,4	34,0	9,6	1,2
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	12,6	88,4	91,8	23,1	8,6	5,3	20,2	7,5	2,9
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	12,4	91,1	92,9	27,1	8,9	5,8	21,8	6,7	6,7
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	12,3	87,4	92,4	37,2	18,6	7,3	11,0	5,7	6,6
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	11,0	92,9	91,6	17,6	18,9	8,9	37,8	7,6	1,0
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	10,3	84,1	91,4	33,8	5,5	2,1	12,1	8,3	4,8
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	10,2	86,8	88,5	40,9	10,4	4,9	22,3	6,0	3,3
АЛМАТЫ Қ.	10,2	91,0	91,9	26,3	13,6	6,6	26,5	8,1	2,9
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	8,9	91,1	81,1	30,7	14,8	2,2	14,8	14,4	1,5
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	7,3	94,0	91,4	27,4	4,6	3,8	23,4	4,9	2,4
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	6,6	90,8	87,5	24,7	9,9	3,9	40,5	6,6	1,6
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	5,9	96,9	95,0	51,7	11,5	0,9	12,4	6,2	0,9
ШЫМКЕНТ Қ.	5,5	92,5	98,6	17,7	3,8	16,2	43,8	6,7	0,9
СҚО	3,1	84,6	88,6	46,5	13,6	3,1	12,3	7,0	2,2
ШҚО	2,2	76,3	88,3	40,5	20,1	14,7	28,8	8,6	5,0

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Діндар мұсылмандардың құндылық санасының құрылымы ерлер мен әйелдер, әр түрлі жастағы қоғам өкілдері арасында айтарлықтай демаркациялық айырмашылықтарды көрсетпейді. Жалпы ауқымы бойынша бірінші-екінші орындарда отбасы (91,1%) және денсаулық (89,4%) құндылықтары, соңғы орындарда азаматтық белсенділік (3%) және бейбітшілік (0,1%) құндылықтары орналасқан. Білім беру (11,6%) және патриотизм (7,4%) арасындағы аралықта дін мен сенімнің құндылығы (9,6%) орналасқан. Жұмыстың құндылығы үшінші орынға шығып (30,1%), материалдық жағдайдан (24,2%) кейінгі орында тұр. Өңірлік кескін бойынша талдаған жағдайда құндылықтар жүйесінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалады.

2.2. Көп әйел алу, ажырасу, толық емес отбасына көзқарас

Сауалнамаға қатысқан діндар мұсылмандардың жауабынан толық емес отбасындағы жалғызбасты ана, көп әйел алу, ажырасу және аборт жасау секілді жағдайларға қатысты көзқарастары анықталды. Дінге сенушілердің басым көпшілігі көп әйел алу (87,6%), аборт жасау (84,1%), ажырасу (80,2%), жалғыз басты анасы ғана бар толық емес отбасы болуын (65,5%) қолдамайды.

Әртүрлі мөлшерде («толық мүмкін» немесе «ықтималдылығы жоғары» жауаптардың жиынтық өлшемінде) жалғыз басты анасы ғана бар толық емес отбасы болуын (34,6%), ажырасу (19,8%), аборт жасау (15,9%), көп әйел алу (12,5%) мүмкіндігіне жол беретіндер саны шығарылды (72-сурет).

72-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: толық емес отбасы (жалғызбасты ана), көп әйел алу, ажырасу, аборт жасау? *(ауқым бойынша, %)*



Толық емес отбасы, көп әйел алу, ажырасу және аборт жасау жағдайларын қабылдау бойынша ерлер мен әйелдердің көзқарастары бірдей емес.

Әйелдер (мүмкін болу жиынтығы - 37%) ерлермен салыстырғанда (мүмкін болу жиынтығы – 31,7%) жалғызбасты ананың жағдайына түсіністік танытады.

Әйелдер (17,4%) ерлерге қарағанда (14,4%) аборт жасау жағдайына түсіністікпен қарайды.

Әйелдер (21,2%) ерлерге қарағанда (18,3%) ажырасу жағдайы орын алу мүмкіндігін мойындайды.

Ерлер арасында (қолдау жиынтығы – 19%, қолдамау жиынтығы – 81%) әйелдерге қарағанда (қолдау жиынтығы – 4,7%, қолдамау жиынтығы – 95,3%) көп әйел алу мүмкіндігіне көбірек оң көзқарас танытылды (73-сурет).

73-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды:
толық емес отбасы (жалғызбасты ана), көп әйел алу, ажырасу, аборт жасау? *(жынысы бойынша, %)*



	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер
	Толық мүмкін		Ықтималдылығы жоғары		Ықтималдылығы төмен		Толық мүмкін емес	
Толық емес отбасы (жалғызбасты ана)	6,4	7,6	25,3	29,4	37,5	32,9	30,8	30
Аборт жасау	0,8	1,3	13,6	16,1	29,8	28,3	55,9	54,3
Ажырасу	1,4	2	16,9	19,2	30,2	26,4	51,6	52,3
Көп әйел алу	4,9	1,3	14,1	5,4	26,8	24,4	54,2	68,9

Жас ерекшеліктері бойынша топтарда барлық индикаторлар бойынша ортақ бағыттағы ұстанымдар анықталып, олардың ішінде 60-тан асқан респонденттер арасында консервативті көзқарасқа жақын көрсеткіштер шығарылды – толық емес отбасы (32,6%), аборт жасау (14,1%), ажырасу (18,1%), көп әйел алу (1,67%).

Жастар арасында (18-29 жас) мүмкін болуы («толық мүмкін» және «ықтималдылығы жоғары» жиынтығы) бойынша көрсеткіштер келесідей: толық емес отбасы (жалғызбасты аналар) – 33,2%, аборт тастау – 15,4%, ажырасу – 19,9%, көп әйел алу – 32,2%.

Көп әйелу мүмкіндігін қолдаушылардың ең көп саны 30-59 жас арасындағы топта кездесіп, оның көрсетікіші 7,52% құрады (74-сурет).

74-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды:
толық емес отбасы (жалғызбасты ана), көп әйел алу, ажырасу, аборт жасау? *(жасы бойынша, %)*



	18-29 жас	30-59 жас	60 жас және жоғары	18-29 жас	30-59 жас	60 жас және жоғары	18-29 жас	30-59 жас	60 жас және жоғары	18-29 жас	30-59 жас	60 жас және жоғары
	Толық мүмкін			Ықтималдылығы жоғары			Ықтималдылығы төмен			Толық мүмкін емес		
Толық емес отбасы (жалғызбасты ана)	7,5	7,1	6	25,7	28,5	26,6	34	35,5	35,5	32,8	28,9	31,9
Аборт жасау	1,1	1,1	0,9	14,3	15,7	13,2	29	29,5	26,8	55,5	53,8	59,1
Ажырасу	1,7	1,8	1,3	18,2	18,4	16,8	28,5	28,7	25,5	51,5	51,1	56,4
Көп әйел алу	0,76	1,73	0,47	2,46	5,79	1,2	23,9	26,3	25,6	64,1	60,7	63,2

Қоғамда ең көп талқыланатын көп әйел алу тақырыбын өңірлер бойынша қарайтын болсақ, ең көп қолдайтындарға («толық мүмкін» және «ықтималдылығы жоғары» мәндерінің қосындысы) Жамбыл облысы (48,8%), Шымкент қаласы (37,8%) жатады, ең төмен қолдау Шығыс Қазақстан облысында (5,2%) тіркелді (19-кесте).

19-кесте. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: көп әйел алу? *(өңірлер бойынша, %)*

№	МӘНІ/ӨҢІРЛЕР	Толық мүмкін	Ықтималдылығы жоғары	Ықтималдылығы төмен	Толық мүмкін емес
1	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	13,6	35,2	33,9	17,3
2	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	7,4	5,8	13,2	73,6
3	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	7,0	30,8	46,5	15,7
4	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	4,9	9,4	20,5	65,2
5	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	3,6	6,2	13,0	77,2
6	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	3,1	3,1	22,4	71,5
7	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	2,9	6,0	13,8	77,4
8	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	1,8	7,5	12,4	78,3
9	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	1,8	4,9	13,1	80,2
10	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	1,3	10,3	64,6	23,9
11	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	0,9	7,9	15,4	75,8
12	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	0,8	5,2	61,8	32,1
13	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	0,7	12,7	29,5	57,1
14	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	0,5	2,3	19,7	77,5
15	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	0,3	4,1	18,2	77,3
16	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	0,3	10,6	31,0	58,1
17	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	0,0	5,2	40,5	54,2

Жалғызбасты ана мен толық емес отбасы жағдайы мүмкіндігін әртүрлі модальді қатынаста («толық мүмкін» және «ықтималдылығы жоғары») қолдайтындардың жағары саны Шығыс Қазақстан (77,6%), Жамбыл (64,5%), Қостанай (44,5%), Маңғыстау (41,3%), Солтүстік Қазақстан (35%), Атырау (32%) облыстарында тіркелді (20-кесте).

20-кесте. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: толық емес отбасы, жалғызбасты ана? *(өңірлер бойынша, %)*

№	МӘНІ/ӨҢІРЛЕР	Толық мүмкін	Ықтималдылығы жоғары	Ықтималдылығы төмен	Толық мүмкін емес
1	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	24,1	7,9	35,2	32,9
2	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	19,5	25,0	17,9	37,6
3	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	16,4	24,9	28,4	30,2
4	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	11,8	23,2	32,5	32,5
5	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	9,4	55,1	24,7	10,8
6	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	9,0	17,6	30,0	43,4
7	ШЫМКЕНТ	8,7	36,2	50,4	4,6
8	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	8,2	14,5	55,0	22,3
9	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	7,3	17,5	38,1	37,0
10	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	6,0	26,8	30,9	36,3
11	АЛМАТЫ	5,2	18,5	29,0	47,4
12	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	5,0	26,9	27,2	40,9
13	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	3,2	29,6	53,6	13,6
14	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	3,1	12,6	37,1	47,2
15	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	2,6	25,7	42,4	29,3
16	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	0,7	76,9	15,9	6,5
17	НҰР-СҰЛТАН	0,0	12,9	71,4	15,7

Ажырасу мүмкіндігін қолдайтын өңірлер көрсеткіші: Шығыс Қазақстан облысы (61,2%), Жамбыл облысы (44,7%), Шымкент қаласы (40,9%), Маңғыстау облысы (31,1%), Батыс Қазақстан облысы (28,4%). Ажырасуды қолдайтындардың ең төмен көрсеткіші Қызылорда (0,8%) және Атырау (0,9%) облыстарында тіркелді (21-кесте).

21-кесте. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: ажырасу? *(өңірлер бойынша, %)*

№	МӘНІ/ӨҢІРЛЕР	Толық мүмкін	Ықтималдылығы жоғары	Ықтималдылығы төмен	Толық мүмкін емес
1	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	0,2	61,0	27,7	11,2
2	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	0,6	40,3	41,7	17,4
3	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	4,5	40,2	36,5	18,9
4	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	1,6	26,8	41,6	30,0
5	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	0,0	19,4	34,2	46,4
6	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	13,3	17,8	14,2	54,7
7	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	3,6	16,5	23,6	56,3
8	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	0,5	15,1	63,1	21,4
9	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	1,3	14,0	28,5	56,1
10	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	2,9	12,6	25,4	59,1
11	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	0,7	10,2	17,8	71,2
12	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	0,3	7,9	25,8	66,0
13	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	0,0	7,5	29,8	62,7
14	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	2,4	6,5	19,1	72,1
15	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	0,6	6,1	15,2	78,0
16	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	0,0	0,9	26,6	72,4
17	ҚЫЗЫЛОРА ОБЛЫСЫ	0,4	0,4	37,3	61,9

Аборт жасауға бару ықтималдылығы бойынша көрсеткіштер Шығыс Қазақстан (61,7%), Жамбыл (34,3%), Шымкент (26,4%), Батыс Қазақстан (20,8%) облыстарында жоғары болса, Атырау (2,3%), Қызылорда (3,4%) облыстарында төмен (22-кесте).

22-кесте. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: аборт жасау? *(өңірлер бойынша, %)*

№	МӘНІ/ӨҢІРЛЕР	Толық мүмкін	Ықтималдылығы жоғары	Ықтималдылығы төмен	Толық мүмкін емес
1	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	0,4	61,3	27,2	11,2
2	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	3,1	31,2	44,1	21,5
3	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	0,6	25,8	59,4	14,2
4	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	0,8	20,0	44,4	34,8
5	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	1,8	16,4	12,4	69,3
6	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	0,3	12,5	65,7	21,6
7	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	0,3	10,9	29,8	58,9
8	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	2,0	10,4	25,5	62,0
9	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	1,3	10,1	29,4	59,2
10	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	3,3	9,9	25,5	61,3
11	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	0,0	8,9	30,2	60,8
12	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	1,6	6,6	18,5	73,3
13	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	0,6	6,3	28,9	64,2
14	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	0,1	5,7	18,6	75,6
15	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	0,5	5,0	13,4	81,1
16	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	0,4	3,0	21,3	75,4
17	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	0,9	1,4	26,2	71,5

Халықтың діни дәстүрі мен менталитетінде а) некеден тыс бала тууды шешкен жалғызбасты аналар, б) көп әйел алу, в) ажырасу, г) аборт жасау сияқты жағдайларға қатысты құндылық коннотациялар әрдайым сәйкес келе бермейді, тіпті кейде түбегейлі қарама-қайшы, оның ерекшеліктері өңірлер бойынша көрсеткіштерде нақты айқындалды.

Ерлер мен әйелдердің, әртүрлі жастағы топтағы респонденттердің ұстанымдарының жалпы бағыты сәйкес келеді, негізгі айырмашылықтар сандық мөлшерлердің ерекшеліктерінде көрініс тапты.

2.3 Отбасындағы зорлық-зомбылық: қалыпты ма немесе ауытқу ма?

Жалпы алғанда ауқым бойынша балалар мен әйелдеріне қатысты зорлық-зомбылыққа жол беруге деген көзқарасқа діндар мұсылмандардың басым көпшілігі қарсы екенін байқатты. Тек 6% респондент ата-анасының баласын ұрып-соғуға, 2,9% күйеуінің әйеліне қол көтеруіне қарсылық танытпайды (75-сурет).

75-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: ата-анасының баласын ұрып-соғуы? (ауқым бойынша, %)



Әйелдер (94,4%) ерлерге қарағанда (93,5%) ата-анасының балаларын ұрып-соғуына жол берілмеуін жиі атады. Сонымен қатар, әйелдер (98%) ерлерге қарағанда (96%) күйеуінің әйеліне қол көтеруіне қарсы пікірді жиі белгілеп отыр (76-сурет).

76-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: ата-анасының баласын ұрып-соғуы? *(жынысы бойынша, %)*



Жас шамасы бойынша жіктелген респонденттердің әртүрлі топтарында балалар мен әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету мәселелеріне қатысты ұстанымдары ұқсас келеді және сандық көрсеткіші де жақын (77-сурет).

77-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: ата-анасының балаларын ұрып-соғуы, күйеуінің әйелін ұрып-соғуы? *(жасы бойынша,%)*

	Толық мүмкін			Ықтималдылығы жоғары			Ықтималдылығы төмен			Толық мүмкін емес		
	18-29 жас	30-59 жас	60 жас және жоғары	18-29 жас	30-59 жас	60 жас және жоғары	18-29 жас	30-59 жас	60 жас және жоғары	18-29 жас	30-59 жас	60 жас және жоғары
Ата-ананың баласын ұрып-соғуы	0,5	0,8	0,7	5,1	5,4	5,2	19,6	20,2	20,3	74,7	73,6	73,8
Күйеуінің әйелін ұрым-соғуы	0,5	0,6	0,8	1,6	2,4	3,1	15	17,1	15,8	83	79,9	80,4

Өңірлік тұрғыдан алғанда Жамбыл облысы (27,5%) және Шымкент қаласы (14,2%) ата-аналарының балаларын ұрып-соғу мүмкіндігін жиі қолдайтын өңірлер болып шықты. Орын алуы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен өңірлер – Нұр-Сұлтан қаласы (0,3%), Солтүстік Қазақстан (0,3%) және Шығыс Қазақстан (0,4%) облыстары (23-кесте).

23-кесте. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: ата-анасының балаларын ұрып-соғуы? *(өңірлер бойынша, %)*

№	МӘНІ/ӨҢІРЛЕР	Толық мүмкін	Ықтималдылығы жоғары	Ықтималдылығы төмен	Толық мүмкін емес
1	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	4,5	23,0	44,2	28,3
2	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	2,5	7,7	18,7	71,2
3	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	1,6	4,7	15,5	78,2
4	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	0,9	9,8	33,8	55,6
5	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	0,5	,9	18,2	80,4
6	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	0,5	6,6	17,0	75,9
7	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	0,4	1,1	6,4	92,2
8	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	0,4	1,9	20,6	77,2
9	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	0,3	5,2	13,8	80,6
10	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	0,1	5,5	16,6	77,7
11	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	0,0	1,6	6,9	91,5
12	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	0,0	1,6	55,4	43,0
13	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	0,0	3,3	23,5	73,2
14	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	0,0	0,4	5,7	93,8
15	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	0,0	,7	23,7	75,6
16	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	0,0	,3	16,3	83,5
17	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	0,0	14,2	27,2	58,6

Күйеуі әйелін ұрып-соғу мүмкіндігін қолдау бойынша жоғары көрсеткіш Жамбыл облысында (29,7%) тіркелді (24-кесте).

24-кесте. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: күйеуінің әйелін ұрып-соғуы? *(өңірлер бойынша, %)*

№	МӘНІ/ӨҢІРЛЕР	Толық мүмкін	Ықтималдылығы жоғары	Ықтималдылығы төмен	Толық мүмкін емес
1	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	6,9	22,8	40,2	30,2
2	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	0,9	2,2	16,9	80,0
3	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	0,8	0,0	55,8	43,4
4	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	0,6	1,3	5,7	92,5
5	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	0,6	,8	12,6	85,9
6	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	0,5	1,1	11,5	86,8
7	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	0,4	0,4	27,6	71,6
8	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	0,3	1,0	7,6	91,0
9	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	0,2	0,5	4,0	95,3
10	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	0,1	2,4	13,5	84,0
11	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	0,0	1,8	10,4	87,8
12	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	0,0	0,9	11,7	87,4
13	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	0,0	0,7	14,9	84,5
14	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	0,0	0,0	5,7	94,3
15	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	0,0	0,2	21,0	78,8
16	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	0,0	0,0	15,5	84,5
17	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	0,0	2,0	24,3	73,6

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Балалар мен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың орын алу мүмкіндігін зерттеу барысында, қоғамдық өмірде және оның ішінде діндарлардың арасында да бұл құбылыс толық жойылмағаны анықталды. Балалар мен әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету ықтималдылығы бойынша Жамбыл облысында, ал балаларға қатысты зорлық-зомбылық жол беру бойынша Шымкент қаласында ең жоғары көрсеткіштер тіркеліп отыр.

2.4 Қоғамдағы және өзіне қатысты зорлық-зомбылық

Зорлық-зомбылық факторының өлшемі оның басқа адамдарға және респонденттің өзіне (өзіне-өзі қол жұмсау) жасау ықтималдылығының индикаторы бойынша шығарылды. Жалпы респонденттер санына сәйкес діндар мұсылмандардың басым көпшілігі өзіне-өзі қол жұмсауға және басқа адамдарға қатысты зорлық-зомбылық көрсетуге мүлдем төзбеушілік танытатыны анықталды (78-сурет).

78-сурет. Басқа адамдарға және өзіне қатысты зорлық-зомбылыққа жол беруді бағалау *(ауқым бойынша, %)*



79-сурет. Басқа адамдарға және өзіне қатысты зорлық-зомбылыққа жол берілуін бағалау *(жынысы бойынша, %)*

Жасы жағынан жіктелген топтарда басқа адамдарға қарсы зорлық-зомбылық көрсету, сондай-ақ өзіне-өзі қол жұмсау жағдайлары мүлдем төзбеушілік шеңберінде орналасқан (80-сурет).

80-сурет. Сіз үшін келесі жағдай қаншалықты орынды: басқа адамдарға қарсы зорлық-зомбылық, өзіне-өзі қол жұмсау? *(жасы бойынша, %)*



ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Осы зерттеудің респонденттері болған діндар мұсылмандар тарапынан басқа адамдарға зорлық-зомбылық көрсету, сондай-ақ өзіне-өзі қол жұмсау жағдайларына мүлдем төзбеушілік танытылды, яғни олар осындай қадамдарды іс-әрекеттің ұйғарымды үлгісі ретінде қабылдамайды.

2.5 Қоғамдағы төзімсіздік көріністері

Қоғамдағы төзімсіздік көріністері бірнеше проекция негізінде, оның ішінде респондент-термен басқа діндердің және исламның басқа бағыттарының өкілдеріне қатысты төзбеушілік тудыратын уағыздарды кездесу индикаторы бойынша өлшенді. Аталған құбылыстың орын алатыны анықталды (81-сурет).

81-сурет. Сіз Қазақстанда өзге діндердің немесе исламның басқа бағыттарының өкілдеріне төзбеушілік тудыратын уағыздарды кездестірдіңіз бе? *(ауқым бойынша, %)*



Өңірлік бөліністе респонденттердің басқа дін өкілдеріне қатысты төзбеушілік насихаттауын кездестіруі Нұр-Сұлтан қаласындағы 0,3%-дан Батыс Қазақстан облысындағы 20,2%-ға аралығындағы диапазонда көрініс тапты (82-сурет).

82-сурет. Сіз Қазақстанда өзге діндердің өкілдеріне төзбеушілік тудыратын уағыздарды кездестірдіңіз бе? *(өңірлер бойынша,%)*



Исламның басқа бағыттарының өкілдеріне қатысты төзбеушілікті насихаттау жағдайлары Шығыс Қазақстан облысындағы 0,2% және Маңғыстау облысындағы 20,4% аралылығындағы диапазонды қамтыды (83-сурет).

83-сурет. Сіз Қазақстанда исламның басқа бағыттарының өкілдеріне төзбеушілік тудыратын уағыздарды кездестірдіңіз бе? *(өңірлер бойынша, %)*

Респонденттер басқа нәсіл өкілдеріне (4,1%) және жынысына (4,4%) қатысты төзбеушілікті насихаттау көріністеріне қарағанда, өзге ұлт өкілдеріне деген төзбеушілікті (7,6%) көбірек кездескен (83-сурет).

84-сурет. Сіз Қазақстанда өзге ұлт өкіліне, нәсілге, жыныс айырмашылығы бойынша төзбеушілік насихатталған жағдайларды байқадыңыз ба? (ауқым бойынша, %)



Жыныс бойынша келесідей акценттер анықталды:

- әйелдерге (7,4%) қарағанда ерлер (9,6%) исламның басқа бағыттарының өкілдеріне қарсы уағыздарды жиі кездеседі,
- әйелдерге (6,3%) қарағанда ерлер (7,9%) өзге дін өкілдеріне қарсы уағыздарды жиі кездесетіні анықталды,
- әйелдерге (7,2%) қарағанда ерлер (8%) өзге ұлт өкілдеріне қатысты төзбеушілікті уағыздау жағдайларымен жиі кездеседі,
- әйелдерге (3,6%) қарағанда ерлер (4,7%) өзге нәсілдердің өкілдеріне қатысты төзбеушілік уағыздарына жиі жолыққан,
- әйелдерге (4%) қарағанда ерлер (4,8%) өзге жыныс өкілдеріне қатысты төзбеушілік уағыздарын жиі кездескен (85-сурет).

85-сурет. Сіз Қазақстанда өзге діндердің, исламның басқа бағыттарының, ұлтардың, нәсілдердің, жыныстың өкілдеріне қарсы төзбеушілік насихаттау жағдайларын кездестірдіңіз бе? (жынысы бойынша, %)



18-29 жас арасындағы респонденттер басқа жас топтарындағы респонденттерге қарағанда исламның басқа бағыттарының(9,4%), өзге ұлттардың (8,3%), өзге жыныстың (5,5%), өзге нәсілдердің (4,5%) өкілдеріне қарсы төзбеушілік қалыптастыруға бағытталған уағыздармен жиі кездеседі (86-сурет).

86-сурет. Сіз Қазақстанда өзге діндердің, исламның басқа бағыттарының, ұлтардың, нәсілдердің, жыныстың өкілдеріне қарсы төзбеушілік насихаттау жағдайларын кездестірдіңіз бе? (жасы бойынша,%)



	Кездестім			Кездестірген жоқпын		
	18-29 жас	30-59 жас	60 жас және жоғары	18-29 жас	30-59 жас	60 жас және жоғары
Өзге жыныс	5,5	4	3,8	94,5	96	96,2
Өзге нәсілдер	4,5	3,9	4,1	95,5	96,1	95,9
Өзге ұлттар	8,3	7,3	7,5	91,7	92,7	92,5
Исламның басқа бағыттары	9,4	8,5	6,2	90,6	91,5	93,8
Өзге дін	6,8	7,3	6,5	93,2	92,7	93,5

Өңірлік көрсеткіште өзге ұлт өкілдеріне қатысты төзбеушілік насихаттау көріністерімен Нұр-Сұлтандағы респонденттер мүлдем кездеспеген, ал Қызылорда облысында респонденттердің 26,3%-ы кездесіп, аталған көрсеткіш ең үлкен өңірлік пайызды құрады (87-сурет).

87-сурет. Сіз Қазақстанда өзге ұлт өкілдеріне қатысты төзбеушілік насихатталған жағдайларды кездестіңіз бе? (өңірлер бойынша, %)



ҚОРЫТЫНДЫ

Өзге діндердің, исламның басқа бағыттарының, өзге жыныстың, өзге ұлттардың, өзге нәсілдердің өкілдеріне қарсы бағытталған төзбеушілік уағыз-насихаттардың орын алуын әйелдерге қарағанда ер адамдар, сондай-ақ 18-29 жас аралығындағы респонденттер жиі кездестіреді.

III МҰСЫЛМАНДЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ТҮСІНУ

3.1 Шынайы діндардың сипаттамалары

Зерттеу барысында респонденттердің мұсылмандық бірегейлікті бірнеше өлшемдер арқылы түсінетіні айқындалды.

Респонденттердің жалпы ауқымын алатын болсақ, шынайы діндардың өлшемшарттары туралы сұрақ бойынша жауаптар реттілігі келесідей бөлінді:

1-орын – «Нағыз діндар болу үшін Аллаға сенудің өзі жеткілікті негіз болып табылады» (40,3%), 2-орын – «Исламның барлық қағидаттарын орындау міндетті емес, бірақ Аллаға сенім міндетті және игі істер жасау қажет» (33,1%), 3-орын – «Аллаға сенім, сондай-ақ исламның намаз, ораза, зекет, қажылық және т.б парыздарын міндетті түрде орындау» (24,4%), 4-орын – «Исламның барлық талаптарын қатаң орындауға, соның ішінде ислам құндылықтарын өз мүдделерінен жоғары қоюға дайын болу» (2,3%). Жауаптар реттілігі төменде көрсетілді (88-сурет).

88-сурет. Сіздің ойыңызша, шынайы діндарды қандай белгілермен сипаттауға болады? (ауқым бойынша, %)



Жас ерекшеліктері бойынша талдайтын болсақ, барлық топтарыда шынайы діндарды сипаттайтын ұстанымдардың жалпы үрдісі ұқсас және сандық жағынан бір-біріне сәйкес келеді. Ислам құндылықтарын өз мүдделерінен, өмірінен, отбасынан және мемлекеттен жоғары қоюға дайын болу 19-29 жастағы (2,1%) және 30-59 жастағы (2,2%) респондентермен салыстырғанда 60 жастан асқан респонденттерге (2,9%) көбірек тән екендігі анықталды (89-сурет).

89-сурет. Сіздің ойыңызша, шынайы діндарды қандай белгілермен сипаттауға болады? (жасы бойынша, %)



Өңірлер тұрғысында шынайы діндарды сипаттайтын өлшемшарттар әртүрлі пікірлерді қамтиды. Ислам құндылықтарын өз мүдделерінен, өмірінен, отбасынан және мемлекеттен жоғары қоюға дайын болу респонденттерге әртүрлі дәрежеде тән. Оның ішінде, Маңғыстау облысында – 8%, Қарағанды облысында – 5,2%, Шығыс Қазақстан облысында – 4,2%, Павлодар облысында – 3,3%, Батыс Қазақстан облысында – 3,2%, Қостанай облысында – 2,7%, Алматы қаласында – 2,6%, Солтүстік Қазақстан облысында – 2,2%, Алматы облысында – 1,9%, Түркістан облысында – 1,5%, Қызылорда облысында – 1,1%, Ақмола облысында – 0,7%, Ақтөбе облысында – 0,6%, Шымкент қаласында – 0,6%, Атырау облысында – 0,5%), Жамбыл облысында – 0,3%, Нұр-Сұлтан қаласында – 0% құрады (90-сурет).

90-сурет. Сіздің ойыңызша, шынайы діндарды қандай белгілермен сипаттауға болады? (өңірлер бойынша, %)



ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Діннің мүддесін бәрінен жоғары қоюға дайын болу өлшемшартын талдай отырып, мемлекетіміздегі (бұрын белгілі болған «шиеленісті ошақтардан» басқа) қауіпті мәселері бар өңірлер қатары Шығыс Қазақстан, Павлодар және Қостанай облыстары есебінен кеңейгенін атап кету қажет.

3.2. Басқа дін өкілдерімен қарым-қатынас

Қазақстандық қоғамда әртүрлі діндердің өзара қатынасы сыйластық немесе толерант-тылық ұстанымен ерекшеленеді.

Зерттеу барысында респонденттерге құрмет пен толеранттық (төзімділік, бейтараптылық) немесе интолеранттық (төзбеушілік) сияқты ұстанымдар қандай дәрежеде тән екендігі анықталды.

Жалпы ауқымдағы жауаптардың жіктелуі келесідей: барлық діндерге құрметпен қарау – 62,5%, бейтарапты (толерантты) – 22,8%, аксиологиялық тұрғыдан анықталмаған «дінге бай-ланысты» деген жауап – 11,3%, теріс, интолерантты көзқарас – 3,4% (91-сурет)

91-сурет. Өзге діндердің (діни ағымдардың) өкілдеріне көзқарасыңыз қандай? (ауқымы бойынша, %)



Жыныс бойынша алғанда ерлер мен әйелдердің көзқарас бағыты ұқсас және сандық жағынан сәйкес келеді (92-сурет).

92-сурет. Өзге діндердің (діни ағымдардың) өкілдеріне көзқарасыңыз қандай? (жынысы бойынша, %)



Жас ерекшелігіне сәйкес келесідей ұстанымдар айқындалды:

1) Өзге діндердің өкілдеріне құрметпен қарау ұстанымы бойынша 18-29 жастағы (61,8%) және орта жастағы (61,9%) респонденттерге қарағанда 60 жастан жоғары респонденттердің (65%) көзқарасында басымдық байқалады.

2) 30-59 жастағы (22,5%) және 60 жастан жоғары (18,4%) жастағы респонденттерге қа-рағанда 18-29 жас аралығындағы респонденттерде толеранттылық (бейтараптылық, маған «бәрібір» мағынасында) көзқарастың жоғары үлесі (25,7%) анықталды.

3) Өзге дінді (ағымды) ұстанатын адамдарға деген таңдамалы қатынас («дінге байланы-сты» жауабын белгілеу) 18-29 жастағы респондеттермен салыстырғанда (9,1%) 30-59 жастағы орта топта (22,5%) және 60 жастан асқан (12,3%) респонденттерде жиі кездеседі.

4) Барлық жастағы топтарда өзге діндердің өкілдеріне деген теріс көзқарас мәнінде те-пе-теңдік тіркеліп, 3,4%-ды құрады (93-сурет).

93-сурет. Өзге діндердің (діни ағымдардың) өкілдеріне көзқарасыңыз қандай? (жасы бойынша, %)



Өңірлер көрсеткішінде ерекшеліктер анықталды:

1) Түркістан облысында (12,3%), Қызылорда облысында (9%), Атырау облысында (8,8%), Алматы облысында (3,6%), Алматы қаласында (3,4%), Ақтөбе облысында (3,1%), Қостанай облысында (3%), Маңғыстау облысында (2,2%), Батыс Қазақстан облысында (2%) өзге діндердің өкілдеріне теріс көзқарастар тіркелді;

2) Өзге діндердің өкілдеріне деген бейтарапты көзқарас бойынша Нұр-Сұлтан қаласындағы 8%-дан Солтүстік Қазақстан облысындағы 53,1%-ға дейінгі диапазон айқындалды (94-сурет).

94-сурет. Өзге діндердің (діни ағымдардың) өкілдеріне көзқарасыңыз қандай? (өңірлер бойынша, %)



Зерттеу барысында басқа дін өкілдеріне деген интолерантты (3,4%), екпінді бағытталған (11,3%), бейтарапты (22,8%), құрметпен қарау (62,5%) көзқарастардың көлемдері көрсетілді. Сонымен қатар, толерантты (бейтарапты) және теріс көзқарастардың үлкен лакуналары қалыптасқаны анықталды.

3.3 Дінге көшу – мұсылмандық парыз

Сауалнама жүргізілген респонденттер ауқымы бойынша, өз дініне басқа адамды ауыстыру мұсылманның парызы болып міндеттелмейді деген пікірде – 77,1%, әр мұсылманның міндетті санайды – 15,2%, жауап беруге қиналды – 7,7% (95-сурет).

95-сурет. Сіз үшін, мұсылман ретінде өзгелерді өз дініңізге өткізу міндетті болып саналады ма? (ауқым бойынша, %)



Жыныстық тұрғыдан алғанда ерлердің ұстанымы міндеттілікке жақын (16,2%), олар әйелдерге (14,3%) қарағанда дінге шақыруды мұсылманның парызы деп атаған (96-сурет).

96-сурет. Сіз үшін, мұсылман ретінде өзгелерді өз дініңізге өткізу міндетті болып саналады ма? (жынысы бойынша, %)



Жас ерекшеліктері бойынша өз дініне өткізу ұстанымының бағыты ұқсас және сандық жағынан үлкен айырмашылық жоқ. Жауап беру қиналғандардың саны бойынша айырмашылық байқалады: жас респонденттер арасында бұл көрсеткіш (8,6%) басқа топтарға қарағанда жоғары (97-сурет).

97-сурет. Сіз үшін, мұсылман ретінде өзгелерді өз дініңізге өткізу міндетті болып саналады ма? (жасы бойынша, %)

Өңірлер тұрғысынан ислам дінің қабылдауға себепкер болу мұсылманның парызы деген жауапты таңдағандардың диапазоны Нұр-Сұлтанда қаласындағы 1%-дан Қызылорда облысындағы 35,8%-ға дейінгі аралықты қамтыды (98-сурет).

98-сурет. Сіз үшін, мұсылман ретінде өзгелерді өз дініңізге өткізу міндетті болып саналады ма? (өңірлер бойынша, %)



ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Ислам дініне өткізу шынайы мұсылманның парызы деп есептеу радикалды және дәстүрлі исламның маңызды сәйкестендіру маркеріне айналды және осы зерттеу шеңберінде мұсылман үмбетінің қатардағы өкілдері арасындағы прозелитизмнің таралу ауқымын анықтайтын индикатор ретінде қарастыруға болады.

IV ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ (ҚМДБ) ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАС

4.1 Ислам туралы жауап іздеу

Егер ислам туралы сұрақ туындаған жағдайда, респонденттердің көпшілігі алдымен имамға жүгінеді (49,2%).

Ақпараттық көздің шамамен сол деңгейдегі маңыздылығы ата-аналар мен туыстардың (38,4%) және туыстар арасындағы білімді адамдардың (36%) консультацияларына тиесілі.

Достары мен таныстарынан респонденттердің 15,4% ақпарат алады.

Интернет көздеріне 9,1%,діни әдебиетке – 8,5%,діни қауым мүшелеріне – 4,3% жүгінеді (99-сурет).

99-сурет. Ислам туралы мәселе туындаған жағдайда, сіз бірінші кезекте кімге жүгінесіз? (ауқым бойынша, %)

Жас ерекшеліктеріне сәйкес бөлікте беделге ие тұлғаны таңдау басымдықтары бойынша ерекшеліктер анықталып, жас шамасына қарай қарастырылған топтарда айырмашылықтар тіркелді. 18-29 жастағы респонденттер үшін рухани ізденіс саласындағы беделді адамдар реттілігі мынадай: ата-аналар мен туыстары (51,6%), имамдар (44,1%), туыстардың арасындағы хабардар адамдар (32%), достары мен аныстары арасындағы хабардар адам (14,4%), интернет (10,7%), діни әдебиет (8%), діни қауымның мүшелері (4,1%) (100-сурет).

100-сурет. Ислам туралы мәселе туындаған жағдайда, сіз бірінші кезекте кімге жүгінесіз? (жасына байланысты, %)



Өңірлер бойынша имамдардың беделі Жамбылда 36,8%-дан Павлодар облысында 68,8%-ға дейінгі диапазон аралығында белгіленді.

Респонденттердің арасында ата-аналары мен туыстарынан ислам туралы кеңес алу позициясының жалпы көрсеткіші жоғары: Түркістан облысындағы 28,3%-дан Атырау облысындағы 56,5%-ға дейінгі аралық.

Діни әдебиеттер ислам діні туралы дереккөз ретінде көрсетілген жауаптар Нұр-Сұлтан қаласындағы 2,0%-дан Атырау облысындағы 23,1% аралығындағы диапазонды көрсетті.

Респонденттер интернет көздерін барлық өңірлерда қолданады: Павлодар облысы (15,8%), Жамбыл облысы (13,4%), Нұр-Сұлтан қаласы (13,3%), Қостанай облысы (12,4%), Алматы қаласы (11,6%), Солтүстік Қазақстан облысы (11,4%), Алматы облысы (10,5%), Батыс Қазақстан облысы (8,8%), Ақмола облысы (8,2%), Түркістан облысы (8,1%), Шымкент қаласы (8,1%), Атырау облысы (6,5%), Ақтөбе облысы (6,2%), Қызылорда облысы (5,9%), Шығыс Қазақстан облысы (5,3%), Қарағанды облысы (4,9%), Маңғыстау облысы (0, 9%) (101-сурет).

101-сурет. Ислам туралы мәселе туындаған жағдайда, сіз бірінші кезекте кімге жүгінесіз? (өңірлер бойынша, %).



ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Ақпарат көздері ретінде қолдану жас респонденттер арасында интернет (10,7%), аға буын өкілдері арасында діни әдебиеттер (11,8%) кеңінен таралған. Жас респонденттерге (18-29 жас) қарағанда орта буын (30-59 жас) және аға буын (60-тан жоғары) өкілдері арасында имамның беделі жоғарырақ.

4.2 Мешіт жанындағы курстар

Респонденттердің жалпы ауқымын алғанда мешіттер жанындағы курстар туралы сұраққа жауаптар сараланып, курстар жөнінде ақпараттандыру жұмысына қанағаттанбаушылық орын алатыны (ешқашан естіген жоқпын – 45,6%, естігенім бар, бірақ қатысқан жоқпын – 44,4%) және курстарға қатысушылардың аз келетіндігі (қатысқандар саны – 9,1%, оның ішінде курстарға үнемі барады – 1,8%, бірнеше рет қатысты – 7,3%) туралы анықталды (102-сурет).

102-сурет. Сіз мешіт жанындағы курстарға (тіл үйрену, құран оқу және т.б.) қатысасыз ба? (ауқым бойынша, %)

Мешіттер жанында курстарды ұйымдастыру (1,6%) және тұрақты түрде оларға қатысу (2%) респонденттердің ең жас тобына (18-29 жас) көбірек тән екендігі анықталды (103-сурет).

103-сурет. Сіз мешіт жанындағы курстарға (тіл үйрену, құран оқу және т.б.) қатысасыз ба? (жасы бойынша, %)

Өңірлік бөліністе курстар туралы негізінен естігендер, алайда оларға көбінесе қатыспағандар саны көп екендігі анықталды. Өңірлер бойынша мешіт жанындағы курстарға бірнеше рет қатысқан респонденттердің көрсеткіштері келесідей: Шымкент қаласы – 13,3%, Атырау облысы – 13,0%, Қызылор облысы – 13,0%, Түркістан облысы – 11,2%, Солтүстік Қазақстан облысы – 10,5%, Алматы қаласы – 9,0%, Қарағанды облысы – 7,8%, Батыс Қазақстан облысы – 7,2%, Жамбыл облысы – 7,1%, Маңғыстау облысы – 7,1%, Алматы облысы – 6,8%, Қостанай облысы – 6,3%, Ақмола облысы – 4,8%, Павлодар облысы – 3,6%, Ақтөбе облысы – 2,5%, Нұр-Сұлтан қаласы – 2,5%, Шығыс Қазақстан облысы – 1,1% (104 сурет).

104-сурет. Сіз мешіт жанындағы курстарға (тіл үйрену, құран оқу және т.б.) қатысасыз ба? (өңірлер бойынша, %)



ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Мешіттер жанындағы діни сауат ашу және тіл үйрету курстары діндарлар арасында әзірше тиісті танымалдылық деңгейіне жетпегендігі анықталды. Жамағат арасындағы басым көпшілігі курстар туралы естімеген (45,6%) немесе естігені бар, бірақ өздері бармаған (44,4%). Респонденттердің 7,3%-ы бірнеше рет курстарға қатысқан. 1,8%-ы курстарға тұрақты қатысады. Мешіт жанындағы курстарға қызығушылық негізінен діндарлықтың жоғары деңгейі көрініс тапқан облыстарда тіркелді.

4.3 Мешіт имамымен қарым-қатынас кезіндегі қиындықтар

Жалпы көрсеткіште респонденттердің 63,3%-ы мешіттің имамымен қарым-қатынаста қиындықтар жоқ деп жауап берді. Ал 25,2%-ы ешқашан имамның көмегіне жүгінбеген.

Анықталған қиындықтар: тілдік кедергілер (4,4%), әйелдердің имаммен сөйлесу қиындығы (4,3%), имамның қабылдауына кіру қиындығы (3,7%), терминдердің күрделілігі (3,3%), қабылдаудың ыңғайсыз кестесі (2,1%), имамның тәкаппарлығы (1,6%), имамның біліксіздігі (1,5%), имамның байланыс орнатуға ниеті жоқтығы (1,2%) (105-сурет).

105-сурет. Мешітте имаммен сөйлескенде қандайқиындықтарға тап болдыңыз? (ауқым бойынша, %)



Жас бойынша жіктелген топтарынды талдау барысында респонденттердің барлығында имаммен байланыс орнатуда белгілі бір дәрежеде қиындықтар кездесетіні анықталды. Жас респонденттер (18-29 жас) кездесетін қиындықтардың иерархиясы келесідей: тілдік кедергілер (4,9%), имамның қабылдауына кіру қиындығы (4,8%), әйелдерге имаммен сөйлесу қиындығы (4,2%), терминдердің күрделілігі (3, 3%), имамның тәкаппарлығы (1,7%), қабылдау кестесінің қолайсыздығы (1,7%), имамның біліксіздігі (1,5%), имамның байланыс жасағысы келмеуі (1,3%) (106-сурет).

106-сурет. Мешітте имаммен сөйлескенде қандайқиындықтарға тап болдыңыз? (жасы бойынша, %)

Өңірлік бөліністе имаммен қарым-қатынастағы қиындықтардың өзіндік сипаттары бар.



Зерттеуде ұсынылған өлшемшарттарға сәйкес шығарылған мәндерде өте кең диапазон орын алғанын атап кетуге болады (бұдан әрі асты сызылды).

Имамның қабылдауына кіру қиындығы – Нұр-Сұлтан қаласындағы 0,3%-дан бастап Атырау облысындағы 10,2%-ға дейін.

Тілдік кедергілер – Жамбыл облысындағы 0,3%-дан Солтүстік Қазақстан облысындағы 24,6% -ға дейін.

Әйелдерге имаммен сөйлесу қиындығы – Жамбыл облысындағы 0,3%-дан Солтүстік Қазақстан облысындағы 14,5% -ға дейін.

Терминдердің күрделілігі – Жамбыл облысындағы 0,5%-дан Солтүстік Қазақстан облысындағы 11,8%-ға дейін.

Қабылдау кестесінің ыңғайсыздығы – Ақтөбе облысындағы 0,3%-дан Атырау облысындағы 10,2%-ға дейін.

Имамның біліксіздігі – Қызылорда мен Қарағанды облыстарындағы 0,7%-дан Түркістан облысындағы 2,6%-ға дейін.

Имамның байланыс орнатуға ниеті жоқтығы – Шығыс Қазақстандағы 0,2%-дан Қызылорда облысындағы 3,4%-ға дейін (107-сурет).

107-сурет. Мешітте имаммен сөйлескенде қандай қиындықтарға тап болдыңыз? (өңірлер бойынша, %)



ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Респонденттердің басым көпшілігі (63,3%) мешіттің имамымен байланыс орнатуда қиындықтар жоқ дейді. Сондай-ақ, 25,2%-ы ешқашан имамның көмегіне жүгінбеген. Аталған қиындықтардың әрбір аймақта өзіндік ерекшеліктері байқалады және саны бойынша сәйкес келмейді.

4.4 Имамға қажетті қасиеттер

Сауалнама жүргізілген респонденттердің жалпы ауқымы бойынша имамдарға қажетті негізгі қасиеттер айқындалды.

Респонденттердің жартысынан көбі (61,1%) халықпен жұмыс жүргізу үшін тәжірибе қажеттілігін атады. Имамның Қазақстанда аяқтаған діни білімі болуы қажет деп 45,2%-ы есептейді. Имамның өй-өрісі кең болу қасиеті үшінші орынға (41,8%) қойылды.

Әрі қарай, маңыздылықтың төмендеуіне қарай жиі аталған қасиеттер: мінсіз абырой-беделі – 37,5%, отбасының болуы – 29,6%, ғылыми білімінің болуы – 24,9%, қарапайым өмір сүруі – 23,2%, кемел жаста болуы – 13,1%, шетелдік діни білімі болуы – 12,4%, шешендік шеберлігі болуы – 12,2%, жинақы сыртқы келбет – 11,2%, тілдерді білу (қазақ, орыс) – 9,9%, діни емес білімнің болуы – 9%, жас адам болуы – 2,1% (108-сурет).

108-сурет. Сіздің ойыңызша имам қандай қасиеттерге ие болуы керек? (ауқым бойынша, %)



Әртүрлі жастағы топтардың респонденттері үшін имамнан талап еткен қасиеттер ұқсас (25-кесте).

25-кесте. Сіздің ойыңызша имам қандай қасиеттерге ие болуы керек? (жасы бойынша, %)

	18-29 жас	30-59 жас	60 жас және жоғары
ХАЛЫҚПЕН ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНІҢ БОЛУЫ	58,8	62,0	62,3
ҚАЗАҚСТАНДА АЛЫНҒАН	45,5	45,3	44,4
ДІНИ БІЛІМНІҢ БОЛУЫ	41,1	42,1	42,1
ОЙ-ӨРІСІНІҢ КЕҢДІГІ	35,2	38,6	37,8
МІНСІЗ АБЫРОЙ-БЕДЕЛ	28,9	29,6	31,1
ОТБАСЫНЫҢ БОЛУЫ	26,1	24,9	22,8
ҒЫЛЫМИ БІЛІМНІҢ БОЛУЫ	22,7	22,6	26,7
ҚАРАПАЙЫМ ӨМІР САЛТЫ	13,2	12,8	14,3
КЕМЕЛ ЖАСТА БОЛУЫ	12,3	12,7	11,4
ШЕТЕЛДІК ДІНИ	12,3	12,5	10,8
БІЛІМНІҢ БОЛУЫ	11,9	10,6	11,9
ШЕШЕНДІК ҚАБІЛЕТТЕР	9,5	10,1	10,0
ЖИНАҚЫ СЫРТ-КЕЛБЕТ	8,9	9,3	8,0
ТІЛДЕРДІ БІЛУ (ҚАЗАҚ, ОРЫС)	2,7	2,1	1,2
ДІНИ ЕМЕС БІЛІМІНІҢ БОЛУЫ	8,9	9,3	8,0
ЖАС БОЛУЫ	2,7	2,1	1,2

Имамның бойындағы қасиеттерге қойылатын талаптар өңірлік бөліністе әртүрлі болып келеді, аталған айырмашылықтар 26-кестеде көрсетілді.

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Имамның бойындағы қасиеттерге қойылатын талаптар барлық жас бойынша жіктелген топтарда бір-біріне сәйкес келеді және өңірлік өлшемде маңызды айырмашылықтар орын алды, осыған орай, нақты бір өңірлерге имамдарды тағайындау кезінде аталған ерекшеліктерді назарға алу қажет.

26-кесте. Сіздің ойыңызша имам қандай қасиеттерге ие болуы керек? (өңірлер бойынша, %)

	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ
Халықпен жұмыс тәжірибесінің болуы	7,3	12,4	15,2	11,7	20,7	1,8	6,8	12,4	5,9	,4	7,2	6,3	18,7	6,2	2,5	18,2	38,7
Қазақстанда алынған діни білімнің болуы	52,6	61,3	51,4	47,2	48,2	29,5	41,8	48,9	53,3	25,8	25,4	69,4	34,6	37,1	58,2	57,9	24,6
Шетелдік діни	23,7	8,0	14,3	3,2	11,2	3,9	10,8	12,9	6,3	15,6	11,0	11,5	14,0	14,3	2,3	21,6	13,6
білімнің болуы	23,7	8,0	14,3	3,2	11,2	3,9	10,8	12,9	6,3	15,6	11,0	11,5	14,0	14,3	2,3	21,6	13,6
Ғылыми білімнің болуы	18,9	36,2	23,0	26,4	14,3	23,9	25,5	29,1	21,9	29,8	27,5	19,4	22,8	24,2	17,5	25,4	34,8
Ой-өрісінің кеңдігі	34,4	49,5	41,5	46,8	23,9	44,5	39,2	35,4	42,6	40,9	51,9	31,9	36,8	46,5	31,9	50,3	39,1
Діни емес	29,2	22,6	29,5	24,5	40,2	63,7	30,3	33,2	34,4	36,0	39,6	35,9	44,3	55,7	48,1	28,2	44,6
білімнің болуы	5,5	4,0	7,4	2,8	4,4	17,1	8,6	7,7	,7	6,2	9,7	9,5	8,3	13,2	1,8	13,2	18,8
Мінсіз абырой-бедел	29,2	22,6	29,5	24,5	40,2	63,7	30,3	33,2	34,4	36,0	39,6	35,9	44,3	55,7	48,1	28,2	44,6
Отбасының болуы	24,4	26,0	25,8	25,0	41,0	25,0	31,9	27,5	15,6	37,8	20,1	21,7	45,6	33,1	61,8	25,0	30,7
Қарапайым өмір салты	11,7	9,9	26,2	18,5	27,9	34,5	24,1	19,5	8,9	27,1	17,5	35,5	14,0	28,8	21,8	15,6	53,0
Жинақы сырт келбет	7,6	9,9	12,3	19,0	16,7	7,6	12,2	11,0	30,7	5,3	16,8	10,2	11,4	5,6	1,5	12,3	3,2
Шешендік қабілеттер	13,1	23,2	14,1	12,0	8,0	17,9	10,4	12,1	6,7	16,4	17,8	9,2	5,7	7,6	4,8	15,0	4,9
Жас болуы	1,0	2,5	2,5	0,0	2,8	0,0	2,9	1,6	,4	16,4	2,8	1,3	1,8	0,0	0,0	1,6	3,2
Кемел жаста болуы	8,6	5,9	12,7	21,3	19,1	16,8	16,8	9,9	8,1	30,2	24,6	19,7	14,5	5,1	0,0	8,6	12,2
Тілдерді білу... қазақ, орыс	12,0	8,7	8,9	19,9	10,8	3,2	14,8	10,4	1,5	13,3	6,1	17,1	13,6	11,4	,3	10,5	13,0

4.5 Мешіттерге келушілердің белсенділігі

Жалпы респонденттердің санына сәйкес, жамағат арасындағы діни мәселелер бойынша келіспеушілік жағдайымен мешітке келушілердің 3,3%-ы жеке өздері куәгер болған. Респонденттердің 7,9% бұл туралы туыстары мен достарынан естіген. Сондай-ақ, 66,5%-ы ондай жағдайға тап болған жоқ (109-сурет).

109-сурет. Сіз мешіттегі адамдар арасында діни мәселелер бойынша келіспеушілікке куә болдыңыз ба? (ауқым бойынша, %)



Әр жастағы топтардың ішінде жас респонденттер (18-29 жас) мешіттегі діни мәселелер бойынша келіспеушіліктерді көбірек кездесетіндігі анықталды. Оның ішінде, 4,1%-ы жеке кездескен, 8,4%-ы бұл туралы туыстары мен таныстарынан естіді (110-сурет).

110-сурет. Сіз мешіттердегі адамдар арасында діни мәселелер бойынша келіспеушілікке куә болдыңыз ба? (жасы бойынша, %)

Өңірлер бөлігінде мешіттегі діндарлар арасындағы келіспеушілік жағдайларын жеке өздері кездестіргендер көрсеткіші: Ақмола облысы (8,9%), Қостанай облысы (8,0%), Қызылорда облысы (5,6%), Алматы облысы (5,2%) және Алматы қаласы (5,2) Маңғыстау облысы (4,9%), Батыс Қазақстан облысы (4,4%), Ақтөбе облысы (2,8%), Түркістан облысы (2,6%), Қарағанды облысы (2,4%), Атырау облысы (1,9) %), Солтүстік Қазақстан облысы (1,8%), Павлодар облысы (1,3%), Шымкент қаласы (1,2%), Жамбыл облысы (0,3%), Шығыс Қазақстан облысы (0,2%), Нұр-Сұлтан қаласы (0%).

Мешіттегі діндарлар арасындағы келіспеушілік жағдайлары туралы туыстары мен таныстарынан естігендер: Қызылорда облысы (29,4%), Қостанай облысы (13,5%), Батыс Қазақстан облысы (12,0%), Солтүстік Қазақстан облысы (11,8%), Маңғыстау облысы (9,8%), Атырау облысы (9,7%), Павлодар облысы (9,5%), Алматы қаласы (9,3%), Ақмола облысы (8,9%), Алматы облысы (7,5%), Қарағанды облысы (6,6%), Түркістан облысы (5,8%), Шымкент қаласы (4,6%), Ақтөбе облысы (4,3%), Шығыс Қазақстан облысы (4,2%), Жамбыл облысы (1,0%), Нұр-Сұлтан қаласы (0,3%) (111-сурет).

111-сурет. Сіз мешіттегі адамдар арасында діни мәселелер бойынша келіспеушілікке куә болдыңыз ба? (өңірлер бойынша, %)



Респонденттердің 4,3%-ы мешіттің ішінде оларға жеке адамдар (имамдар емес) ислам, саясат және әлеуметтік өмір туралы әңгімелермен келгендігін атап өтті. Ондай жағдайды көрмегенін респонденттердің 72%-ы белгіледі (112-сурет).

112-сурет. Сізге мешіттің ішінде жеке адамдар (имамдар емес) ислам, саясат және әлеуметтік өмір туралы әңгімелер қозғады ма?(ауқым бойынша, %



Үлкен жастағы топтатарға қарағанда 18-29 жастағы респонденттерге мешіттің ішінде жеке адамдар ислам, саясат және әлеуметтік өмір туралы әңгімелермен жиі (5,1 %) келетіні анықталды (113-сурет).

113-сурет. Сізге мешіттің ішінде жеке адамдар (имамдар емес) ислам, саясат және әлеуметтік өмір туралы әңгімелер қозғады ма? (жасы бойынша, %)



Өңірлік тұрғыда жеке адамдар (имамдар емес) мешіттегі респонденттерге ислам, саясат, әлеуметтік өмір туралы әңгіме айтқан, оның ішінде: Маңғыстау облысы (11,6%), Қызылорда облысы (10,4%), Ақмола облысы (9,6%), Атырау облысы (9,3%), Түркістан облысы (6,3%), Батыс Қазақстан облысы (6,0%), Қостанай облысы (5,5%), Алматы қаласы (5,3%), Алматы облысы (4,8%), Ақтөбе облысы (4,4%), Шымкент қаласы (2,3%), Қарағанды облысы (1,8%), Солтүстік Қазақстан облысы (1,3%), Шығыс Қазақстан облысы (0,5%), Жамбыл облысы (0,3%), Павлодар облысы (0,3%), Нұр-Сұлтан қаласы (0%).

Осы сұрақ бойынша респонденттер арасында мешітке бармайтындар пайызы анықталды: Шымкент қаласы (57,7%), Жамбыл облысы (56,1%), Түркістан облысы (54,9%), Маңғыстау облысы (48,4%), Атырау облысы (26,2), Алматы қаласы (21,9%), Қарағанды облысы (19,9%), Алматы облысы (19,6%), Ақтөбе облысы (17,8%), Батыс Қазақстан облысы (16,4%), Қостанай облысы (15,9%), Шығыс Қазақстан облысы (10,3%), Ақмола облысы (4,8%), Павлодар облысы (4,6%), Қызылорда облысы (4,5%), Солтүстік Қазақстан облысы (4,0%), Нұр-Сұлтан қаласы (2,5%) (114-сурет).

114-сурет. Сізге мешіттің ішінде жеке адамдар (имамдар емес) ислам, саясат және әлеуметтік өмір туралы әңгімелер қозғады ма? (өңірлер бойынша, %)



ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Зерттеу барысында Қазақстанның барлық аумағында (Нұр-Сұлтанды қоспағанда) мешіттегі жамағат арасындағы келіспеушіліктер мен діни ұстанымдарды насихаттау жағдайлары әртүрлі көрсеткіштермен орын алатындығы анықталды. Жеке адамдар (имамдар емес) үгіт-насихаттауға бағытталған әңгімелерді барлық жас топтарындағы өкілдермен, әсіресе жастармен жиі жүргізеді.

4.6 ҚМДБ-ның нақты қызмет бағыттарына сенім білдіру

ҚМДБ-ның нақты қызмет бағыттарына сенім білдіру мәселелері келесі өзекті бағыттар бойынша зерттелді:

- Имамдарды дайындау
- Қажылықты ұйымдастыру
- Мешіт құрылысын үйлестіру
- Діни әдебиеттерді басып шығару
- Балаларды медреседе, Нұр-Мүбарак университетінде оқыту
- Қайырымдылықты бөлу
- Экстремизм мен терроризмнің алдын алу
- Халал өнімдерін сертификаттау

Осы аталған барлық қызмет түрлері бойынша респонденттерде ҚМДБ-ға деген сенімге басым беріледі, бірақ әр түрлі модальды деңгейде көрініс табатыны анықталды. Бәрінен бұрын діндар мұсылмандар ҚМДБ-ның имамдарды дайындау (34,3%), халал өнімдерді сертификаттау (32,7%), қайырмалдықтарды үлестіру (32,4%) тәжірибесіне жиі сенімділік танытады. Респонденттердің ең аз сенім танытқан салаға балаларды медресе мен Нұр-Мүбарак университетінде оқытуға (17,3%) қатысты болып шықты (115-сурет).

115-сурет. ҚМДБ қызметіне келесі бағыттар бойынша сенім танытасыз ба? (ауқым бойынша, %)



	Халал өнімін сертификаттау	Имамдарды даярлау	Діни әдебиетті шығару	Балаларды медреседе, Нұр-Мүбарак университетінде оқыту	Қажылықты ұйымдастыру	Мешіт құрылысын үйлестіру	Қайырымдылықты бөлу	Экстремизм мен терроризмнің алдын алу
Толық сенемін	32,7	34,3	30,2	17,3	29,6	31,8	32,4	28,7
Сенетін сияқтымын	39,9	51,5	48,7	49,6	47,9	31,8	44	45,3
Сенбейтін сияқтымын	20,1	11,6	17,3	17,2	17,3	13,6	16,3	18,9
Толықтай сенбеймін	7,3	2,6	3,7	4,3	5,2	3,9	7,2	7,1

27-кесте. ҚМДБ-ның (Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының) келесі қызмет бағыттарына сенім танытасыз ба? (жасы бойынша, %)

	Толық сенемін			Сенетін сияқтымын			Сенбейтін сияқтымын			Толық сенбеймін		
	18-29 жас	*30-59 жас*	*60 жас және жоғары*	*18-29 жас*	*30-59 жас*	*60 жас және жоғары*	*18-29 жас*	*30-59 жас*	*60 жас және жоғары*	*18-29 жас*	*30-59 жас*	*60 жас және жоғары*
«Халал» өнімдерін сертификаттау	34,3	30,8	37,1	39,7	40,0	39,8	19,5	21,4	16,1	6,5	7,7	7,0
Имамдарды даярлау	34,2	33,1	38,9	52,6	51,8	48,6	11,3	12,3	9,4	1,9	2,8	3,0
Діни әдебиеттерді басып шығару	29,0	29,3	35,5	51,0	48,5	45,8	16,6	18,4	14,7	3,3	3,9	4,0
Балаларды медреседе, университетте (Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті) оқыту	27,7	27,9	34,5	51,9	49,8	44,7	16,7	17,8	15,8	3,7	4,5	4,9
Қажылықты ұйымдастыру	28,4	29,0	34,1	49,6	48,4	43,2	17,3	17,0	18,2	4,7	5,7	4,5
Экстремизм мен терроризмнің алдын алу	27,0	28,0	34,7	46,9	45,4	42,0	19,8	18,9	17,0	6,4	7,7	6,3
Мешіт құрылысын үйлестіру	30,8	31,0	37,0	53,2	50,5	46,4	12,5	14,1	13,6	3,4	4,4	3,0
Қайырымдылықты үйлестіру	31,6	31,7	36,5	45,1	43,7	43,5	16,6	16,8	14,1	6,6	7,8	5,9

4.7 ҚМДБ-ның интернеттегі ақпараттық қызметі

ҚМДБ соңғы жылдары ғаламтордағы қызметін едәуір жандандырды. Зерттеу барысында діндар мұсылмандардың ҚМДБ-ның ақпараттық қызметіне сенімі және бағалау мәселесі келесідей бағыттар бойынша талданды: а) ғаламтордағы ақпараттық жұмыс жүргізу б) ислам туралы мобильдік қосымшаларды құру.

Интернеттегі ақпараттық жұмыс туралы сұраққа 228 респондент (жалпы ауқымның 3,4%-ы) ислам туралы мобильдік қосымшаларды құру туралы сұраққа 300 респондент (3,4%) жауап бермеді.

Жұмыстың осы салаларына сенім таныту бойынша сұрақтарға жауап бергендердің арасында сенімділік деңгейі сенімсіздіктен басым екендігін көрсетеді.

ҚМДБ-ның интернеттегі ақпараттық жұмысына 33,4% сенбейді («толығымен сенбеймін», «сенбейтін сияқтымын» жауаптарының жиынтығы), мобильді қосымшаларды құру бойынша жұмысына 36,1% респондент сенімсіздік танытты («толығымен сенбеймін», «сенбейтін сияқтымын» жиынтығы) (116-сурет).

116-сурет. ҚМДБ-ның қызметіне келесі бағыттар бойынша сенесіз бе: интернет желісіндегі ақпараттық жұмыс, ислам туралы мобильді қосымшаларды құру (ауқым бойынша, %)

117-сурет. ҚМДБ-ның қызметіне келесі бағыттар бойынша сенесіз бе:
интернет желісіндегі ақпараттық жұмыс, ислам туралы мобильді қосымшаларды құру? (жасы бойынша, %)

	Толық сенемін			Сенетін сияқтымын			Сенбейтін сияқтымын			Толық сенбеймін		
	18-29 жас	30-59 жас	60 жас және жоғары	18-29 жас	30-59 жас	60 жас және жоғары	18-29 жас	30-59 жас	60 жас және жоғары	18-29 жас	30-59 жас	60 жас және жоғары
Интернеттегі ақпараттық жұмыс	21,1	20,6	25	46,4	46,6	41,1	24,5	24,1	23,4	8	8,6	10,5
Ислам туралы мобильді қосымшаларды жасау	21,6	20,2	23,9	42,8	43,3	39,2	25,9	26,5	25,6	9,6	10,1	11,3

Әлеуметтік желілердегі мұсылман діни қызметшілерінің белсенділігін арттыру керек деген сұраққа берілген жауаптардың нәтижелері бойынша респонденттердің 39,2%-ы бұл бағыттағы жұмыстын артуына қарсы екенін көрсетті. Соның ішінде, респонденттердің 22,6%-ы әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас ислам нормаларына қайшы және оны күшейтпеу керек деген пікірде. Респонденттердің 16,6%-ы мұсылман діни қызметшілері әлеуметтік желілерде онсыз да белсенді, сондықтан жұмысты арттыру қажет емес деп санайды.

Респонденттердің 42% мұсылман діни қызметшілерінің әлеуметтік желілердегі белсенділігін арттыру керек деп санайды, өйткені а) қазір тұрғындар мен діни қызметшілер арасында диалог жүргізуге мүмкіндік жасалмаған (20,1%) және б) диалог бар, бірақ бұл жұмысты күшейту керек (21, 9%). Респонденттің 18,6%-ы жауап беруге қиналды (118-сурет).

118-сурет. Мұсылман діни қызметшілерінің әлеуметтік желілердегі белсенділігін арттыру қажет деп ойлайсыз ба?
(ауқым бойынша, %)

18-29 жастағы респонденттер (23%) басқа жас топтарына қарағанда (30-59 жас аралығы - 19,8%, 60 жастан асқандар - 16,1%) әлеуметтік желілердегі мұсылман діни қызметшілерінің белсенділігін арттыру қажеттігін айтады, өйткені қазіргі таңда халық пен діни қызметшілер арасында диалог жүргізуге мүмкіндік жоқ. 60 жастан асқандардың 18%-ы және 30-59 жастағы респонденттердің 22,9%-ы диалог бар, алайда жұмысты одан әрі күшейту керек деп санайды.

Сонымен бірге, діни қызметшілері қазірдің өзінде әлеуметтік желілерде өте белсенді деп санайтын топтардың ортақ диапазоны 15,1%-17% аралығында (18-29 жастағы респонденттер – 16,8%).

18-29 жастағы респонденттердің 22,1%-ы әлеуметтік желілердегі байланыс ислам стандарттарына қайшы келеді деп санайды (119-сурет).

119-сурет. Мұсылман дінбасыларының әлеуметтік желілердегі белсенділігін арттыру қажет деп ойлайсыз ба? (жасы бойынша, %)



Өңірлік тұрғыда ағымдағы жағдайда әртүрлі бағаланды.

Респонденттердің қойылған сұраққа өз көзқарасын білдіруге кедергі болған әртүрлі деңгейдегі қиындықтар тіркелді. Шымкент қаласы мен Қарағанды облысындағы 2,8%-дан Жамбыл облысындағы 62,7%-ға дейінгі респонденттер нақты жауап беруге қиналды.

Желідегі байланыстың исламдық нормаларға қайшы келетіндігі туралы пікір Павлодар облысындағы респонденттердің 4,9%-нан Шымкент қаласындағы 49,3%-ға дейінгі диапазонды қамтыды.

Әлеуметтік желілердегі діни қызметшілердің жұмысы жеткілікті деңгейде болуына байланысты, оны жандандырудың қажеті жоқ деген пікір Маңғыстау облысындағы 4,9%-нан Қарағанды облысындағы 33,2%-ге дейінгі аралықта тіркелді.

11	Конституцияға ешқандай қатысы жоқ	1
12	Бірден таза исламды кіргізу мүмкін емес, ақырын бәрі болады (Алматы қаласы)	1
13	Дінді таратуға міндеттіміз (Ақтөбе облысы)	1
14	Болашақта жүз пайыз мұсылман мемлекеті боламыз деп сенеміз (Шымкент қаласы)	1
15	Оқу орындарында намазға, орамалға тыйым салынды. Бұл уақытша деп ойлаймын (Петропавл қаласы)	1
16	Халықтың дінге бет бұруы және оның қадағалануы (СҚО)	1
17	Білмедім, бұл сұрақты түсінбедім (Қызылорда облысы)	1
18	Сұраққа жауап беруге қиналамын (Қостанай облысы)	1

**Ескерту: респонденттер зайырлылықтың бірнеше белгілерін атағандықтан, жауаптар саны респонденттер санына сәйкес келмейді*

Имамдардың басым бөлігі (26 имам) зайырлылықты «діни сенім еркіндігі» ретінде айқындаған. «Діннің мемлекеттен бөлінуі» қағидасы 13 сұхбаттың жауабында айтылған. Дегенмен, имамдар бұл қағидаттарды атаса да, олардың шеңберіндегі мазмұнды талдап, ашып бере алмаған.

Сондай-ақ «барлық діндер тең», «дінаралық келісім», «діни сенім мен заңдылықты ұштастыру» деген жауаптар діни сенім еркіндігі қағидатына қатысты болғанымен, оның мәнін толық аша алмайды. Бұл орайда да имамдардың зайырлылық жөніндегі түсініктерінің жеткіліксіздігі көрініс береді.

«Барлық діни конфессияларға қолдау білдіретін мемлекет», «тұрақтылық», «әркім өз ойын айтатын еркіндік», «мешіт қабырғасында ғана уағыз айту» деген жауаптар позитивті сипатта болса да, зайырлылықтың мәнін ашудан алшақ жатыр. Бұл жауаптардан да сұхбат берушілердің зайырлылық жөніндегі білімін арттыру қажеттілігі айқындалады.

Жалпы алғанда, аталған сұрақ аясында имамдар толыққанды ойларын ашып бере алмаған. Жауаптары жүйесіз, ойлары шашыраңқы.

«Конституцияға ешқандай қатысы жоқ», «бірден таза исламды кіргізу мүмкін емес, ақырын бәрі болады», «дінді таратуға міндеттіміз», «болашақта жүз пайыз мұсылман мемлекеті боламыз деп сенеміз», «оқу орындарында намазға, орамалға тыйым салынды, бұл уақытша деп ойлаймын» деген жауаптар зайырлылық қағидаттарын мүлдем түсінбейтін немесе оларды қабылдағысы келмейтін ұстанымның бар екендігіне меңзейді.

Сұрақты түсінбеген және жауап беруге қиналған имамдар да бар.

Аталған жауаптар негізінде имамдардың зайырлылық жөніндегі ақпаратын 4 категорияға бөліп қарастыруға болады (1-диаграмманы қараңыз):

1) зайырлылық жөніндегі орта деңгейдегі ақпарат (жауптың кездесу жиілігі - 48);

2) зайырлылық жөніндегі төмен деңгейдегі ақпарат (жауптың кездесу жиілігі - 5);

3) зайырлылық жөнінде ақпараттың мүлдем жоқтығы (жауптың кездесу жиілігі - 6);

4) зайырлылық қағидаттарына қайшы келетін ақпарат (жауптың кездесу жиілігі - 2).

1-диаграмма. Имамдардың зайырлылық жөніндегі ақпараттарының сипаты *(жауптың кездесу жиілігі бойынша)*



Ұсынылған классификация негізінде сұхбат берушілердің басым бөлігін орта деңгейде ақпараттанғандар категориясына жатқызуға болады. Яғни, зайырлылық жөнінде толық әрі жүйелі ақпарат берген имам байқалмады.

«Діни сенім еркіндігі» және «діннің мемлекеттен бөлінуі» қағидасын атаған имамдар «діннің мектептен бөлінуі» қағидасын назардан мүлдем тыс қалдырған. Бұл қағиданы ешбір имам атамаған. Мұндай құбылыстың орын алуын 2 себеппен байланыста болжамдап көруге болады.

Біріншісі имамдардың шынымен де ол жөнінде ақпараттанбағандығы болса, екіншісі ол қағиданы қабылдағысы келмейтін ұстаныммен байланысты болуы мүмкін.

Көптеген имамдар сұхбат барысында діни білім беру саласын жетілдіру, арнайы курстар ашу, астанада ислами университет ашу керектігін айтса, енді біреулері орта білім мекемелерінде діни білім берілсе, намаз оқуға және орамал киюге рұқсат етілсе деген тілектерін де жасырмаған. Сәйкесінше, мұндай жауаптардың астарында діннің білімнен бөлінуін қаламайтын ұстаным да көрініс береді. Тіпті, кейбір имамдар зайырлы білімнің діни білімнен бастау алғандығын және зайырлы ғылым саласына имамдардың да араласып, ғалымдар қатарын құрап отырғандығын айтып, ғылым мен діннің біртұтастығын жеткізуге тырысады.

Тағы бір байқалған құбылыс - имамдардың зайырлы білімдерінің деңгейі олардың қызмет атқарып жатқан деңгейлерімен байланыстылығы, яғни облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалалардағы мешіттің қызметшілерінің зайырлылық танымы ауылдық жердегі имамдардан әлдеқайда жоғары.

1.2 Қазақстандағы конфессияаралық келісімді дамыту жолдары

Қазақстан поликонфессиялы мемлекет болғандықтан, қоғамдағы діндердің және дінге сенушілердің арасындағы келісімнің болуы тұрақты даму мен бейбітшіліктің басты алғышарттарының бірі болып табылады.

Конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету міндеті ұлттық саясаттың басым бағыттарының бірі болғандықтан, мемлекет тарапынан халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейдегі түрлі шаралар жүзеге асуда.

Конфессияаралық келісімнің басты тұғырларының бірі ретінде оның бекітілген конституциялық негіздерінің болуын айтсақ, екінші бір негізі ретінде қазақстандық халықтың тарихи-мәдени терең тамырынан бастау алатын толеранттылық мәдениетінің болуын атауға болады.

Геосаяси жағдайына байланысты тарих кеңістігінде түрлі мәдениеттер мен діндердің тоғысында ғұмыр кешкен, кеңестік дәуірде депортация нәтижесінде күштеп қоныс аударылған көптеген этностардың өкілдерін бауырына басқан қазақ халқының мейірімділігі, кең пейіл дархан мінезі, ашықтығы мен толеранттылығы қазіргі конфессияаралық келісімнің негізгі іргетасы болып отырғандығын ерекше атап өтуге болады.

Толеранттылықты өзара сыйластық пен құрмет ретінде қабылдайтын қазақстандықтар ішкі тұрақтылық пен келісімді ғана қамтамасыз етіп қоймай, халықаралық деңгейде де игі бастамалар көтеріп келеді. Сондай бастамалардың бірі – әр үш жыл сайын дәстүрлі өткізілетін Әлемдік және дәстүрлі діндердің лидерлерінің съезі.

Қоғамдық пікірде аталған шараны «имиджді шара» деп қана қабылдау үрдісі бар. Алайда Қазақстанның географиялық орналасуы мен көп мәдениеттілік факторын ескерсек, еліміздегі барлық діндердің рухани орталықтары шет аймақтарда орналасқандығын көреміз. Сәйкесінше, халықаралық кеңістікте дін саласында болып жатқан өзгерістер мен халықаралық діни ұйымдардың қызметінің қазақстандық діни ахуалға ықпалының жоғары болып отырғандығын байқаймыз. Сыртқы факторлардың, соның ішінде әлем кеңістігіндегі ықпалды діндердің аясында болып жатқан үдерістердің ықпалын сезініп қана отырмай, сол үдерістердің өзгерісін реттеуге араласу – еліміздің ішкі діни ахуалын реттеу саласында маңызды міндеттердің бірі болмақ.

Дегенмен, конфессияаралық қатынастарды реттеу, оңтайлы дамыту мемлекеттік органдардың ғана міндеті болып қалмауы керек. Қоғамның тұрақтылығын, соның ішінде конфессиялар арасындағы келісімді қамтамасыз ету, ең алдымен, сол қоғамда өмір сүріп жатқан әрбір азаматтың міндеті. Әсіресе, мұндай жауапкершілікті азаматтық институттар ерекше сезінуі қажет.

Көпконфессиялы елімізде сенушілердің басым бөлігін қамтып отырғандықтан және діни бірлестіктер саны жағынан да басымдық алып отырғандықтан, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы діндер арасындағы келісім үшін басты жауапты институттардың бірі болуы керек деген тұжырым жасауға болады.

Аталған саладағы жұмыстардың сапасы мен тиімділігі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты мешіттердің жұмыстарының нәтижесінде бағаланбақ.

Осы орайда сұхбат аясында респонденттерге «Мемлекет конфессияаралық салада толеранттылық пен өзара түсіністік идеяларын белсенді дәріптеуде. Қазақстандағы конфессияаралық келісімді одан әрі қамтамасыз ету үшін тағы не істеуге болады?» деген сұрақ қойылды (2-кестені қараңыз).

2-кесте. Қазақстандағы конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету бойынша имамдардың ұсынысы

№	ЖАУАПТАР	САНЫ
1	Діндер арасындағы татулық идеясын дәріптеу, барлық діндерді құрметтеуге шақыру, түсіндіру жұмыстарын жүргізу	17
2	Теріс діни идеологияға қарсы түсіндірме жұмыстары керек, теріс ағым қызметіне тыйым салу керек	3
3	Конференциялар, ғылыми жиындар өткізу, Әлемдік діндер съездін өткізуді жалғастыру	3
4	Конфессиялар клубы арқылы іс-шаралар ұйымдастыру	1
5	Спорттық ойындар ұйымдастыру	1
6	Дін өкілдерінің мерекелерде бір-бірін құттықтау дәстүрін жалғастыру	1
7	Басқа конфессия өкілдерімен жылына екі рет бас қосу керек	1
8	Әрдайым діндерді жақындастыратын нүктелерді іздеу керек	1
9	Жиналыстарды азайтып, конфессияларды қылмыспен немесе жемқорлықпен күрес сияқты нақты жобалар аясында жұмылдыру керек	1
10	Дін өкілдері бір-бірін ғибадатханаларына шақырып, таныстырса	1
11	Ұлтаралық татулықты сақтау керек	1
12	Әр конфессия заң аясында қызмет етсе, жеткілікті	1
13	Халықты тең құқылы ету	2
14	Өз діни сеніміңді басқаларға тықпаламау	1
15	Әр саладағы маман өз міндеттерін білгені дұрыс	1
16	Үкіметтің бағыты дұрыс, соны жалғастыру қажет	1
17	Ешқандай шиеленіс жоқ	1
18	Діни кадрлар дайындап, оларға жағдай жасау	4
19	Жастармен жұмыс істеу керек, олардың діни сауатын арттыру қажет	1
20	Әбу Ханифа бағытына басымдық беру керек (Алматы облысы), жамағатқа дінді дәріптеу (Ақтөбе облысы)	2
21	Әлем бойынша исламдық оқу орындарының өзара байланысын қалыптастырып, ақпарат алмасуын қамтамасыз ету керек	1
22	Білмеймін (Ақмола облысы), бұл сұрақты түсінбедім (Қызылорда облысы), сұраққа жауап беруден бас тартамын (Қызылорда облысы)	3
23	Оны ҚМДБ, облыс имамдары шешеді, біз оған араласпаймыз (ШҚО)	1
24	Соған лайық мамандар бар, солар шеше жатады (Алматы облысы)	1

Алынған жауаптарды талдасақ, респонденттердің басым бөлігі конфессияаралық келісім мен татулықты одан әрі жалғастыруды ұсынатындығын көреміз. Яғни, көпшілігі конфессияаралық жағдайды жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар бере алмаған.

Респонденттердің арасында «ұлтаралық татулықты сақтау», «халықты тең құқылы ету», «өз діни сеніміңді басқаларға тықпаламау», «әр саладағы маман өз міндеттерін білгені дұрыс» деген сияқты өз көзқарасын білдірумен шектелгендері де бар. Мұндай жауаптар да еш ұсыныс берілмегендіктен, сұрақтың мазмұнын ашуға қызмет етпейді.

Респонденттердің енді бір тобы мәселенің шешімін өз діни бағыттары аясындағы шараларға басымдық беруден көреді: «діни кадрлар дайындап, оларға жағдай жасау», «жастармен жұмыс істеу, олардың діни сауатын арттыру», «Әбу Ханифа бағытына басымдық беру, жамағатқа дінді дәріптеу», «әлем бойынша исламдық оқу орындарының өзара байланысын қалыптастырып, ақпарат алмасуын қамтамасыз ету».

«Білмеймін», «бұл сұрақты түсінбедім», «сұраққа жауап беруден бас тартамын», «оны ҚМДБ, облыс имамдары шешеді, біз оған араласпаймыз», «соған лайық мамандар бар, солар шеше жатады» деп жауап берген респонденттер де бар. Олар бұл мәселе туралы мүлде ойланбаған

немесе ол үшін жауапкершілік сезінбеген (жауапкершілік алғысы келмейтін) адамдар деген тұжырым жасауға болады.

Жалпы болса да, мақсатқа лайық мынадай жауаптарды атап өтуге болады: «әрдайым діндерді жақындастыратын нүктелерді іздеу керек», «жиналыстарды азайтып, конфессияларды қылмыспен немесе жемқорлықпен күрес сияқты нақты жобалар аясында жұмылдыру керек», «дін өкілдері бір-бірін ғибадатханаларына шақырып, таныстырса».

Әсіресе, қазақстандық қоғамда жиі өткізілетін және нәтижесі аз жиналыстар мен дөңгелек үстелдерді сынға алған респонденттер конфессиялардың нақты бір әлеуметтік жобалар аясында бірігіп қызмет етуін ұсынған:

- «Конфессия арасындағы құжат, ресми кездесулер жиі бас қосылатын нәрсе. Бұлар жамандыққа, зұлымдыққа, қылмысқа қарсы тұру мәселесінде бірігіп жұмыс істей алады. Мысалы, коррупция өте өзекті мәселе, оған бірігіп жұмыс жасай алады. Осы мәселелерде бірге жұмыс істей аламыз. Жиналыстар болады бір екі сағат өтетін, сол кезде белсенділік жоқ» (Нұр-Сұлтан қаласы).

- «Мен ойлаймын, жеке пікірім, ресми кездесулерден тыс бейресми кездесулер ұйымдастырып, қосымша бір-бірін қонаққа шақырып, діни ғибадатханаларға шақырып, өздерінің мәдениеттерімен, өздерінің құлшылық орындарымен, діни түсініктерімен таныстырып, одан да тығыз байланыс жасасақ» (Нұр-Сұлтан қаласы).

Конфессияаралық деңгейдегі шаралардың бастамашысы мелекеттік органдар дейтін болсақ, олардың өткізетін дәстүрлі іс-шаралары шынымен де, көп жағдайда, жиналыстармен шектеледі. Сол себепті, бұл орайда, билік органдарына өткізілетін шаралардың форматы мен мазмұнын өзгертіп, тиімділігіне бас назар аударған жөн.

Аталғандарды негізге ала отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады. Имамдар конфессияаралық келісімді нығайту мәселелеріне қатысты ауқымды ұсыныстар айта алмайды. Көп жағдайда олардың ұсынатын шаралары өз конфессияларының ішінде уағыз айту, түсіндірме жұмысын жүргізу шараларымен шектеледі. Өз діни бағытына басымдық беруді ұсынған біраз имамдар конфессияаралық келісімнің маңызын және өз ұсыныстарымен ондай келісімге зиян келтіретіндігін мүлде түсінбейді де деуге болады.

Аталған саладағы мәселелер «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында да қарастырылған. Онда «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы екендігі айтылады. Жалпы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен респонденттердің қаншалықты таныс екендігін келесі сұрақтың жауабынан да көруге болады.

1.3 Имамдардың «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асырудағы қызметі

2017 жылдың 12 сәуірінде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарияланды. Маңыздылығы мен ішкі мазмұны және ауқымдылығы тұрғысынан аталған құжат Қазақстанның тарихындағы бетбұрысты кезеңді анықтайтын ерекше құжат. Мақала Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 2017 жылғы халыққа жолдауының жалғасы ретінде ұсынылды. Саяси және экономикалық жаңғырудың басты алғышарты сананың жаңғыруында екендігі ашып көрсетілді.

Мақалада Елбасы бәсекеге қабілетті қоғам қалыптастыруда, ең алдымен, сананың жаңғыруы керектігін, ал ол үшін ұлттық кодты сақтау, салт-дәстүрді насихаттау, мәдени мұраны зерделеу, қажеттілігін айтады. Сананы жаңғырту барысы дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіру және салауатты прагматизм, сананың ашықтығы, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімді арттыру, эволюциялық даму, бәсекеге қабілеттілік сияқты қағидаттарға негізделу арқылы жүзеге асу керектігін көрсетеді.

Мақала аясында нақты мынадай жобалар әзірленіп, іске қосылды: қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Туған жер», «100 жаңа есім», «Сакралды Қазақстан», «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»,

т.б. ***www.strategy2050.kz*** сайтының базасында «Рухани жаңғыру» ақпараттық порталы іске қосылды. 2017 жылдың 26 қазанында ҚР Президентінің «Қазақ тілінің кирилл әліпбиінен латын графикасына көшуі туралы» № 569 Жарлығы шықты. Аталған бағдарламаны жүзеге асыру бойынша Ұлттық комиссия құрылды.

2017 жылдың қазанында Париж қаласында ЮНЕСКО штаб-пәтерінде «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасының таныстырылымы болды.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жанынан «Рухани Жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы құрылып, жаңғыру идеясының мазмұндық тұғырын нығайту саласындағы қызметіне кірісті.

Жалпы алғанда, бүгінгі күнге дейін өңірлік, республикалық және халықаралық деңгейде көптеген іс-шаралар атқарылды және олардың жүзеге асуы әлі де жалғасуда.

Аталған бағдарламаның дәстүрлі құндылықтарды насихаттау, дәстүрлі діни бағыттың мазмұнын нығайту бойынша маңыздылығы ерекше. Сәйкесінше, мұндай маңызды міндетті орындау дәстүрлі діннің өкілдері болып табылатын мешіт имамдарының да өзіндік үлес қосуын қажет етеді.

Сұхбат аясында респонденттерге «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жолында Сіздің тарапыңыздан қандай қадамдар жасалуда?» деген сұрақ қойылып, имамдардың қосып жатқан үлесінің мөлшерін анықтауға тырыстық (3-кестені қараңыз).

3-кесте. «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында имамдар тарапынан атқарылатын шаралар

№	ЖАУАПТАР	САНЫ*
1	Тұрғындарға, әсіресе жастарға, рухани тәрбие беру, тарихты, дәстүрлі дінді, салт-дәстүрді түсіндіру;	21
2	Рухани жаңғыру бойынша дәрістер өтеді (Қызылорда облысы)	1
3	Жастарды өз саласының маманы болуға шақырамыз	1
4	Қайырымдылық шараларын жасау	1
5	Салт-дәстүрді насихаттау, ұлттық ойындар, ат жарысын ұйымдастыру	4
6	Спорт шараларын ұйымдастыру, жастарды спортқа тарту	4
7	Көне шаһарлар, мешіттер, діни және тарихи қайраткерлер туралы мақалалар жазылды, конференциялар ұйымдастырылды, зираттар көтерілді (Атырау облысы); М.Жүсіптің және басқа да ғұламалардың еңбектерін, олар туралы зерттеулерді шығарып, таратамыз (Павлодар облысы); Ержан Хазірет деген кісінің еңбегін шығардық, конференция өткіздік (Маңғыстау облысы)	1
8	Ұлттық салт-дәстүрді насихаттау мақсатында әжелер мектебі қалыптасты (Атырау облысы)	2
9	Тұсаукесер, қалжа, т.б. салттарға пәтуа шығару ұсынылды (Павлодар облысы)	2
10	Уағыздарда Абайдың қара сөздерін пайдаланамыз (Павлодар облысы)	1
11	Қорымдарды қоршау жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргіздік (Қостанай облысы)	1
12	Шәкәрім, Абай, Ыбырай мұраларын дәріптеу мақсатында кездесулер өткіздік (Қостанай облысы)	1
13	Кітапханаларға діни әдебиеттер сыйлау	1
14	Мешіттер салынды	1
15	Отбасы құндылықтарын дамыту керек	1
16	Өзін жақсы жаққа қарай өзгерту (өз түсінігін ғана берген)	3
17	ҚМДБ берген бағыттар бойынша жүргізіледі (Шымкент қаласы)	1
18	Білмеймін, жуықта ғана келдім	1

**Ескерту: респонденттердің жауабы тақырыпқа сәйкес келмегендіктен немесе жауап берілмегендіктен, жауаптар саны респонденттер санына сәйкес келмейді*

Имамдар рухани-мәдени салада қызмет еткендіктен, олардың күнделікті жұмыстарын атқару барысында жамағат арасында «Рухани Жаңғыру» бағдарламасында айтылған құндылықтар мен белгіленген міндеттерді насихаттауға мүмкіндіктері жоғары. Мұндай жұмыстар ҚМДБ мен мешіттердің дін мен дәстүрдің сабақтастығын қамтамасыз ету бағытындағы басымдықтарының аясында да бірнеше жылдар бойында жалғасып келеді. Сол себепті имамдар бұл саладағы жұмыстарға тартылған деуге болады.

Дегенмен, алынған жауаптардан респонденттердің басым бөлігінің «Рухани Жаңғыру» бағдарламасымен жеткілікті деңгейде таныс емес екендігін байқауға болады. Бағдарламаның атауы құжаттың мазмұнын беріп тұрғандықтан, респонденттердің барлығы жалпы рухани тәрбие жөнінде әңгіме қозғап, сол бағытта уағыз-насихат жүргізіп жатқандықтарын айтқан. Сондықтан «тұрғындарға, әсіресе жастарға, рухани тәрбие беру, тарихты, дәстүрлі дінді, салт-дәстүрді түсіндіру» деген жауаптар жиі берілген.

Атырау, Маңғыстау, Павлодар, Қостанай облыстарында осы бағытта кешенді жұмыстардың атқарылғандығы байқалады:

- «көне шаһарлар, мешіттер, діни және тарихи қайраткерлер туралы мақалалар жазылды, конференциялар ұйымдастырылды, зираттар көтерілді», «ұлттық салт-дәстүрді насихаттау мақсатында әжелер мектебі қалыптасты» (Атырау облысы);

- «М.Жүсіптің және басқа да ғұламалардың еңбектерін, олар туралы зерттеулерді шығарып, таратамыз», «тұсаукесер, қалжа, т.б. салттарға пәтуа шығару ұсынылды», «уағыздарда Абайдың қара сөздерін пайдаланамыз» (Павлодар облысы);

- «Ержан Хазірет деген кісінің еңбегін шығардық, конференция өткіздік» (Маңғыстау облысы);

- «қорымдарды қоршау жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргіздік», «Шәкәрім, Абай, Ыбырай мұраларын дәріптеу мақсатында кездесулер өткіздік» (Қостанай облысы).

Жауаптардың негізінде мынадай қорытынды жасауға болады:

- Имамдардың көпшілігі «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын атауына қарап қана рухани бағыттағы құжат екендігін жобалайды. Бағдарлама аясындағы құндылықтарды нақты атап, талдау бермеген және жобаларды мүлдем атай алмаған. Сәйкесінше, ҚМДБ тарапынан «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жүйелі жұмыстар қарастырылмаған деген болжам жасауға болады.

- Имамдардың «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы бойынша өңірлерде өткізілді деген іс-шараларының көпшілігін (конференциялар, зерттеулер, тарихи тұлғалардың еңбектерін шығару) мешіттердің тарапынан емес, жергілікті (орталық) мемлекеттік органдар мен мекемелердің тарапынан ұйымдастырылған шаралар деп болжамдауға да негіз бар. Мешіттер тек сол шаралардың қатысушыларының бірі ғана болғанға ұқсайды.

II ИМАМДАРДЫҢ БІЛІМІ МЕН БІЛІКТІЛІГІ

2.1 Имамдардың зайырлы білім алуға деген көзқарасы

Секуляризация теориясын қарастырған бірқатар авторлар оның әлеуметтік салдары жеке адамға және қоғамға әртүрлі ықпал ететіндігін айтады. Мәселен, австриялық социолог Питер Бергер «Священная завеса» еңбегінде секуляризацияға ықпал ететін басты фактор ретінде қоғамның капиталистік-индустриалдық тұрғыдан рационалдануын атайды [2].

Индустриалдық қоғам ғылыми-техникалық инфрақұрылымға, мамандарға сұраныс тудырады. Сәйкесінше, бұл сұраныс әлеуметтік құрылымдық деңгейде ғана емес, ең алдымен, индивидтік сана деңгейіндегі өзгерісті қажет етеді. Алдымен индивидтік сана секулярланады. Экономикадағы секуляризм саяси, әлеуметтік салаларға да өтіп, діни өмірдің өзгерісіне әкеледі. Дін жойылмайды. Ол саяси, экономикалық, әлеуметтік салалардағы жалпылық ауқымын жоғалтып, әр индивидтің жеке өмірінің бір саласынан ғана орын алып, тіршілік етуге көшеді.

Дінге сенудің «шіркеуден тыс» формалары дамиды. Сәйкесінше, бұл процесс діни ұйымдардың өз сенушілерін сақтап қалу және санын арттыру жолындағы бәсекелестігін күшейтеді. Соңғы жаңалықтардың бірін алатын болсақ, консерватив тілігімен ерекшеленетін Рим-католик шіркеуінің ақпараттық-технологиялық модернизацияға қадам басып, «Ақылды таспих» смарт жобасын ұсынуы соның бір дәлелі десе болады [3].

Американдық әлеуметтанушы О'Ди секуляризацияның екі салдарын атап көрсетеді [4]: 1) индивид санасындағы десакрализация және ойлаудың рационалдануы; 2) діндегі демифологизация.

Сенушілер аудиториясының сыни ойлау және зайырлы сауаттылық деңгейінің артуы діндердің теологиялық дискурсын өзгертеді. Олар мифтік, мистикалық мазмұндағы дискурстардан алшақтап, рационалды сипаттағы діни қызмет (уағыз-насихат, жоралар) жүргізуге бет бұрады.

Жаһандық жүйенің бір бөлігі болып табылатын Қазақстанның қоғамында жүзеге асып жатқан секуляризация үдерісі де еліміздегі ҚМДБ жұмысын рационалдануға бағыттады.

Қазіргі уақытта ҚМДБ діни кадрларды даярлау мәселесінде олардың зайырлы білім алуына ерекше назар аударуда. Осы мақсаттағы шаралар 2 бағытта жүзеге асуда: академиялық діни білім беру бағдарламасы аясында және имамдардың біліктілігін арттыру курстарының аясында.

Академиялық діни білім саласында имамдар екі жағдайда зайырлы білім алады: медреселер базасында және университет базасында (3-қосымшаны қараңыз).

1) Елімізде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты 9 медресе-колледж қызмет атқаруда. Атап айтқанда, олар:

- «Әбу Ханифа медресесі» колледжі (Алматы қаласы);
- «Әбу Бәкір Сыддық» медресесі (Павлодар қаласы);
- «Астана» медресесі (Нұр-Сұлтан қаласы);
- «Ақтөбе медресесі» колледжі (Ақтөбе облысы);
- «Орал» медресесі (Орал қаласы);
- «Үшқоңыр медресесі» колледжі (Алматы облысы);
- «Хибатулла Тарази» медресесі (Тараз қаласы);
- «Сарыағаш медресесі» колледжі (Түркістан облысы Сарыағаш ауданы);
- «Шымкент медресесі» колледжі (Шымкент қаласы).

Аталғандардың ішінде 5 колледж-медресе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім саласындағы бақылау департаментінің «0112000 – Исламтану» және «0112013 – Имам Хатиб» мамандықтары бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығын беретін лицензиясын алған.

Оқу мерзімі 11 сыныптан немесе колледжден кейінгілер үшін 2 жыл 10 ай, 9-сынып бітіріп келгендер үшін 3 жыл 10 ай. Медресе-колледж түлектеріне техникалық және орта кәсіби білімі туралы диплом беріледі.

Медреселердің оқу бағдарламалары мемлекеттік стандарттарға сай әзірленетіндіктен және заман талабына сай маман даярлау сұранысына байланысты бірінші курста зайырлы пәндер оқытылады. Олардың қатарында философия, Қазақстан тарихы, информатика, психология, әдебиет пәндері қарастырылған.

Сондай-ақ жоғарғы білім саласында қызмет атқаратын «Нұр-Мүбарак» ислам мәдениеті университеті бағдарламалары аясында діни және зайырлы мамандар даярлануда. Олардың ішінде діни білім беретін мамандықтардың оқу бағдарламаларында да зайырлы пәндерді оқыту міндеті қарастырылған.

2) Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы имамдардың біліктілігін арттыруды 2 республикалық институтта жүзеге асырады: Нұр-Сұлтан қаласындағы Республикалық дін қызметкерлерін қайта кәсіби даярлау институтында және Алматы қаласындағы Республикалық имамдардың білімін жетілдіру институында.

Аталған институттардың біліктілікті арттыру курстары аясында имамдарға зайырлы білім беруге, олардың зайырлы мәдениетін көтеруге арналған пәндерді оқыту қарастырылған.

Зайырлы білімнің қажеттілігін имамдар да сезінген. Бәсекеге қабілетті болу мақсатында олардың зайырлы білім деңгейін көтеруге деген талпынысының арту тенденциясы байқалады. Сұхбат аясында қойылған «Имамдардың зайырлы білім алуына көзқарасыңыз қандай? Сіз үшін қосымша білім алу қаншалықты маңызды?» деген сұраққа берілген жауаптар осы ойымызға дәлел бола алады.

Зайырлы білім алуға деген негізгі мотивацияны «имамның кез келген ортада сөзі өтімді болуы үшін, ол жан-жақты болуы керек», «дүниелік және діни білім тең болуы керек» деген жауаптардан көруге болады. Имамдардың басым көпшілігі осыған ұқсас мазмұндағы жауаптар берген.

«Өнер, психология, экономика, саясат, Қазақстан тарихы, әдебиет, педагогика, медиация бойынша білім алса», «латын әліпбиін алғашқылардың бірі болып имамдар оқыса» деген жауаптар имамдардың зайырлы білім саласында нақты қандай мәселелер бойынша білімін арттырғысы келетіндігін байқатады.

«Магистратура оқығым келеді», «ағылшын тілін оқып жатырмын», «діни білімнен бөлек, имам тағы бір маман иесі болуы керек» деген жауаптардан кейбір имамдардың жақын келешекте зайырлы мамандық алғысы келетін жоспары бар екендігін аңғаруға болады. Еліміздің дінтану мамандарын даярлайтын оқу орындарында (Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Түркістан қалаларында) магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша білім алушы имамдардың санының жыл сайын артып келе жатқандығын соған дәлел деп айтуға негіз бар.

Имамдардың бірі мемлекеттік органдар тарапынан да қолдау жасалса деген тілегін жеткізген. Ол мұндай тәжірибенің болғандығын, «кезінде Павлодар облысы болған Ерлан Арын Павлодар көпбейінді инновациялық колледжінде құқықтану мамандығы бойынша 75 имамға тегін оқып шығуға көмектескендігін» айтады.

Жалпы алғанда, осы сұрақтардың жауабын жоғарыда талданған имамдардың зайырлылық жөніндегі түсініктері мәселесімен бірге қарастырсақ, олардың зайырлы білім алуға деген құлшынысы зайырлылық жөніндегі ақпараттану деңгейінің жеткіліксіздігімен тікелей байланысты деген болжам жасауға болады.

2.2 Имамдарды аттестаттау мәселелері

Аттестация – белгілі бір саладағы маманның білім деңгейі мен біліктілік дәрежесінің лауазымына сәйкестілігін растау мақсатында өткізілетін тексеріс немесе сынақ.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 2013 жылы «Қазақстан мұсылмандары діни бірлестігі Республикалық ислами діни бірлестігі аттестациялық (сараптау) комиссиясының» ережесін қабылдап, имамдарды сараптаудан өткізу саласында жүйелі жұмыс бастады (2-қосымшаны қараңыз). 2017 жылы аталған ереже жаңа талаптарға сәйкес қайта қабылданды.

Аттестацияның мақсаты ҚМДБ өкілдерінің ислами діни даярлығы деңгейін, құқықтық мәдениетін, азаматтармен жұмыс істеу қабілетін айқындау болып табылады.

Аттестация аясында сараптаудан өтушінің діни және құқықтық сауаттылығын бағалауға арналған жазбаша және ауызша тапсырмалар беріледі.

Дін саласындағы сауаттылықты анықтау Құран сүрелерін тәжуид [1] қағидаларына сай сауатты оқу деңгейін бағалау, фиқһ [2] және ақида [3] негіздерін білу негізінде жүргізіледі.

Құқықтық сауаттылықты тексеру Қазақстан Республикасының Конституция, дін саласындағы және еңбек қатынастары саласындағы заңнама бойынша әзірленген тапсырмалар негізінде жүзеге асырылады.

Еңбек қатынастары саласындағы заңнаманы білу талабы соңғы ереженің аясында енгізілді. Оған негіз болған себеп – имамдардың жұмыс беруші ретінде еңбек саласындағы қатынастарға да араласуы.

Сұхбатта респонденттерге «2017 жылы ҚМДБ ресми түрде дін қызметкерлерін аттестаттау туралы жаңа ереже жасады. Имамдарды аттестаттау қалай өткізіледі? Сіз оны қалай өттіңіз, қандай оң немесе теріс бағыттарды бөліп көрсете аласыз? Имамдарды аттестаттауды тиімді ету үшін қандай ұсыныстарыңыз бар?» деген сұрақ қойылып, атестаттауды нақты тәжірибеден өткен имамдардың бағлалауы негізінде сараптау шараларының өткізілу ерекшеліктерін, артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап көру міндеті қойылды.

Аттестаттау бірнеше кезеңнен тұрады. Сондықтан аттестаттау процесінің ерекшеліктерін имамдардың көзімен өткізу кезеңдері бойынша бағалап көрейік.

1) Аттестация өткізуге дайындық кезеңі. Ереже бойынша бұл кезеңде Басқарманың кадр бөлімі аттестациядан өту құжаттарын әзірлейді, аттестация өткізу кестесін дайындайды, аттестация өткізудің мақсат-міндеттерін және тәртібі мен мерзімі жөнінде имамдарға ақпарат береді. Аттестациялық комиссия құрылады, тиісті бұйрықтар шығарылады.

Аттестация өткізу мерзімі туралы оны өткізудің басталуына кемінде бір ай қалғанда аттестация өтетін дін қызметкерлеріне жазбаша хабардар етеді.

Жалпы алғанда, аттестаттаудың бұл кезеңі бойынша респонденттердің көп ескертулері болмады. Тек бірнеше имамның жауабы ғана тәжірибеде кейбір шаралардың Ержеде көрсетілген тәртіпке сай келмей жататындығын меңзейді. Мәселен, имамдардың көпшілігі «аттестация жөнінде 1-2 ай бұрын ескертіледі және сұрақтары алдын ала беріледі» десе, енді біраз сұхбат мәліметі бойынша ондай ақпарат 1 апта қалғанда ғана облыс орталығынан жіберілетіндігі анықталды. Сәйкесінше, имамдар жеткілікті дайындалып үлгермейді және жұмыс жоспарларын да оңтайлы реттеу мүмкіндігінен айырылады. Бұл орайда ақпараттың кешіктірілуі орындаушы буынның деңгейінде субъективті себептерден болған деген болжам жасауға негіз бар. Яғни, аттестацияны ұйымдастыру кезеңіндегі жауапкершілікті арттыру қажеттілігі туындайды.

Тағы бір сұхбатта белгіленген аттестация өткізудің кестесі тұрақты сипатта емес екендігін жеткізеді: «Кей кезде жарияланған уақытында өткізілмей, бір жылға дейін созылып кетеді. Сәйкесінше, мұндай жағдай көңілді алаңдатып, мешіттің алдағы жұмыс жоспарын нақты белгілеуге кедергі келтіреді».

---

[1] Тәжуид сөзі белгілі бір нәрсені көркем, дұрыс істеу деген мағына береді. Ал тәжуид ілімінде Құранды әдебіне қарай дыбыстардың дұрыс шығуын ерекше мән беріп оқытатын білім.

[2] Фиқһ – ислам теологиясында нақты дәлелдерге сүйене отырып, амалдарға қатысты шариғат үкімдерін айқындау. «Фиқһ» сөзінің мағынасы шариғаттың амалдарға қатысты үкімдерін егжей-тегжей дәлелдер арқылы танып-білу. «Шариғат үкімдері» дегеніміз парыз қылу мен харам қылу сияқты шариғаттан алынған заңдар. «Амалдарға қатысты» дегеніміз намаз, зекет сияқты ақидаға қатысы жоқ нәрселер. «Егжей-тегжей дәлелдер арқылы» дегеніміз фиқһтағы жекелей (жалпы емес) мәселелерге қатысты дәлелдер арқылы тану.

[3] Ақида – ислам ілімінде адамның сенім сұрақтары мен қоршаған дүние жөнінде қалыптасқан танымы, пікірі, діни ұстанымдар жиынтығы. Мұсылман ақидасының түп негізі – Құран мен Сүннет. Яғни, әрбір мұсылманның таным-түсінігі, ұмырлық ұстаным-қағидалары осы қайнар-бұлақтардың негізінде қалыптасуы тиіс. Ақида мен иман бір-бірімен ажырамас ұғымдар. Иман – Алла Тағаланың дінін жүрекпен қабыл ету, яғни Пайғамбардың айтқан нәрселерін нақты түрде жүрекпен растау. Сонымен бірге иманның амалда көрініс табуы шарт. Ақида ілімі Исламдағы бес негіздің алғашқысын – иман мәселелерін зерттейді. Иман Алланың барлығына, бірлігіне, періштелеріне, Кітаптарына, пайғамбарларға, Ахирет күніне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың бір Алладан екендігіне сенуден тұрады.

2) Аттестация өткізу кезеңі. Аттестация облыс орталықтарында немесе Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында ұйымдастырылады. Көп жағдайда аттестация негізінен біліктілік арттыру семинарының аясында соңғы күндері өткізіледі.

Респонденттердің басым көпшілігі соңғы жылдары аттестацияның алғашқы бөлігі компьютерлік тест түрінде өтетіндігінен, өте қолайлы екендігін айтады. Сондай-ақ позитивті бағалаулар қатарында аттестаттаудың артықшылықтарын көрсететін мынадай бағыттағы пікірлер жиі қайталанады:

- «Аттестация имамдарды жазалау үшін өткізілмейді. Егер қандай да бір имам өтпей қалса, оны жұмыстан шығарып тастамайды. Керісінше, біліктілік арттыру курсына жіберіп, сол кеміс тұстарын толықтырып, қайта тапсыруына мүмкіндік береді. Қайта тапсыру ҚМДБ базасында ұйымдастырылады»;

- «Аттестация имамдарды серпілтеді, дайындық арқылы имамдар білімін қайталайды, толықтырады»;

- «Аттестация имамдардың ротациясына ықпал етеді. ҚМДБ аттестациядан жақсы өткендердің жеке базасын қалыптастырып, оларды жоғарылату тетіктерін қалыптастырады»;

- «Аттестация жыл сайын жетіліп келеді. Имамдарға қолайлы тетіктер көптеп қалыптасуда. Мысалы, компьютер арқылы тапсыру тест нәтижелерінің объективтілігін және жылдамдығын қамтамасыз етеді».

Сондай-ақ соңғы аттестаттаулар аясында тапсырмаларда Қазақстан тарихына, имамның жүріс-тұрысына, мінез-құлқына байланысты сұрақтардың болуы да сараптау жұмысының оң жетістігін көрсетеді.

Аз болса да, имамдар арасында аттестаттаудың осы кезеңінде жіберілген мынадай кемшіліктерді атағандары болды:

- «Имамдарды тестілеуге келген комиссия өкілдері шамалы әлсіз болды»;

- «Аттестациялық сынақта имамдарды негізінен құлатпайды. Себебі кадр тапшылығы бар. Сол себепті аттестацияға жауапкершілікпен қарамайтын имамдар бар»;

- «Аттестация аясындағы компьютерлік тестілеуге уақыт аз бөлінген. Компьютерден қай пернетақтаны басамын деп отырып, уақыт өткізіп аламыз».

Шынымен де, аттестаттау имамдардың біліктілігін арттыру мақсатын көздейді. Сараптаудан өтпей қалған имамдарды қосымша біліктілік арттыру курсына жіберіп, жеткіліксіз білімін толықтырып, қайта тапсыруға мүмкіндік беруі Мүфтияттың өз кадрларына деген жанашыр әрі жауапкершілікті қатынасын таныстырады. Алайда кадр тапшылығы жағдайын пайдаланып, аттестаттауға жауапкершілікпен қарамайтын имамдарға қатаң жаза қолданбау сараптау шараларының беделін түсіріп, басқа да имамдардың бойында аналогиялық қатынас тудыруы мүмкін. Мұндай жағдай пропорционалды түрде имамдардың білім сапасына да кері ықпал етеді. Ол өз кезегінде әлеуметтік институт ретіндегі мешіттердің қоғам үшін маңызды функциялық қызметтерінің сапасына да кері әсерін тигізбек. Сәйкесінше, бұл жағдай аттестаттау жұмыстарының мәніне жеткілікті назар және қатаң жауапкершілік қажет екендігін ұғындырады.

Аттестаттау кезінде компьютерді пайдалана алмайтын имамдар бар екендігі белгілі болды. Олар көп болмаса да, мешіттердің жұмысының біраз олқылықтарын аңғартады: кейбір имамдар күнделікті жұмыстарында қарапайым компьютерді пайдаланбайды деген сөз. Сәйкесінше, ақпараттық-цифрлық дәуірде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының және оның мешіттерінің инновациялық әлеуеті, бәсекеге қабілеттілік мүмкіндіктері жетілдіруді қажет етеді.

Жоғарыда біз Рим-католик шіркеуі қызметінің консерватизм құрсауынан шығып, модернизацияға бет бұру тенденциясын атап өттік. Инновациялық бәйгеде көш бастап келе жатқан протестанттық ағымдар католиктердің мұндай жаңашыл бастамасын бәсекеге шақырған бақталастық ретінде қабылдап, ақпараттық-технологиялық белсенділік қарқынын арттыратыны сөзсіз.

Сондай-ақ деструктивті ағымдардың ішіндегі псевдосалафилік ағымдар да бұл салада ерекше белсенділігімен көзге түсіп келеді. Қазақстандық псевдосалафилер бүгінде ұялы телефон

жөндеу және сату саласында көптеп еңбек етеді. Осы еңбек саласына енді қадам басқан орта білімі ғана бар псевлрсалафит көп ұзамай ұялы телефон жөндеп, ақпараттық-техникалық біліктілігімен көзге түседі. Яғни, бұл салада оларды арнайы оқытып, даярлайтын орталық бар деп болжамдауға толық негіз бар. Олардың әлеуметтік желілердегі және интернет ресурстардағы белсенділігін ақпараттық технологияларды игерудегі жетістіктерінің салдары ретінде қарастыруға болады.

Сонымен бірге псевлрсалафилер автомобиль бөлшектерін сату саласында да көп еңбек етеді. Еліміздің тау-кен саласында шахталарда жарғыш (взрывник) лауазымында қызмет атқаратын псевдосалафилер де кездеседі. Сарапшылық пікір олардың осы салалардағы біліктілігі қару-жарақ (соның ішінде электронды да) жасап шығара алатын әлеуеті қалыптасқандығын ескертеді.

Осындай жағдайда ҚМДБ мен мешіттердің кадрлық құрамының ақпараттық-технологиялық әлеуетін жетілдіруге деген үлкен сұраныс туындайтындығын байқаймыз. Сәйкесінше, имамдардың біліктілік талаптарының қатарына олардың цифрлық технологияларды меңгеру әрі қолдану құзыреттілігін де қосу қажет деген тұжырым жасауға болады.

Имамдар аттестаттауды жетілдіру бойынша мынадай бірқатар ұсынымдар берген:

- «аттестаттау әр жыл сайын салалар бойынша жеке-жеке жүргізілсе»;

- «аудандарда да көшпелі семинарлар өткізілсе, курстар көбірек болса»;

- «еңбек құқықтары бойынша сұрақтар қиындау, сондықтан сол мәселелер бойынша семинарлар өткізілсе»;

- «аттестация қарсаңында Құран жаттау сияқты алдын ала тапсырмалар берілсе»;

- «аттестацияда көркем мінез мәселесіне де көңіл бөлінсе».

2.3 Имамдарды қызметке тағайындау мәселелері

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан имамдарды жұмысқа қабылдаудың белгілі тәртібі қалыптасқан. Иерархиялық басқару жүйесі аясында кез келген деңгейдегі тағайындалатын имамның кандидатурасы бірнеше саты қарастырудан өтіп, Бас Мүфтидің шешімімен аяқталады.

Бұл орайда, кейбір дін өкілдері мен сарапшылар тарапынан бірқатар ресми емес теріс сындар да естіліп жатады. «Мүфтиятта да командалық жүйе бар, басшы ауысса, ескі команда кетіп, жаңасы келеді», «көре алмаушылық салдарынан қызметте ұнамаған адамды басқа «діни идеологияның өкілі» деген ашық айтылмайтын айыппен шеттетеді», «көптеген әкімдердің «меншік» имамдары бар, әкім ауысса, имам да ауысады» деген ресим емес сындар бар.

Әрине, мұндай ресми емес мәселелер зерттеу назарына алынған жоқ. Бұл мәселені қарастыру үшін ақпарат жинаудың басқа әдісін (мәселен, сауалнама әдісін) пайдаланып, анонимділігіне кепілдік берілуі керек деп ойлаймыз. Себебі сұхбат жауаптарынан байқалған ерекшеліктің бірі имамдардың сыни пікір айтудан қашқалақтап, ақпараттық тұрғыдан жартылай жабылып қалу құбылысы байқалды.

Сұхбат аясында имамдардың тағайындалу ерекшеліктерін, қиындықтарын анықтап, өзекті мәселелердің шешу жолдарын қарастыру мақсатында «Имамдар қалай тағайындалады? Сіздің ойыңызша, имам қызметіне үміткер адамдар қандай қиындықтарға тап болады? Осы салада нені жақсартуға болады?» деген сұрақ қойылды.

Алынған жауаптар негізінде имамды қызметке тағайындаудың мынадай реттілігі анықталды:

- үміткер адам жұмысқа қабылдау жөнінде қабылданғалы отырған мешітінің бас имамының атына өтініш жазады;

- бас имам ол өтінішті қарап, үміткермен сұхбаттасып, лайықты деп таныса, өңірдің өкіл имамына қызметке алу жөнінде ұсыныс жасайды;

- өкіл имам ұсынысты қарастырып, үміткермен сұхбаттасады, лайықты деп білсе, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына ұсыныс береді;

- ҚМДБ жанындағы аттестаттау комиссиясы үміткердің құжаттарын қарастырады, аттестациядан өткізеді;

- комиссияның оң нәтижесі болған жағдайда Бас Мүфтидің бұйрығымен тағайындалады;

- бұйрық шығарылып, почтамен жіберіледі.

Үміткердің кандидатурасына мынадай талаптар қойылады:

1) Респонденттердің айтуынша, имамдыққа үміткер адам, ең алдымен, «шариғаттағы имамдыққа қойылатын талаптарға сай болуы керек: құлағы керең болмауы керек, аяқ-қолы бүтін болуы керек». Яғни, жамағатпен жұмыс істеуге денсаулығының жарамды болуы – басты шарттардың бірі.

2) Діни білімі болуы керек. Діни білімін растайтын дипломының болуы да жұмысқа алудағы басты алғышарттардың бірі болып табылады. Мейлінше мешітте жұмыс жасаған, оның қызмет ерекшеліктерін, салт-жораларды тәжірибеде атқарып көрген адам болуы да назарға алынады.

3) Үміткердің соттылығы болмауы керек, психодиспансерде және наркодиспансерде есепте тұрмаған болуы керек.

Кадр тапшылығына байланысты Мүфтият жоғарыда айтылған талаптарды барлық жағдайда ұстана бермейді. Сол себепті кей жағдайда имамы жоқ ауылдарда ауыл өкілінің бірін таңдап, қызметке тағайындайды. Мұндайда негізінен үміткерді ауыл ақсақалдары ұсынады немесе діни сауаттылық деңгейін есепке ала отырып, аудан имамы ұсыныс білдіреді. Діни сауаты жеткіліксіз болған жағдайда аудан имамы үміткерді білім көтеру курстарына жіберіп, оқытады.

Респонденттер кей жағдайда ауыл ақсақалдарының Мүфтият тарапынан тағайындалған имамдарды қабылдағысы келмей, өз ауылдарының өкілін ұсынып жататындығын да айтады.

Мұндай әрекеттердің себептерін имамдар ашып бермеген. Дегенмен, тәжірибеде орын алған жағдайлар негізінде оның бірқатар себептерін төмендегідей болжамдауға негіз бар:

1) ақсақалдардың имам ретінде өз руларының өкілдерін көргісі келуі;

2) ақсақалдардың имам ретінде өз этносының өкілдерін көргісі келуі;

3) өз ауылының тумасы жергілікті салттарды біледі және менталитет жағынан да жақын деп есептелуі;

4) тұрғындардың мәдени оқшаулық жағдайында өзге өңірдің өкілдерін қабылдағысы келмеуі;

5) ақсақалдардың жеке амбициясы: әкімдіктердің жұмысына қоғамдық бақылау тетіктерін қалыптастырған ақсақалдар ендігі аралықта мүфтияттың да өздерімен санасу керектігін ұғындыруы.

Алайда имамдар мұндай ұстанымның дұрыс еместігін мынадай пікірлермен жеткізеді:

- «Қандай да бір сүрелерді жаттап алып, оны оқып берген адамның бәрі имам емес. Мешіттің имамы – мехрабтың имамы. Ол деген сөз имам намаз өткізуі, құран оқуы, уағыз жүргізуі, неке қиюы, дұғаларды оқуы үшін сауатты болуы керек дегенді білдіреді. Ал тек сүрелерді жаттап алған адам имам бола алмайды».

- «Әр ауыл тұрғындары өз мешіттеріне молда тағайындап алатын болса, мұсылман жамағатында бөлінушілік, ыдырау басталады. Ол руға, ұлтқа, өңірге бөлінуге әкеліп, елдің ішкі бірлігі бұзылады».

Респонденттер негізінен имамдарды тағайындау тәртібіне қанағаттанады деуге болады. Тек бірер жауаптар ғана имамдыққа тағайындау кезінде орын алатын кемшіліктердің бар екендігін көрсетеді. «3 жыл медресе оқып келсе де, наиб-имам етіп қана алады. Ал бас имам қызметінде білімі таяз адамдар да аз емес. Ең алдымен білімді талап етпейді» деген жауап жас имамдардың ренішін байқатады.

Дегенмен, енді бір пікір жастарды бірден бас имам етіп тағайындаудың дұрыс емес екендігін жеткізеді: «Жастарды бас имам ретінде тағайындаған дұрыс емес. Оларда тек теориялық білім ғана бар. Сондай-ақ олар тәкаппар болады және келушілермен дұрыс қарым-қатынас жасай алмайды. Мұндай лауазымға 35-50 жас аралығындағы тәжірибелі адамдарды тағайындаған жөн».

Респонденттердің көпшілігі ротация негізінде қай жерге жіберсе де, құлшылық жолында барып қызмет атқарғандығын, әлі де баруға дайын екендіктерін айтады. Алайда өз өңірлерінде, туған жерлерінде қызмет етуге деген ниеттері жоғары екендігі байқалады. Десек те, имамдардың бірі «имамдарды өздері туып-өскен еліне тағайындамаған жөн, себебі ол жердің тұрғындарына сөзін өткізе алмайды» деген пікір білдірген. Яғни, имамдарды тағайындау кезінде мұндай сараланған тәсілді қолданған да дұрыс деуге болады. Себебі имамдардың тұлғалық ерекшеліктері, шыққан әлеуметтік ортасы да бірдей емес.

Респонденттер имамдарды тағайындаумен байланысты мынадай қиындықтарды да атаған:

- «Ауылдық жерлердегі имамдардың жалақылары төмен. Кей имамдарға мүлде жалақы қарастырылмаған».

- «Ауыл имамы жалғыз болғандықтан, барлық шаруаны өзі жалғыз атқарады».

- «Ауыл имамдарының көпшілігінде баспана жоқ. Әсіресе, мүфтият бағыттауымен барған жас имамдар үшін мұндай жағдай өте қиын болып табылады. Отбасымен барған имам баспана, жалақы мәселелері шешілмегендіктен, ол ауылдан кетуге мәжбүр болады».

- «Әйел ұстаздарға жеке үй қажет. Мешіт меншігінде қызметтік баспана болмағандықтан, оларға баспана жалдап беру қиындау болып тұр».

- «Мешітке келушілер арасында дөрекілік танытушылар да болады».

Көріп отырғанымыздай, негізінен, ауыл имамдары тағайындалу кезінде көп қиыншылықтармен бетпе бет келеді. Жалақының жоқтығы (немесе төмен деңгейі), баспананың жоқтығы сияқты мәселелер ауылдық жерде имамдарды ұстап қалуға кедергі келтіретін басты факторлар болып табылады.

Мешіттер жұмысындағы өзекті мәселелердің бірі әйел ұстаздарды жұмысқа тарту десек, оларға жеке баспана жалдап беруге көптеген мешіттердің мүмкіндіктері жетпейді.

«Ауыл имамы жалғыз болғандықтан, барлық шаруаны өзі жалғыз атқарады» деген жауап та мәселенің бір қырын шығарады. Мешіттегі жөндеу жұмыстары, отын түсіру, от жағу, мешіттің тазалығын қамтамасыз ету, материалдық және коммуналдық шығындарға демеуші іздеу, т.с.с. шаруашылық жұмыстар діни қызметпен қатар қабаттасып, ауыл имамының жұмысын ауырлатады әрі негізгі қызметінен алаңдатады. Жұмысшы әрі имам бейнесіндегі көрінісі жамағаттың алдындағы беделіне нұқсан келтіреді.

Кадрлық мәселені шешу үшін респонденттер бірқатар ұсыныстарын да жеткізген: «медреселер көптеп ашылса», «мектепте дін сабағы берілсе (Қарағанды облысы)», «мектепті үздік бітіруші талапкерлердің дін мамандығына келуіне мотивация тудырса».

Мектепте дін сабағын енгізуді ұсынған жауап кейбір имамдардың зайырлылықтың «діннің мектептен бөлінуі» қағидасы туралы білмейтіндігін немесе қабылдағысы келмейтіндігін айғақтайды.

«Мектепті үздік бітіруші талапкерлердің дін мамандығына келуіне мотивация тудырса» деген жауап та кадрлық проблеманың бір қырын ашады. Жалпы, мектепті үздік бітірген алғыр түлектердің дін мамандығын көп таңдай бермейтіндігі белгілі. Сондай-ақ медреселерге бұзақы мінез-құлқымен ерекшеленген жастардың көптеп түсетіні туралы да сарапшылық пікірлер бар.

Автордың зерттеушілік тәжірибесінде бақыланған тағы бір құбылысты қарастырып көрейік. Іссапарлар барысында оңтүстік өңірлердің аудандық мешіттерінде бас имамның маңына топтасқан ондаған жастарды көруге болады. Мектеп бітірген, алайда ешбір мамандықта оқымайтын немесе ешбір жерде еңбек етпейтін жастар. Діни жораларын жасап болса да, ертелі-кеш мешіттің аумағынан кетпейді. Бақыланған мешіттерде медресенің де жоқ екендігін ескерсек, жастардың бұл әрекеті еріксіз «жастар неге үйлеріне қайтпай, ертелі-кеш мешітті торуылдайды?» деген сұрақ туындайды. Алайда көп ұзамай, бұл құбылыстың себебі де айқын болды. Бас имамдар ондай жастарға мешіт асханасынан үш мезгіл ас ұйымдастырып, оларды мешіттің және көп жағдайда өздерінің үй шаруашылықтарында пайдаланады екен. Дін саласындағы сарапшылардың бірі бұл құбылысқа мынадай пікір білдірді: «Мұндай жастардың көпшілігі әл-ауқаты төмен отбасынан шыққандар. Үйлерінде тойып тамақ ішпейтін жандар. Мешіттегі

асты жағалап жүретіндігі де содан. Имамдардың мешітте және үйлерінде жайған мол дастарханы мен әл-ауқатын көріп, олардың медресеге түсуге және келешекте имам болуға деген қызығушылықтары артады».

Егер бұл құбылыс, шынымен де, біраз жастардың медресеге түсу мотивацияларының бірі болса, кадр дайындау мәселесінің тағы бір өзекті тұсы анықталады.

2.4 Имамдардың өз жалақыларына қанағаттану деңгейі

Сұхбат аясында имамдардың өз жалақыларына қанағаттану деңгейін анықтау міндеті белгіленді. Алайда бұл мәселеде респонденттер үшін де, зерттеушілер үшін де қиындық тудыратын мынадай мәселелер бар:

1) Имамдардың көпшілігінде нақты белгіленген жалақы жоқ. Көптеген имамдар мешітке түсетін әртүрлі қаражат (қайырымдылық, садақа, т.б.) есебінен еңбекақы алады. Мешітте басқа да қызметшілер болғандықтан, мұндай қаржы барлық персоналдың еңбекақысына бөлінуі қажет. Сол себепті тұрақты жалақы алмайтын имамдардың өз жалақыларына қанағаттану мәселесіне байланысты пікір білдіруі, ал зерттеушінің олардан қанағаттану деңгейін сұрап, оны бағалауға тырысуы объективті нәтижеге қол жеткізбейді.

2) Имамдар дін саласы мамандары болғандықтан, өз өмірлерін құдайға құлшылық жолына арнадық деп есептейді. Сол себепті де материалдық құндылықтар рухани құндылықтардан жоғары қойылмайды. Осындай қатынас олардың өз жалақыларына, материалдық жағдайларына шағымдануын тежеуші басты факторға айналған. Бұл фактор да имамдардың қанағаттану деңгейін объективті бағалауға толық мүмкіндік бермейді.

Сұхбат нәтижелері бойынша имамдардың өз жалақыларына қанағаттану деңгейі – 74 пайыз («қанағаттандырады» - 35 имам, «қанағаттандырады десе болады» - 2 имам). «Қанағаттанбайтындар» - 10 имам, «жалақы алмайтындар» - 3 имам (2-диаграмманы қараңыз).

2-диаграмма. Имамдардың өз жалақыларына қанағаттану деңгейі *(%)*



Жоғарыда атап кеткеніміздей, имамдардың көпшілігінде тағайындалған номиналды еңбекақы жоқ. Олардың жалақылары демеушілік көмектен, садақалардан құралады. Түрлі негізде жинақталған қаражат мешіттегі имамнан басқа да персоналдың еңбекақысына және коммуналдық төлемдерге жұмсалады.

Имамдар зекеттен түсетін кірістің мәселені шешпейтіндігін айтады. Себебі зекеттің көп түсетін уақыты Рамазан айы. Басқа уақытта зекет мөлшері азаяды. Зекеттен жиналған мүлік шариғат бойынша 8 топтың өкілдеріне тең бөлініп берілетіндігінен, ол имамдардың жалақысын қалыптастыра алмайды. Әсіресе, ерекше қиындық көретін солтүстік өңірлердің имамдары. Себебі ол өңірде тұрғындардың этникалық құрамының ерекшелігіне байланысты мұсылман жамағатының үлесі төмен. Сәйкесінше, мешітке түсетін садақа, зекеттің де мөлшері өте төмен.

Респонденттердің айтуынша, негізінен ауылдық жерге барған жас имамдар көп қиындық көреді. Жалақының төмендігі және баспананың жоқтығы ауылдық жерде имамдардың жиі ауысуына негіз болады. Жасы ересек имамдар мешіт жалақысына қарамай, отбасылық шаруашылықпен айналысады (бау-бақша, мал), такси жүргізеді.

Сұхбат жүргізудегі бір ерекшелік респонденттердің пікірлерін тыңдап қана қоймай, олардың жауап беру кезіндегі эмоциялық жағдайына да назар аудару болып табылады. Міне, осы жалақы мәселесіне келгенде имамдар қанағаттанатындықтарын айтса да, олардың көңіл-күйі айтылған ойларымен сәйкес келмеген деуге болады. Алла жолындағы құлшылықта жүрген адамдар болғандықтан, «қанағаттанбаймын» десе, «құдайға күпірлік етемін» деп ойлайды, «қанағаттанамын» десе, өмір шындығындағы тұрмыстың ауырлығы олай айтуға мүмкіндік бермейді. Сол себепті көпшілік имамдар екеуінің аралығындағы «шүкір» және «қанағат» деген жауаптарға тоқталған.

Жалпы алғанда, имамдар, әсіресе ауылдық, соның ішінде басым бөлігінде солтүстік өңірлердің ауыл имамдары жалақыларына қанағаттанбайды деген тұжырым жасауға болады. Мүфтият пен мешіттер қызметтерінде руханилықтың басымдық алып, саналы прагматикалық ұстанымның әлсіз болуы да имамдардың өз жалақылары мен әлеуметтік жағдайлары туралы пікірлерін ашық білдірулеріне кедергі келтіретін басты факторлардың біріне айналған. Жалақы алмау себебін «зейнеткер имамдарға жалақы берілмейді» деп түсіндірген респонденттердің бірінің жауабы да осы тұжырымымызды дәлелдейді.

Өңірлердің ішінде барлық деңгейдегі имамдардың әлеуметтік мәселесін жүйелі шешкен Атырау облысының тәжірибесі ең озық тәжірибелердің бірі деуге болады. Онда имамдардың барлығы жалақымен, баспанамен және қызметтік көлікпен де қамтылған.

2011 жылғы 31 қазанда, 2012 жылғы 14 қыркүйекте Атырау облысында орын алған ірі террористік актілерден кейін өңір басшысы Бақтықожа Ізмұхамбетов облысқа қарасты барлық елді мекендердің басшыларына бюджеттік емес қаржы көздерінен қаражат тауып, мешіттердің барлығына білікті имамдарды тартып, оларды еңбекақымен, баспанамен және қызметтік көлікпен қамту жөнінде ресми емес тапсырма берген болатын. Соның негізінде өңірдегі имамдардың әл-ауқаты көтерілді. Аталған тәжірибе басқа да өңірлерге таралды. Алайда басқа өңір басшылықтары тарапынан жеткілікті қолдау тапқан жоқ.

2.5 Имамдардың шетелдерде біліктіліктерін арттыру мәселелері

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы имамдардың біліктілік арттыру мәселесіне ерекше мән беріп отырғандығын жоғарыда қарастырған болатынбыз. Республикалық және өңірлік деңгейлерден бөлек Мүфтият имамдардың біліктілігін шетелдерде де көтеруді жолға қойған. Мұндай шара арқылы имамдарға шетелдік тәжірибені меңгерту, алған білімі мен біліктілігін қазақстандық тәжірибе жағдайында қолдану және әріптестеріне үйрету мақсаты белгіленген.

Шетелдік курстар қай елде ұйымдастырылатындығын және оған имамдардың қолжетімділігін білу мақсатында респонденттерге «ҚМДБ имамдарды оқуға/біліктіліктерін арттыруға өзге елдерге жібереді ме? Жіберетін болса, көбінесе қай елдерге және неге?» деген сұрақ қойылды.

Респонденттердің жауабы негізінде имамдардың біліктілігін арттыру негізінен 2 елде жүзеге асырылатындығы белгілі болды:

1) Түркиядағы «Хасеки» имамдардың біліктілігін жетілдіру академиясы;

2) Мысыр Араб Республикасының «әл-Азһар» университеті.

«Неге бұл елдерде ұйымдастырылады?» деген сұрақтарға респонденттер бірауыздан ол елдердегі оқу орындарында оқытылатын исламдық жолдың қазақстандық бағытпен бірегей екендігін және осы салада меморандум жасалғандығын атап көрсетті.

Респонденттердің біраз бөлігі өздерінің барып, оқып келгендігін айтса, енді біреулері әріптестерінің барғандығын айтып, курстың қолжетімді екендігін ұғындырды. Барушылар негізінен араб тілін үйренеді немесе алған білімін қайталайды. Респонденттер курстардың сапасына да оң баға беріп отыр.

Респонденттер аталған елдердегі курстар жөнінде жеткілікті деңгейде ақпараттанған. Олардың ақпараты Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ақпаратымен сәйкес келеді.

Мүфтияттың ақпараты бойынша, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы екі елмен меморандум жасаған. ҚМДБ мен Мысыр Араб Республикасының «әл-Азһар» университеті арасындағы келісім негізінде Мысыр тарапынан қазақстандық имамдар үшін экстремизм мен терроризмнің алдын-алу бойынша жұмыс атқарып жатқан 50 имамға оқу гранты бөлінген. Бүгінгі күнге дейін 2 топ шақырылып, 19 имам білімдерін жетілдіріп қайтқан. Ал 3 топ 2019 жылдың 1 қыркүйек – 30 қазан аралығында білімін жетілдірді.

ҚМДБ мен Түркия дін істері басқармалары арасындағы келісім негізінде Түркияның Анкара қаласындағы 2 айлық білім жетілдіру курсына еліміздің 31 имамы қатысып, білімдерін көтеріп қайтқан. 2019 жылы тағы да 30 имамның баруы жоспарланған.

Жалпы, «Хасеки» академиясына оқуға қабылданған студенттер саны төмендегідей:

- 2017-2018 оқу жылында - 17 студент;

- 2018-2019 оқу жылында - 8 студент;

- 2019-2020 оқу жылында - 18 студент;

2019 жылы аталған оқу орнын 20 түлек бітіріп шыққан. 2019-2020 оқу жылында «әл-Азһар» университеті бөлген 32 грантқа Нұр-Мүбарак университетінен және медреселерден 32 студент оқуға түскен (3-қосымшаны қараңыз).

Шетелде діни білім алушы студеттермен байланыс орнату мақсатында «Талаба» қауымдастығы құрылған.

III ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАР МӘСЕЛЕСІ

3.1 Мешіттердегі деструктивті діни ағым өкілдері және олармен шиеленісу деңгейі

«Деструктивті» (лат. «destructivus») ұғымы латын тілінен аударғанда қандай да бір құбылыстың қалыпты құрылымын бұзушы, қиратушы мағынасын білдіреді.

Деструктивті діни ағымдар діни ілімдерді пайдалана отырып, жеке адамның және қоғамның құрылымын (конституциясын) бұзатын қауіпті ағымдар. Олар дін саласында қызмет еткенімен, шын мәнісінде белгілі бір саяси немесе экономикалық мақсатта құрылып, жұмыс жасайды. Қоғамдағы адамдар мен әлеуметтік топтарды қатарына тарта отырып, өз мақсаттарына жетуде құрал ретінде пайдаланады. Осылайша, зайырлылық қағидаттарына қайшылық келтіреді әрі адамдардың әлеуметтік-мәдени, психологиялық және физиологиялық дамуына, материалдық жағдайына зиянды ықпал етеді.

Тақырып аясында қарастырсақ, мешітке келуші деструктивті діни ағым өкілдері – «сәләфилік» ағымдардың сенушілері. Олардың қызметінің деструктивтілігінің негізгі сипаты мынадай:

- ұлттық құндылықтарды, мәдениетті, салт-дәстүрді теріске шығарады (мерекелерді тойлауды, беташар, сәлем салу сияқты дәстүрлерді, аруақтарға құран бағыштауды, т.б.);

- зайырлы қағидаларды, құндылықтарды, нормаларды жоққа шығарып, мойындаудан бас тартады, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетпейді;

- мазхабтарды (солардың ішінде ханафилік мазхабты да) мойындамайды, оларды исламға енген жаңалық ретінде қабылдайды;

- өз жамағаттарынан басқасының барлығын (тіпті, мұсылмандарды да) «кәпірлер» (адасушылар) ретінде айыптап, оларға төзімсіздік танытады;

- қазіргі мәдениет пен өнердің түрлеріне, туындыларына қарсылық танытады (музыка, балет, көркем өнер, т.б.);

- медициналық қызмет түрлерінен (қан құюдан, вакцинациядан, ағза трансплантациясынан, т.б.) бас тартып, өздерінің және туыстарының (әсіресе, балаларының) денсаулығына зиян келтіреді;

- білім беру мекемелеріндегі кейбір пәндерге (биология, дене шынықтыру, музыка, сурет, т.б.) қатыспауға шақырады.

Деструктивті діни ағым өкілдерінің мешітте қаншалықты жиі кездесетіндігін және олардың мешіт қызметшілерімен шеленісу жағдайларын анықтау мақсатында «Мешіттерде деструктивті діни ағымдардың өкілдерін қаншалықты жиі кездестіресіз? Олармен шиеленістер орын алды ма?» деген сұрақ қойылды.

Респонденттердің 88 пайызы (44 имам) өз мешіттерінде деструктивті діни ағым өкілдерін кездестіретіндігін айтады (4-кестені қараңыз).

4-кесте. Мешіттердегі деструктивті діни ағым өкілдерінің кездесу жиілігі

ЖАУАПТАР	САНЫ
Бар	23
Көп кездеспейді. Азайып келеді	15
Рамазан айында кездестіреміз	1
Күнделікті бес уақыт намазда бес рет кездестіремін	2
Әр қалада жат ағым өкілдерінің көп жиналатын бір мешіті болады. Біздің мешіт сондай (Қызылорда қаласы)	1
Келіп-кететін жолаушылар арасында кездеседі	2
Қазір байқалмайды (Шымкент қаласы)	1
Біздің мешітте мүлде жоқ (Алматы облысы, Қостанай облысы, ШҚО, Ақмола облысы, Ақтөбе облысы)	5

Сондай-ақ берілген жауаптардан аталған ағым өкілдеріне қатысты бірқатар ерекшеліктерді байқауға болады: олар «көп кездеспейді, азайып келеді», көбінесе мешіттерде «Рамазан айында кездеседі», сонымен қатар «келіп-кететін жолаушылар арасында кездеседі» және «әр қалада жат ағым өкілдерінің көп жиналатын бір мешіті болады», яғни олар сол жерлерге шоғырланып жинақталады.

Алматы, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Ақтөбе облыстары мен Шымкент қаласының кейбір мешіттерінде жат ағым өкілдері мүлде кездеспейді.

Респонденттердің 86 пайызы (43 имам) өз мешіттерінде деструктивті ағым өкілдерімен шиеленіс болмайтындығын айтады (5-кестені қараңыз).

5-кесте. Мешіттердегі деструктивті діни ағым өкілдерімен

№	ЖАУАПТАР	САНЫ
1	Шиеленіс жоқ	29
2	Бұрын болған, қазіргі уақытта шиеленістер жоқ	3
3	Шиеленіс жоқ, алайда намазды өз бағыттары бойынша оқиды	3
4	Шиеленіс жоқ. Намазға келеді, намаздан соң бірден кетіп қалады	2
5	Шиеленіс жоқ, себебі имам олармен шиеленіске түсуге қауіптенеді (Жамбыл облысы)	1
6	Шиеленіс жоқ, себебі олар заңнан аттамайды	1
7	Шиеленіс жоқ, «әминді» айтпайтын болды	1
8	Шиеленіс жоқ, себебі олар намазға келіп, жалпы залға кірмей, подвалда оқып кетеді (Қызылорда облысы)	1
9	Шиеленіс жоқ, себебі олардың кейбіреулері мешітке келмейді	1
10	Шиеленіс жоқ, себебі мешіттің ішкі ережесіне бағынуды талап етеміз	1
11	Шиеленістер болып тұрады (Қостанай облысы, Атырау облысы, Түркістан облысы, Жамбыл облысы)	5
12	Олар бізбен көп шиеленіспейді	1
13	Шиеленіссіз болмайды, себебі олар намаз, уағыз кезінде провокация жасайды (Атырау облысы)	1

Шиеленістің болмауына бірқатар себептер ықпал етеді: себебі олар «намазға келеді, намаздан соң бірден кетіп қалады»; себебі «олар заңнан аттамайды»; себебі «олар «әминді» айтпайтын болды»; «себебі олар намазға келіп, жалпы залға кірмей, подвалда оқып кетеді»; «себебі олардың кейбіреулері мешітке келмейді»; «себебі мешіттің ішкі ережесіне бағынуды талап етеміз»; «себебі имам олармен шиеленіске түсуге қауіптенеді».

«Себебі имам олармен шиеленіске түсуге қауіптенеді» деген жауап арнайы тексеруді қажет етеді. Жалпы, теріс ағым өкілдерінің мешіт имамдарына психологиялық қысым көрсеткен жағдайлары болғандығын кейбір сарапшылардың пікірлері де растайды.

Шиеленістің болатындығын растайтын пікірлер көп емес: «шиеленістер болып тұрады», «олар бізбен көп шиеленіспейді», «шиеленіссіз болмайды, себебі олар намаз, уағыз кезінде провокация жасайды». Шиеленістің болатындығын, негізінен, Қостанай, Атырау, Түркістан, Жамбыл облыстарының респонденттері айтады.

Шиеленістердің болу себептері олардың діни жораларды өзгеше орындауымен және жат ағым екендігін көрсететін сырт келбетімен (киім үлгісі, сақалы) байланысты: сыртқы киім әдебі, «әминді» дауыстап айтуы, намаздағы тұрыстарының өзгермей жатуы, т.б.

Сондай-ақ негізгі себептердің қатарында кейбір жат ағым өкілдерінің әдепсіздік танытуы болып отыр. Мәселен, бұл жөнінде респонденттердің бірі былай дейді: «Күнде мешітке келіп намаз оқиды ғой олар. Күнбе-күн біз көріп тұрамыз ғой оларды. Кейде адам күнде солардың жат қылығын көре бергеннен кейін не болады? Имамның жүйкесі тозады, сосын имам бір күні

оған «қойсаңшы» деп айтады. Сосын олар не істейді? Оны видеоға түсіріп алады, сөйтеді де публикаға «міне имам бүйтіп жатыр, сөйтіп жатыр» дейді.

…Хадисті айтуға шыққан кезде сенің алдыңда жат ағым идеялогиясында жүрген уахабисттер де отырады. Солар сен (хадисті – авт.) бастаған кезде құлағына құлаққап киеді немесе аяғын созады, немесе сағаң күледі, немесе сені мазақтайды. Өздері бізді адасқан қауым деп санап, өздерінікін дұрыс санайды да, мешітке келіп осындай қылық жасайды. Бір күн шыдайсың, екі күн шыдайсың, үш күн шыдайсың, сосын ескерту жасайсың. Сосын оның үстінен арыз жазамын «имамдық қызметіме кедергі жасап жатыр» деп. Сосын мен соны айтқаным үшін ол маған арыз жазады. Міне осыны күнде көреміз біз. Бірақ соған қарамастан сабыр етеміз».

Айтылған пікірлердің негізінде мынадай қорытынды жасауға болады:

1) Сұхбат берген барлық имамдар мешітке келуші деструктивті діни ағым өкілдері ретінде тек «сәләфилік» ағым өкілдерін қарастырады. Имамдардың ақпараты бойынша олардың мешіттерде көп кездесетіндігі байқалады. «Сәләфилер» дәстүрлі діннің ақидасын (діни дүниетанымын) және жораларын әлі де қабылдамай, өз сенімдері бойынша діни жоралғыларын орындауды жалғастыруда деуге болады. Осылайша, олар мешіт жамағатының ішінде мәдени анклавтық жағдайын сақтап отыр.

2) Мешіттерде жат ағым өкілдерімен шиеленіс көп орын алмайды. Бұл орайда жат ағымдардың мешіт өкілдерімен шиеленіссіз, қалыпты (толерантты) қарым-қатынас орнатуға қадам басу тенденциясы байқалады.

3.2 Мешіттердегі орыстілді жамағатқа орысша қызмет көрсету деңгейі

Деструктивті діни идеологиялар, негізінен, интернет ресурстар арқылы таралады. Солардың ішінде ең белсенді ақпарат көздерінің бірі әлеуметтік желілер болып табылады. Таралатын контенттің басым бөлігі орыс тіліндегі материалдар болғандықтан, олардың негізгі тұтынушыларын да орыстілді аудитория құрайды.

Жалпы, дәстүрлі емес діндердің қатарына орыстілді аудитория өкілдерінің көптеп кетуін сарапшылар басқа да факторлармен байланыстырады. Солардың бірі өз ана тілін білмегендіктен, салт-дәстүрін, шежіресін, тарихын, дәстүрлі дінінің ерекшеліктерін жете білмейтін мәдени шектеулі жағдай деуге болады.

Қалай десек те, өмір шындығында псевдосалафизм сияқты деструктивті ағымдардың қатарында орыстілділердің көп екендігі байқалады. Деструктивті ағым өкілдерімен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін жалғыз алаң мешіттер десек, бұл орайда сол жерлерде орыс тілінде қаншалықты ақпарат беріліп, қызмет көрсетілетіндігі маңызды.

Осы жағдайды анықтау мақсатында сұхбат аясында «Дін саласындағы кейбір сарапшылардың пікірінше мұсылмандар арасында деструктивті идеялардың таралуының бір себебі - орыс тілді мұсылмандардың мешіттердегі қазақ тілінде өткізілетін уағыздарды түсінбеуі. Сіздерде осындай проблемалар бар ма және оларды қалай шешесіздер?» деген сұрақ қойылды.

Респонденттердің салмақты бөлігі (27 имам) өз мешіттерінде орыстілді жамағатқа қызмет көрсетуде қиындық көрмейтіндігін айтады. Себебі екі тілде де қызмет көрсететін имамдары жеткілікті. Сондай-ақ мешіттердің сайттарында да орыс тіліндегі контенттің жеткілікті жарияланатындығы айтылды (6-кестені қараңыз).

6-кесте. Мешіттердегі орыстілді жамағатпен байланысты мәселелер

№	ЖАУАПТАР	САНЫ
1	Иә, орыстілді жамағат бар. Оларға екі тілде түсіндіретін мамандарымыз болғандықтан, қиындық жоқ	21
2	Иә, жат ағым өкілдері арасында орыстілділер көп. Бірақ оларға орысша да қызмет көрсететін мамандарымыз бар, қиындық жоқ	4
3	Екі тілде қызмет көрсететін имамдарымыз бар. Сондай-ақ сайттарымыз да екі тілде қызмет етеді. Ондай проблема жоқ	2
4	Біздің өңір тұрғындары басым бөлігінде (90 пайыздан астам) қазақтілді болғандықтан, ондай мәселе жоқ (Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан, Атырау облыстары)	10
5	Уағыздар тек қазақ тілінде жүргізіледі. Келушілер тарапынан орыс тілінде өткізуге байланысты өтініш түспеді (Шымкент қаласы, Қостанай облысы)	1
6	Орыс тілінде жүргізуге сұраныс болса да, уағызды тек қазақ тілінде жүргізу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілуде (Шымкент қаласы)	1
7	Ондай жағдай жоқ және жол берілмейді (Ақмола облысы)	1
8	Иә, ондай мәселе бар. Келешекте оған басымдық берілетін болады (СҚО)	1
9	Иә, ондай мәселе бар. Сол үшін орыстілді мамандар дайындау қажет (Жамбыл облысы)	1
10	Орыс тілінде уағыз жүргізуді дамыту қажет (ШҚО)	1
11	Иә, ондай мәселе бар. Орыс тілінде қызмет көрсететін имамдарымыз жоқ (Ақмола облысы)	1
12	Жамағаттың көпшілігі уағызды қазақша жүргізуді талап етеді (ШҚО)	1
13	Орыстілді жамағат өкілдері қазақша да түсінеді, бірақ түсінбедік деп өтірік айтады (Атырау облысы)	1
14	Орыстілді жамағат өкілдері де қазақша түсінеді. Сондықтан проблема жоқ (БҚО)	1
15	Иә, ондайлар бар. Бірақ өте аз	1
16	Ол тілге байланысты емес	1
17	Нұр-Сұлтан қаласындағы медреседе орыс топтары ашылып, орыстілді жамағатқа қызмет ететін мамандар дайындалуда	1

Аталған проблема өңірдегі тұрғындардың этникалық құрамында қазақтардың және қазақтілді тұрғындардың басымдық алуы себебінен Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан, Атырау облыстары үшін де өзекті емес екендігі айқындалып отыр.

Орыстілді жамағатпен жұмыс жүргізуде қиындықтары бар өңірлер ретінде Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола және Жамбыл облыстарын атауға болады: «Иә, ондай мәселе бар. Келешекте оған басымдық берілетін болады» (СҚО); «Иә, ондай мәселе бар. Сол үшін орыстілді мамандар дайындау қажет» (Жамбыл облысы); «Орыс тілінде уағыз жүргізуді дамыту қажет» (ШҚО); «Иә, ондай мәселе бар. Орыс тілінде қызмет көрсететін имамдарымыз жоқ» (Ақмола облысы).

Проблема өңірлік деңгейде де бірдей емес. Әр мешіттің бұл мәселедегі ерекшеліктері олардың орналасқан елді мекендерінің әлеуметтік, этнодемографиялық жағдайына байланысты. Мәселен, Атырау және Батыс Қазақстан өңірлерінің респонденттері орыстілді жамағат өкілдерінің қазақша түсінетіндігінен олардың ақпараттануымен және қазақша қызмет алуымен байланысты мәселенің жоқтығын айтады.

Шығыс Қазақстан облысында мешіттер жамағаты имамдарға қазақ тіліне басымдық беру жөнінде талап қойған: «жамағаттың көпшілігі уағызды қазақша жүргізуді талап етеді». Мұндай талаптың астарында өңірдегі тілмен байланысты ахуалдың ықпалы бар деуге болады.

Ал Шымкент қаласы мен Ақмола облыстарында имамдар мешіт қызметтерінің тек қазақша жүргізілгені жөн деп санайды: «орыс тілінде жүргізуге сұраныс болса да, уағызды тек қазақ тілінде жүргізу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілуде» (Шымкент қаласы), «ондай жағдай жоқ және жол берілмейді» (Ақмола облысы).

Респонденттердің бірі «Нұр-Сұлтан қаласындағы медреседе орыс топтары ашылып, орыстілді жамағатқа қызмет ететін мамандар дайындалуда» екендігін айтады. Сол арқылы орыстілді жамағаттың сұранысы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ерекше назарына алынғандығын байқауға болады.

Мүфтият бүгінде орыстілді имамдарды дайындауды Нұр-Мубарак университетінің және «Астана медресе колледжі» жеке мекемесінің (әзірше жалғыз медресе) базасында жүзеге асырады. Мәселен, аталған медреседе орыс тілінде білім беретін топтар ашылған. Медреседе қазіргі уақытта жалпы 93 студент білім алып жатыр десек, олардың ішінде 3 топта 46 студент орыс тілінде оқытылуда.

Берілген жауаптар негізінде мынадай құбылыстарды байқауға болады:

1) Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы орыстілді имамдарды даярлау мәселесіне ерекше назар аударып, басым міндеттердің бірі ретінде белгілеген. Сол себепті діни оқу орындарының базасында орыс тілінде білім беретін топтар ашылып, мамандар шығарылуда. Дегенмен, бұл процестің баяу жүріп жатқандығы байқалады.

2) Еліміздің көптеген мешіттері орыстілді жамағатқа орыс тілінде жеткілікті қызмет көрсетіп отыр. Діни жораларды орыс тілінде жүргізумен қатар ақпараттық сайттарында да орыстілді контенттер жариялайды.

3) Кейбір мешіттерде орыстілді жамағат өкілдеріне объективті және субъективті себептерден орыс тілінде қызмет көрсетіліп отырған жоқ. Объективті себептер қатарында орыстілді мамандардың жеткіліксіздігі, мешіт жамағатының имамдардан қазақ тілінде қызмет көрсетуін талап етуі болса, субъективті себептер ретінде имамдардың жеке ұстанымы тұрғысынан орыс тілінде қызмет көрсетуге қарсылық білдіру жағдайларын айтуға болады. Бұл құбылыс ҚМДБ тарапынан анықталған ортақ ұстаным мен регламенттің жоқтығынан немесе Мүфтияттың және өңірлердегі өкіл имамдардың жергілікті жамағаттармен кері байланыс жасау жүйесін қалыптастырмағандығынан болып отыр деген болжам жасауға негіз бар.

3.3 Мешіттердің деструктивті діни ағымдардан сақтандыру жұмыстарының сипаты

Мемлекеттің діни радикализмге, экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметіне мешіттер кең көлемде араласып, белсенді еңбек етуде. Билік органдарымен және азаматтық қоғам институттарымен бірге имамдар бүгінде түрлі ақпараттық-түсіндірме, оңалту және бейімдеу жұмыстарына көптеп тартылған.

Аталған жұмыстардан бөлек имамдар мешітке келген жамағатпен жүргізілетін жұмыс аясында да теріс ағымға кеткен сенушілерді дәстүрлі жолға қайтару, теріс ағымдарға кетудің алдын алу бойынша кешенді жұмыстар атқарады.

Сұхбат аясында өңірлердегі мешіттердің тұрғындарды деструктивті діни ағымдардан сақтандыру саласындағы жұмыстарының түрлерін және ерекшеліктерін білу мақсатында респонденттерге «Сіз мешітке келушілердің деструктивті діни ағымдар қатарына қосылуына жол бермеу үшін не істейсіз және осы бағытта тағы қандай шаралар атқара аласыз?» деген сұрақ қойылды.

Алынған жауаптар мешіттердегі деструктивті ағымдардан сақтандыру жұмыстарының индивидтік және топтық деңгейде, сондай-ақ түрлі форматта ұйымдастырылатынын көрсетеді (7-кестені қараңыз).

7-кесте. Мешітке келушілердің деструктивті діни ағымдар қатарына қосылуына жол бермеу үшін жасалатын шаралар

№	ЖАУАПТАР	САНЫ
1	Дәріс оқимыз, уағыз-насихат айтамыз	15
2	Сауат ашу курстарын ұйымдастырамыз, оны олардың уақытына бейімдеп қоямыз	3
3	Әйел ұстаздар шақырып, әйел жамағатына сабақ жүргіземіз	1
4	Жаз айларында балаларға арналған курстар өткіземіз	1
5	Келушілерді бақылап (қайдан келді, қандай отбасынан келді, кіммен араласады, т.б.), үздіксіз әңгіме жүргізіп отырамыз	8
6	Имамдармен жеке кездесулер өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі	8
7	Жұма намаздан кейін ақпарат береміз	7
8	Алғаш намазға келгендерге намаз үйретеміз	5
9	Спорттық шаралар (күрес, футбол) ұйымдастырамыз, сол арқылы жамағатты жақын тартамыз, бір-бірімен жақын таныстырамыз	2
10	Діни білім сайыстарын өткіземіз	1
11	Қайырымдылық шаралары өткізіледі	1
12	Телерадиостудия ұйымдастырып, сол жерде уағыз-насихат видеолар жазып, таратамыз; тәулік бойы әлеуметтік желілерде отырып, сұрақтарға жауап береміз; телефонмен сұрақтарға жауап береміз	1
13	Сайттарда ақпарат береміз	1

Аталған салада имамдар негізінен дәріс және уағыз-насихат арқылы жұмыс жасайды: «дәріс оқимыз, уағыз-насихат айтамыз», «сауат ашу курстарын ұйымдастырамыз», «әйел жамағатына сабақ жүргіземіз», «жаз айларында балаларға арналған курстар өткіземіз».

Сондай-ақ әр адамға жеке бағдарланған түсіндірме жұмыстары да үздіксіз жүргізіледі: «келушілерді бақылап, үздіксіз әңгіме жүргізіп отырамыз», «имамдармен жеке кездесулер өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі», «жұма намаздан кейін ақпарат береміз», «алғаш намазға келгендерге намаз үйретеміз».

Жиі болмаса да, қоғамдық-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырып тұратын мешіттер бар: «спорттық шаралар (күрес, футбол) ұйымдастырамыз, сол арқылы жамағатты жақын тартамыз, бір-бірімен жақын таныстырамыз», «діни білім сайыстарын өткіземіз», «қайырымдылық шаралары өткізіледі».

Имамдар сирек атаса да, қайырымдылық іс-шаралары олардың күнделікті атқаратын шараларының бірі деуге болады. Аталған шараның деструктивті ағымдардан сақтандыру міндетіне тікелей қатысы болмаса да, жанама түрде қайырымдылық көрсету мешіттердің қоғам алдындағы беделін көтеріп, тартымдылығын арттырады.

Белгіленген міндетке тікелей қатысы бар шаралардың бірі мешіттердің ақпараттық кеңістікте жұмыс жасауы десек, берілген жауаптар бұл саладағы жұмыстардың аздығын және әлсіздігін көрсетеді. Екі респондент қана «телерадиостудия ұйымдастырып, сол жерде уағыз-насихат видеолар жазып, таратамыз; тәулік бойы әлеуметтік желілерде отырып, сұрақтарға жауап береміз; телефонмен сұрақтарға жауап береміз», «Сайттарда ақпарат береміз» деген жауаптар берсе, оның бірі Нұр-Сұлтан қаласының өкілі. Яғни, мұндай жұмыстардың ел астанасынан басқа өңірлерде жеткілікті дамымай жатқандығы байқалады.

Жалпы алғанда, респонденттердің іс-шараларды атау жиілігін ескере отырып, топтастырсақ, мешіттердің өткізетін іс-шараларының негізгі бағыттары мынадай екендігі байқалады (3-диаграмманы қараңыз):

1) Жеке түсіндіру жұмыстары (28 респондент);

2) Дәріс, уағыз-насихат жұмыстары (20 респондент);

3) Қоғамдық-бұқаралық іс-шаралар (4 респондент);

4) Ақпараттық-коммуникациялық жұмыстар (2 респондент).

3-диаграмма. Деструктивті діни ағымдардан сақтандыру бойынша мешіттердің өткізетін іс-шараларының негізгі бағыттары (%)



**Кейбір респонденттер бірнеше шараларды атағандықтан жауаптар саны респонденттер санына сәйкес келмейді*

Респонденттердің жауаптары негізінде мынадай қорытынды жасауға болады:

1) Мешіттерде деструктивті діни ағымдардан сақтандыру жұмыстары кеңінен жүргізіледі. Алайда оларды жүргізудің орталықтан ұсынылған типтік әдістемесі жоқ екендігі байқалады. Яғни, әр мешіт өздерінің жеке тәжірибелеріне сүйене отырып жасайды.

2) Аталған саладағы жұмыстардың басым бөлігі мешітке келушілермен бетпе-бет форматында жүргізіледі. Бұл, әрине, тиімді тәсілдердің бірі. Дегенмен, мешіттердің ақпараттық кеңестіктегі, атап айтқанда, әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстардағы ақпараттық-коммуникациялық белсенділігінің төмендігі байқалады. Мұның басты себептерінің бірі, біз жоғарыда (3.3 бөлімінде) атап кеткендей, ең алдымен, мешіттердің мультимедиялық (компьютер, интернет, проектор, дыбыстық және жазу құралдар, т.б.) құралдармен жеткілікті жабдықталмауы, сондай-ақ имамдардың компьютерді пайдалану және ақпараттық-коммуникациялық сауаттылық деңгейінің төмендігі деуге болады.

3.4 Имамдардың мемлекеттік органдардың деструктивті ағымдармен күрес саласындағы жұмысын бағалауы

Еліміз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап зайырлы қоғам құру, конфессияаралық келісімді нығайту және діни радикализммен күрес жүргізуді басты міндеттерінің бірі ретінде айқындады.

Қазақстан Республикасының Конституцияда зайырлылықтың негіздерін белгілей отырып, дін саласындағы заңнаманы жаһандық және әлеуметтік өзгерістерге сай жетілдіру жұмыстарын тиімді атқаруда.

Дін саласындағы құқықтық негіздерді мынадай басты құжаттар құрайды:

- 1995 жылғы 30 тамыздағы Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы;

- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 11 қазандағы Заңы;

- «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңы;

- «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы Заңы;

- Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

Дін саласын заңнамалық жетілдіру жұмыстары үздіксіз жалғасуда: экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (2016 ж. желтоқсан); көші-қон саласындағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (2016, 2017 жж); зайырлылық қағидаттарын нығайтумен байланысты бірқатар нормативтік құқықтық актілерге толықтырулар мен өзгерістер әзірленіп, талқылануда.

Ұлттық және халықаралық сұранысты ескере отырып, діни қатынастарды мемлекеттік реттеу жүйесі де жетілу үстінде. Атап айтқанда, дін саласындағы арнайы уәкілетті органның (дін істері комитеті, дін істері басқармалары) құрылуы, дін саласында түрлі бағытта (зерттеу, талдау, мониторинг, оңалту, бейімдеу, кеңес беру, сараптама жүргізу, т.б.) қызмет көрсететін мемлекеттік мекемелер жүйесінің қалыптасуы, мемлекет пен азаматтық қоғамның дін саласындағы үнқатысуын қамтамасыз ететін алаңдардың қалыптасуы осыған дәлел.

Аталған жұмыстармен бірге мемлекеттің бастамасымен және ұйымдастыруымен өткізілген шаралар қоғамдағы дінаралық келісім мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды. 2003 жылдан бастап әрбір үш жыл сайын өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндердің дінбасылары съезі (2003, 2006, 2009, 2012, 2015, 2018 ж.ж.) конфессияаралық келісім мен толеранттылықты дамытудың тиімді тетіктерінің біріне айналды.

2017 жылы алғаш рет «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қабылданды. Бұл құжатты мемлекеттің дін саласындағы жол картасы деуге болады.

Аталған құжатта мынадай басым бағыттар айқындалды:

1) қоғам дамуының зайырлы негізін нығайту;

2) дін саласындағы заңнаманы жетілдіру;

3) діни экстремизм және терроризммен күресті күшейту.

Деструктивті діни ағымдармен күрес, деструктивті діни идеологияның алдын алу мақсатында жоғарыда аталған бағыттардың аясында кешенді жұмыстар атқарылуда. Атап айтқанда, билік органдарының түрлі деңгейдегі (республикалық, өңірлік) және адресті бағдарланған (тұрғындармен, жастармен, діни жамағаттармен, кәсіби топтармен, бас бостандығынан айырылғандармен, т.б.) ақпараттық-түсіндірме, оңалту және бейімдеу, талдау және мониторинг, ғылыми-зерттеу, дінтанулық сараптама, т.б. жұмыстары негізінен деструктивтілікпен, радикализммен күреске басымдық береді.

Мемлекеттік басқару саласында билік органдарының қызметінің тиімділігін бағалау жүйесі қалыптасқан. Алайда оны қарастыру және мемлекеттік басқару тұрғысынан бағалау зерттеудің міндетіне кірмейді. Сол себепті біз дін саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін имамдардың көзқарасы негізінде бағалап көру міндетін белгіледік.

Осы орайда респонденттерге «Мемлекет деструктивті көзқарастар мен деструктивті әрекеттердің алдын алуға және күресуге жеткілікті көңіл бөледі ме?» деген сұрақ қойылды.

Алынған жауаптар негізінде имамдардың мемлекеттік органдардың деструктивті идеология және ағымдармен күрес саласындағы жұмыстарына қанағаттану деңгейін 82 пайыз (41 имам) мөлшерінде деп бағалауға болады (8-кестені қараңыз).

8-кесте. Имамдардың бағалауындағы мемлекеттің деструктивті көзқарастар мен әрекеттердің алдын алуға және күресуге көңіл бөлу деңгейі

№	ЖАУАПТАР	САНЫ
1	Жеткілікт көңіл бөліп отыр	21
2	Жектілікті көңіл бөледі. Бізді де әріптестікке тартады	10
3	Мемлекет өз жұмысын жақсы атқаруда	9
4	Біздің саясат гуманды: басқа елдерде деструктивті ағым өкілдерін заңға тартса, бізде оңалту жұмыстарына басымдық береді	1
5	Көңіл бөледі, алайда жеткілікті деңгейде емес	1

№	ЖАУАПТАР	САНЫ
6	Арнайы заң қабылдамаса, нәтиже бермейді	2
7	Оған баға бере алмаймыз, себебі мемлекет бізге есеп бермейді (БҚО)	1
8	Көңіл бөлетін шығар (Атырау облысы)	1
9	Мемлекет хиджапқа қарсы және тақия кигендерді де жат ағым қатарында қарайды (Түркістан облысы)	1
10	Жауап бермегендер	3

«Жеткілікті көңіл бөледі» дей отырып, кейбір респонденттер мынадай жұмыстардың артықшылықтарын атаған:

- «Шапағат» қоры, ақпараттық талдау орталығы, теологтар жұмыс жүргізуде (Атырау облысы);

- «Сармат» бөлімшесі сотталғандар арасында жұмыс жүргізуде (Павлодар облысы);

- мониторинг жүргізіледі, екі тілде түсіндірме жұмыстары жүреді, видеороликтер түсіріледі, әлеуметтік желілерде жұмыс жүргізеді;

- Сириядан қандастарымызды әкелді;

- дін істері басқармасы, аудан әкімдігіндегі теологтар жақсы көмек жасайды.

«Дінге қатысты тура немесе жанама үдерістердің барлығы қоғамдық өмірдің маңызды бөлігін қамтитындықтан, дін төңірегіндегі туындайтын проблемаларды шешуге билік органдарымен қатар, азаматтық қоғам институттарының қатысуы ерекше маңызға ие. Өйткені діни сипаттағы мәселелер қоғамның өмір сүруіне қатысы бар проблемалар ретінде қоғамдық және ұлттық қауіпсіздік мәселелерімен тікелей бай¬ланыста көрініс табады» [6].

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы және оған қарасты мешіттер де басқа қоғамдық ұйымдармен бірге мемлекеттің осы саладағы жұмыстарында белсенділік танытады. «Жектілікті көңіл бөледі, бізді де әріптестікке тартады» деп жауап бергендер респонденттердің бестен бірін құраса да, мемлекет пен мешіттердің тұрақты әрі кең әріптестігі барлық өңірлердің тәжірибесінде бар.

Алайда тәжірибеде бұл әріптестіктің аясында мынадай олқылықтар да байқалады:

- Жергілікті билік органдарының мешіттерді әріптестікке тарту аясында ресми емес жағдайда имамдарға мемлекеттік лауазымды қызметшінің атқаруы тиіс функцияларын жүктейтін жағдайлары орын алған. Мәселен, мемлекеттік органдар мен мекемелердің жиындарына қатысу құқығы, ақпараттық-түсіндіру және оңалту жұмыстарына кеңінен тартылуы, солардың аясындағы мемлекеттік жартылай жабық (жабық) деген ақпараттарға қолжетімділігі, т.с.с. уәкілеттікті беру тұрақты құбылысқа айналған. Кейбір өңірлерде билік өкілдерінің мемлекеттік қызметшілерге арналған дін саласындағы ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын мешіт ғимараттарында өткізу тәжірибелері де бар. Сондай-ақ соңғы оқиғаларды есепке алсақ, әлеуметтік наразылықтарды тоқтатуға дін өкілдерінің (М. Тазабек, Ә. Сманов) медиатор ретінде тартылуы да мемлекеттік органдардың қоғамдық келісімді қамтамасыз ету және қоғаммен байланыс жасау саласындағы міндеттерін дінге жүктеп отырғандығын көрсетеді.

- Билік органдарының мешіттерге артықшылықтар беруі кейбір имамдардың мінез-құлқында да теріс көрініс берген. Сарапшылар имамдардың арасында жергілікті әкімдердің «командаларына кіру», ротация кезінде олармен бірге қызмет ауыстыру тенденциясы бар екендігін айтады.

Мемлекеттің аталған саладағы жұмысына қанағаттанбайтындар көп емес. Респонденттердің бірі «көңіл бөледі, алайда жеткілікті деңгейде емес» десе, енді біреулері «арнайы заң қабылдамаса, нәтиже бермейді» дей отырып, «сәләфилік» топтардың қызметін заңдық негізде ғана тоқтатуға болатындығын айтады.

Мемлекеттің жұмысын бағалай алмай отырған имамдар да бар: «көңіл бөлетін шығар» (Атырау облысы), «оған баға бере алмаймыз, себебі мемлекет бізге есеп бермейді» (БҚО). Жауап бере алмаған респонденттерді (3 имам) де осы категорияға жатқызуға болады.

Имамдардың арасында мемлекеттің зайырлылықты нығайтудағы саясатын жеткілікті түсінбейтіндері бар екендігін осы сұрақтан да көруге болады. Респонденттердің бірінің «мемлекет хиджапқа қарсы және тақия кигендерді де жат ағым қатарында қарайды» (Түркістан облысы) деген жауабы соның дәлелі.

IV МҰСЫЛМАН ҚАУЫМДАСТЫҒЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

4.1 Қазақстандағы ислам діні мен мұсылман жамағатындағы мәселелер

Қазақстандағы ислам діні аясындағы және мұсылман жамағатына қатысты мәселелерді айқындап, оларды уақтылы әрі оңтайлы шешу дінге сенушілерінің басым бөлігін мұсылмандар құрап отырған біздің қоғам үшін аса маңызды міндеттердің бірі. Бұл салада билік тарапынан да, азаматтық қоғамның араласуымен де жүйелі шаралар атқарылуда. Алайда мәселенің әлі де өзекті тұстары бар екендігін ескере отырып, сұхбат аясында осы жөнінде имамдардың пікірін білу міндеті қойылды.

Күнделікті мұсылмандық ортада қызмет етіп жатқан имамдардың бұл мәселедегі көзқарасы және шешу жолдарын анықтаумен байланысты ұсыныстары зерттеу үшін құнды болмақ.

Осы орайда «Қазақстандағы исламның қандай проблемаларын атай аласыз? Оларды қалай шешуге болады?» деген сұрақ қойылып, жауаптар алынды (9-кестені қараңыз).

9-кесте. Қазақстандағы ислам діні аясындағы мәселелер

№	ЖАУАПТАРЫ	САНЫ
1	Тұрғындардың діни білімнің төмендігі	3
2	Тұрғындардың салт-дәстүрін білмеуі	1
3	Ағымдардың көп болуы	2
4	Мұсылман жамағаты өкілдерінің басқа ағымдарға, соның ішінде деструктивті ағымдарға өтіп жатуы (Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Қарағанды, Павлодар облыстары)	7
5	Интернетте әртүрлі деструктивті сайттардың болуы	1
6	Кадр жетіспеушілігі (Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстары)	3
7	Имамдардың әлеуметтік жағдайының төмендігі (Қызылорда, Павлодар облыстары, Шымкент қаласы)	4
8	Қоғамдық орындарда намаз оқығаны үшін айыппұл салу мәселесі (Түркістан облысы), хиджаб мәселесі (Түркістан, Ақтөбе, Қостанай облыстары)	5
9	Ислам жақсы дамып келеді, проблема жоқ	16

**Ескерту: респонденттердің жауабы тақырыпқа сәйкес келмегендіктен немесе жауап берілмегендіктен, жауаптар саны респонденттер санына сәйкес келмейді*

Респонденттердің көпшілігі (16 имам) ислам дінімен байланысты ешқандай мәселенің жоқ екендігін, жақсы дамып келе жатқандығын айтады.

Дегенмен, басқа респонденттердің барлығы жекелеген мәселелерді атаған. Біріншіден, солардың ішінде мұсылман жамағатының түрлі ағымдарға жіктелуі, сондай-ақ олардың арасында деструктивті сипаттағы ағымдардың болуы көбірек аталған: «ағымдардың көп болуы», «мұсылман жамағаты өкілдерінің басқа ағымдарға, соның ішінде деструктивті ағымдарға өтіп жатуы», «интернетте әртүрлі деструктивті сайттардың болуы».

Екінші кезекте көп айтылған мәселе мешіттердің мамандармен қамтылуымен байланысты болып отыр: «кадр жетіспеушілігі», «имамдардың әлеуметтік жағдайының төмендігі».

Респонденттер негізінен ауыл имамдарының жағдайы төмен екендігін айтады. Мәселен, Павлодар облысының өкілінің бірі былай дейді: «Мешітке барып имам тағайындаймыз. Шәкіртті тағайындаймыз, ол жас бала барады да үйленеді, ел қатарлы тұрғысы келеді. Оның жалақысы жоқ. Не жанашыры жоқ ол жерде. Не арқа сүйері жоқ ол жерде. Халықтың беретін түгі жоқ. Үкіметтен жалақы тағайындап бере алмайды. Барған кезде үйі жоқ ол жерде, біреудің үйінде тұрады. Сөйтіп ол жерде имам көп тұрмайды, кетіп қалады. Ауылда текучесть кадров деген бар. Енді мен ойлаймын, бекер ақша бермей, мешіттердің ең басты мәселесі имамдардың жағдайын туғызу керек».

Алматы облысының респондентінің мына пікірі басқа да өңірлердің имамдарының пікірлеріне ұқсас: «Біз енді тәуекел етіп осы қызметке келгеннен кейін Аллаға шүкір дейміз, бірақ та біз жалғыз емеспіз ғой, жанұямыз бар. Сондықтан, әсіресе, ауыл имамдарының қаражат мәселесі шешілсе деген өтінішіміз бар. Оларда жалақы жоқ, оларда барған жерінде тұратын үйі жоқ, оларда материалдық жағдай әлі шешілген жоқ. Менің өзіме кездескен бір жағдайды айтайын: имам көп тұрмайтын ауылдың біріне бір имамды жібердік өтініш қылып. Енді тәуекел етіп құдай өзі жеткізеді деген секілді уағызымызды айтып, жібердік. Ол жігіт үндеген жоқ, қызмет етті, бірақ оның жұбайы келді. Маған айтты сіз қалай ойлайсыз біздің жағдайымызды, біз айлықсыз өмір сүріп жатырмыз, тапқанымызды жеп жатырмыз, енді бірақ қыс келді ғой бізде көмір жоқ, біз қысқа қалай шыдаймыз, сонда мен шарасыз болдым. Осы уақытқа дейін қызмет еткеніне Алла разы болсын деп, ол имамды басқа жұмысқа бағыттауға тура келді. Сондай қиындықтар бар».

Респонденттер көтерген қоғамдық орындарда діни жораларды орындаумен байланысты қиындықтар үшінші кезектегі мәселелерді таныстырады: «қоғамдық орындарда намаз оқығаны үшін айыппұл салу мәселесі», «хиджаб мәселесі».

Респонденттердің бірі мынадай пікір білдірген: «Намаз оқу проблемасы. Мысалы, мекемелерде, басқада жерлерде оқысаң, штраф салады, оқитын жерлері жоқ. Жаңадан заңдар шығару керек, хиджабқа қатысы бар, мысалы қазірде Қазақстан ажырасудан 6-шы орында. Қазірде жастар бір күн үшін үйленеді. Мектепте де хиджаб кигізбейді, бара-бара юбкалары қысқарып жатыр мектептің формасы. Оқушы қыздар бала көтеріп, оларды қоқысқа тастап жатыр. Үйіндегілеріне айта алмайды, оларға айтса, ұрсады дегендей. Менің ойымша, бұндай проблемаларды шешу үшін Аллах Тағаланың бұйрықтарын орындату керек».

Мұндай мәселелерді Түркістан, Ақтөбе, Қостанай облыстарының респонденттері атаған.

Төртінші кезекте көтерілген мәселелер тұрғындардың діни-мәдени танымдық деңгейіне қатысты мәселелер: «тұрғындардың діни білімнің төмендігі», «тұрғындардың салт-дәстүрін білмеуі».

Осылайша, респонденттердің атаған өзекті мәселелерін мынадай түрде топтастыруға болады (4-диаграмманы қараңыз):

1) діни бірегейлікті сақтау саласындағы мәселелер (10 респондент);

2) мешіттердің кадрлық мәселелері (7 респондент);

3) мұсылмандардың қоғамдық орындарда діни жораларды орындаумен байланысты қиындықтары (5 респондент);

4) тұрғындардың діни-мәдени танымдық деңгейлерінің төмендігі (4 респондент).

4-диаграмма. Имамдар атаған Қазақстандағы ислам діні аясындағы өзекті мәселелер *(адам)*



Респонденттер арасында аталған мәселелерді шешудің жолдарын ұсынғандары да болды (10-кестені қараңыз).

10-кесте. Имамдар атаған Қазақстандағы ислам діні аясындағы

№	ЖАУАПТАРЫ	САНЫ*
1	Ғылыми зерттеу орталықтарын ашу, қазақ және орыс тілінде кітап шығаратын баспалар ашу керек	3
2	Астанада исламдық университет ашу керек	1
3	Халал сертификат беру жұмысын жетілдіру	2
4	Ең алдымен имамдардың әлеуметтік проблемасын шешу керек	7
5	Қоғамдық орындарда (әуежай, автобекет, жанармай станциялары т.б.) намазханалар ашылса, себебі жолаушылар қиындық көреді	1
6	Облыстық имамдар өзі шешеді (ШҚО)	3

**Ескерту: респонденттердің жауабы тақырыпқа сәйкес келмегендіктен немесе жауап берілмегендіктен, жауаптар саны респонденттер санына сәйкес келмейді*

Ұсынылған шешу жолдары көтерілген мәселелермен сабақтас айтылған деуге болады. Респонденттер тұрғындардың діни-мәдени танымдық деңгейін көтеру («ғылыми зерттеу орталықтарын ашу, қазақ және орыс тілінде кітап шығаратын баспалар ашу керек»), діни кадрларды дайындау және олардың әл-ауқатын арттыру («Астанада исламдық университет ашу керек», «ең алдымен имамдардың әлеуметтік проблемасын шешу керек») және қоғамдық орындарда діни жораларды атқаруға рұқсат беру («қоғамдық орындарда (әуежай, автобекет, жанармай станциялары т.б.) намазханалар ашылса, себебі жолаушылар қиындық көреді») жөнінде ұсынымдар берген.

4.2 Мешіттегі жамағаттың діни бірегейлігі

Бұған дейінгі бөлімде атап өткеніміздей, Қазақстандағы ислам діні аясындағы өзекті мәселелердің бірі мұсылман жамағатының діни бірегейлігін сақтаумен байланысты. Мұны респонденттер де бірінші кезектегі проблема ретінде атаған болатын.

Жаһандану жағдайында қазақстандық қоғамның діни палитрасы да күрделі өзгеріске ұшырады. Атеистік режимнің қыспағы болса да, кеңестік дәуірден сақталып, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қызметіне кіріскен діни ұйымдармен бірге шетелдік ағымдар да келіп,

конфессиялар мен дінге сенушілер қатарын арттырды. Солардың ішінде еліміздің этнодемографиялық құрылымы мен діни ерекшелігін басшылыққа ала отырып, мақсатты түрде енген исламдық бағыттағы діни ағымдар жетерлік. Атап айтқанда, басты назарға ілінетін псевдосалафилік ағымдардан бөлек «сүлейменшілер», «гүленшілер», «нұршылар», «ахмадия», т.б. ағымдар қазақстандық мұсылмандарды түрлі жамағаттарға бөлшектеп, діни бірегейліктерін өзгертуде.

Аталған ағымдардың жекелеген ғибадат үйлері жоқ. Сол себепті олардың көпшілігі діни сенімдерін мешіттерде қанағаттандырады. Бұл орайда, олардың мешіт ішінде діни көзқарастары мен амалдарды орындауы негізінде топтасып, жіктелуі қаншалықты орын алатындығын зерделеу маңызды.

Осы мақсатта респонденттерге «Мешіттегі жамағаттың әртүрлі діни көзқарастары бойынша топтарға бөлінуі орын алады ма?» деген сұрақ қойылды. Алынған жауаптар мешіттегі жамағаттың арасында бөлінушілік құбылысының бар екендігін және бұл құбылыс еліміздің барлық өңірлеріне тән екендігін көрсетеді (11-кестені қараңыз).

11-кесте. Мешіттердегі жамағаттың діни көзқарас бойынша топтарға бөліну деңгейінің өңірлік көрсеткіштері

ЖАУАПТАР	ӨҢІРЛЕР	САНЫ*
Бөліну бар	Батыс Қазақстан, Қызылорда, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Атырау, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстары, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары	23
Бөліну жоқ	Қарағанды, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Атырау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Қарағанды, Маңғыстау, Қостанай, Түркістан облыстары, Нұр-Сұлтан қаласы	19

**Ескерту: респонденттердің жауабы тақырыпқа сәйкес келмегендіктен немесе жауап берілмегендіктен, жауаптар саны респонденттер санына сәйкес келмейді*

Бөліну жоқ екендігін айтқан жауаптар да бар және олар да барлық өңірлерге тән. Осылайша, барлық өңірлердің мешіттерінде жамағаттарға бөліну құбылысымен бірге бөлінбейтін жағдайдың орын алып отырғандығы көрінеді. Мұндай қайшылық әр өңірдің ішіндегі мешіттердегі ахуалдың әртүрлі екендігін байқатады.

Жалпы алғанда, мешіттерде бөліну бар екендігін респонденттердің 46 пайызы айтса, 38 пайыз респондент ондай құбылыстың жоқ екендігін айтады. Ал 16 пайыз респондент бұл сұраққа мазмұнды жауап бере алмаған (5-диаграмманы қараңыз).



5-диаграмма. Мешіттердегі жамағаттың діни көзқарас бойынша топтарға бөліну деңгейі (%)

Сұхбат аясында «Мешіттердегі барлық сенушілер рәсім/жораларды бірдей орындайды ма?» деген сұрақ қойылып, амалдарды орындау деңгейіндегі бірегейлік мәселесін қарастыру міндеті белгіленді. Алынған жауаптар діни жораларды орындаудағы бірегейліктің жоқ екендігін көрсетеді (12-кестені қараңыз).

Таблица 12. Сенушілердің діни ритуалдарды орындау бірегейлігінің өңірлік көрсеткіштері

ЖАУАПТАР	ӨҢІРЛЕР	САНЫ*
Бірдей орындайды	БҚО, Қарағанды, СҚО, Алматы, Маңғыстау, Түркістан, Павлодар, Қостанай, Қызылорда, ШҚО, Ақмола, Жамбыл облыстары, Шымкент қаласы	23
Бірдей орындамайды	Маңғыстау, Қызылорда, БҚО, Алматы, Атырау, Павлодар, СҚО, Жамбыл облыстары, Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары	20

**Ескерту: респонденттердің жауабы тақырыпқа сәйкес келмегендіктен немесе жауап берілмегендіктен, жауаптар саны респонденттер санына сәйкес келмейді*

6-диаграмма. Сенушілердің діни ритуалдарды орындау бірегейлігі (%)



Өңірлік тұрғыдан да жағдай біркелкі емес екендігі байқалады. Яғни, өңірлердің елді мекендеріндегі мешіттердегі жағдай әртүрлі. Тіпті, бір қала немесе аудандағы мешіттердегі жағдай да бір-біріне ұқсамайды.

6-диаграммадан көріп отырғанымыздай, амалдарды «бірдей орындайды» деген респонденттер саны басымдық алады. «Бірдей орындамайды» деп жауап берген респонденттердің үлесі алдыңғы ресопнденттер жауаптарына жуық мөлшерде болып отыр. Сол арқылы мешіттердегі бірегейлікпен байланысты проблеманың өзекті екендігі айқындалады.

Имамдардың тілегі жамағаттың ішкі бірлігін сақтаумен байланысты анықталады:

- «бірізділік керек» (Алматы облысы);
- «бір мазхабта болуы маңызды, сонда этносаралық та, дінаралық та шиеленіс болмайды» (Атырау облысы);
- «білмей жасаса, түсіністік танытамыз» (Маңғыстау облысы);
- «намазды бірдей оқыса, 27 есе сауабы болар еді» (Маңғыстау облысы);
- «ханафилік мазһабпен жүруіміз керек» (Атырау облысы);
- «жамағатпен ақылдасып істейміз» (Алматы қаласы);

- «бірдей орындауға шақырамыз» (Алматы қаласы);

- «мешіттің ішкі тәртібін сақтау керек» (Атырау облысы);

- «төрт мазхаб бар, солардың ішінде Әбу Ханифа бағыты - ең жақсысы (Алматы облысы).

2019 жылдың 23 қазанында «Рухани құндылықтар – ел бірлігінің негізі» III Республикалық имамдар форумы респонденттердің осы сұхбатта көтерген бірегейлік мәселесі бойынша алаңдаушылықтары мен күдіктеріне лайықты жауап берді деуге болады.

Форумның басты көтерген мәселелерінің бірі еліміздегі діни рәсімдердің бірізділігін ретке келтіру болды. Осы орайда форумда бірқатар маңызды құжаттар қабылданды. Атап айтқанда, «ҚМДБ құрылымындағы діни лауазымдар тізілімі», «ҚМДБ атқаратын діни рәсімдер тізілімі», «Қазақстан мұсылмандарының «Рухани тұғырнамасы» және «ҚМДБ қызметшілерінің лауазымдық міндеттері» атты құжаттар қабылданды.

Осы құжаттардың ішіндегі басты құжаттың бірі – «ҚМДБ атқаратын діни рәсімдер тізілімі». Бұл құжат негізінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы елдегі мешіттердегі мұсылман жамағатының діни бірегейлігін қамтамасыз ету жұмыстарын күшейтпек.

Осылайша, қазақстандық мұсылман жамағатының діни бірегейлігін нығайтуға батыл қадамдар жасалады деп күтуге болады. Алайда оның мынадай теріс салдарлары да болады деп болжамдауға болады: аталған құжат әртүрлі мұсылман жамағатын діни бірізділікке сала алмайды, керісінше, олардың жіктелуіне негіз болады және мешіт өкілдерімен шиеленісін арттырады. Көптеген ханафилік емес жамағат өкілдерінің, әсіресе, псевдосалафилік ағым өкілдерінің көлеңкеге кетуіне жол ашып, олармен жүргізілетін жұмыстарды қиындатады.

4.3 Мешіттердегі ислами білімге деген сұраныс деңгейі

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен оған қарасты мешіттердің діни білім беру саласындағы белсенділігінің арту тенденциясы байқалады. Бұл үрдістің екі себебі бар деуге болады:

1) мұсылман жамағатының діни бірегейлігін қалыптастыру үшін діни сауаттылық деңгейін көтеру қажеттілігі;

2) діндарлық деңгейінің артуына байланысты мұсылман жамағатының діни білім алуға деген сұраныс деңгейінің артуы.

Айтылған пайымды «Мешіттерде ислам туралы білімге (курстар, семинарлар, араб тілін үйрену) қаншалықты сұраныс бар? Бұл бағытта тағы қандай шараларды жүзеге асыруға болады деп ойлайсыз?» деген сұраққа берілген жауаптар растайды (13-кестені қараңыз).

13-кесте. Мешіттердегі білім беру шараларына деген сұраныс деңгейі

№	ЖАУАПТАР	САНЫ
1	Сұраныс жоғары (Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Павлодар, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Атырау, Маңғыстау, Қарағанды, Қостанай, Павлодар облыстары, Шымкент қаласы)	24
2	Араб тілі курстарына сұраныс жоғары (Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Жамбыл, Қарағанды, Маңғыстау, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары, Шымкент қаласы)	16
3	Намаз үйренуге сұраныс жоғары (Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Қарағанды облыстары, Алматы қаласы)	5
4	Құран оқып үйренуге сұраныс жоғары (Қызылорда, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары, Алматы қаласы)	5
5	Көп сұраныс жоқ, адам жиналмайды (Қызылорда облысы)	2

Респонденттердің барлығына жуығы мешіттерде ислам аясындағы білімге сұраныстың жоғары екендігін айтады. Әсіресе, араб тілі курстарына деген сұраныс ерекше екендігі байқалады (7-диаграмманы қараңыз).

7-диаграмма. Мешіттердегі білім беру шараларына деген сұраныс деңгейі *%)*



**кейбір респонденттер бірнеше курстарды атағандықтан жауаптар саны респонденттер санына сәйкес келмейді*

Респонденттер сұраныстың ерекшеліктеріне де тоқталған:

- «көбінесе 25-50 жастағы азаматтар тарапынан сұраныс жоғары» (Шымкент қаласы);

- «сұраныс жоғары, себебі жұма намазға келушілер саны артты, дін жағынын сұрақтары көбейді» (Алматы қаласы);

- «сұраныс жоғары, сол себепті келушілердің жағдайына қарай түске дейін және түстен кейін оқытатын сыныптар ұйымдастырамыз» (Нұр-Сұлтан қаласы);

- «сұраныс бар, қыздарға құран жаттау бойынша медресе ашайын деп жатырмыз» (Павлодар қаласы);

- «сұраныс бар, алайда біздің ауылда оқыту курстары жоқ, аудан орталығында бар» (Ақмола облысы).

Соңғы жауап мешіттердегі сұраныстың бар екендігін көрсеткенімен, оларды ашуда қиындықтардың да бар екендігін аңғартады. Ол, ең алдымен кадр тапшылығы мәселесі.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының дерегіне сүйенсек, қазіргі уақытта облыс, қала, аудан орталық мешіттері жанынан тұрақты жұмыс жасайтын діни сауат ашу курстары ашылған. 2018 жылғы дерек бойынша республика бойынша діни сауат ашу курсы бар мешіттер саны 966 бірлікті құраған.

Бүгінгі күні діни басқармаға қарасты республика бойынша 6 қарилар дайындау орталығы жұмыс жасап келеді (3 қосымшаны қараңыз). Аталған орталықтарда 500-ден аса қари дайындалуда. Бұл алдағы уақытта еліміздегі қарилар санын арттырмақ.

2018 жылы жалпы еліміз бойынша 38 185 ер адам, 16 719 әйел адам сауатын ашқан. Сондай-ақ мектеп оқушыларының жаздық демалысын тиімді пайдалану мақсатында орталық мешіттер жанынан қосымша арнайы курстар жұмыс атқарады. Онда 2018 жылы 27 493 мектеп оқушысы діни сауатын ашып, тәлім-тәрбие алған (3-қосымшаны қараңыз).

Респонденттер мешіттердегі білім беру шараларын жетілдіру бойынша да өз ұсыныстарын берген (14-кестені қараңыз).

14-кесте. Респонденттердің мешіттердегі білім беру шараларын жетілдіруге байланысты ұсыныстары

№	ҰСЫНЫСТАР	САНЫ
1	Мектептерге араб тілін енгізу қажет (Түркістан облысы)	1
2	Мектеп оқушыларына көбірек дәстүрлі дінді оқыту керек (Атырау қаласы)	1
3	Оқыту шараларын мамандар жіберіп ауылдарда да өткізу қажет (БҚО)	1
4	Әйелдер жамағатына дәріс оқитын әйел ұстаздар қажет (Нұр-Сұлтан, Ақтау қалалары)	2
5	Оқу курстары үшін арнайы бөлмелер, компьютерлер, діни оқулықтар көбірек керек (Алматы облысы)	1

**Ескерту: респонденттердің жауабы тақырыпқа сәйкес келмегендіктен немесе жауап берілмегендіктен, жауаптар саны респонденттер санына сәйкес келмейді*

Респонденттердің берген ұсыныстары жоғарыда қарастырған мәселелердің өзекті екендігін дәлелдей түседі. Атап айтқанда, «оқыту шараларын мамандар жіберіп ауылдарда да өткізу қажет», «әйелдер жамағатына дәріс оқитын әйел ұстаздар қажет», «оқу курстары үшін арнайы бөлмелер, компьютерлер, діни оқулықтар көбірек керек» деген ұсыныстар мешіттердегі кадрлық және материалдық-техникалық жабдықталу проблемаларын таныстырады.

Ал «мектеп оқушыларына көбірек дәстүрлі дінді оқыту керек» деген жауап имамдардың арасында білімнің зайырлылығы қағидатын қабылдағысы келмейтін мамандардың бар екендігін тағы бір мәрте дәлелдейді.

Жалпы алғанда, респонденттер жауабын талдау негізінде мынадай қорытынды жасауға болады.

Мешітке келушілердің діни сауат ашуға деген сұранысының арту үрдісі байқалады. Құран оқу үшін араб тілін меңгеруге деген сұраныстың ерекше жоғары екендігін көреміз. Сондай-ақ діни сауат ашуға деген ниеттің жас ұрпақ арасында жоғары екендігін көрсететін үрдіс бар. Мешітке келіп, білім алып жатқан оқушылардың саны соның бір дәлелі болмақ (2018 жылы 27 493 мектеп оқушысы діни сауатын ашқан).

Ауылдық мешіттердің көпшілігінде сұраныс болса да, олар бірқатар себептерден діни сауат ашу курстарын аша алмай отыр. Атап айтқанда, мамандардың жоқтығы, мамандарды тартуға қаржының жоқтығы және материалдық-техникалық базаның (компьютер, арнайы бөлме, жабдықтар) жеткіліксіздігі. Сәйкесінше, мұндай елді мекен тұрғындары мешіттен тыс ақпарат көздерін көп пайдаланып, олардың түрлі ағымдардың ықпалына кету қаупі артады.

4.4 Мешітке жеке мәселелермен келетін адамдардың проблемалары

Мешіттер бүгінде әлеуметтік қатынастардың қайнаған ортасына айналғаны шындық. Оған келуші адамдар тек діни сенімін қанағаттандыру үшін ғана келмейді. Отбасылық түрлі мәселелерін шешеді, психологиялық кеңес алады, әлеуметтік көмек сұрайды, жағымды қарым-қатынас пен моральдық қолдау іздеп келеді. Бұл орайда мешітке жеке мәселелерімен келушілердің сұраныстарын зерделеу маңызды.

Біріншіден, келушілердің жеке мәселелерін талдап қарастыру арқылы мешіттердің қызметтік бағыттары мен басымдықтарының өзгеру динамикасын байқауға, соның негізінде жұмыс жасау әдістері мен тетіктерін жетілдіріп отыруға мүмкіндік артады. Екіншіден, мешітке келуші тұрғындардың көптігі және олардың санының үздіксіз артуы жағдайын ескере отырып, мемлекеттік органдар тарапынан да мешіттердің базасында тұрғындардың әлеуметтік көңіл-күйі мен негізгі проблемаларын бақылап, зерделеп отыру мүмкіндігі қалыптасады.

Бұл орайда мешіттерде осы мәселе бойынша тұрақты статистика мен мониторинг жүргізіп отыруы және оның нәтижелеріне жүйелі талдау жасап отыруы маңызды.

Сұхбатта респонденттерге «Имамдар көбінесе адамдармен бейресми жағдайда жұмыс жасайды (мысалы, жеке әңгімелер). Мешітке келетін адамдар көбінесе қандай мәселелер бойынша жүгінеді?» деген сұрақ қойылды.

Алынған жауаптар мешіттердің сан салалы жұмыстар атқаратындығын дәлелдейді (15-кестені қараңыз).

15-кесте. Тұрғындардың мешітке жеке жағдайда келіп жолығатын мәселелері

№	ЖАУАПТАР	САНЫ
1	Отбасына қатысты мәселелермен келеді: ажырасу, некелесу, отбасылық жанжал, ішкіліктік, т.б. (Түркістан, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда, Атырау, Павлодар, Алматы, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстары, Алматы, Шымкент, Нұр-Сұлтан қалалары)	29
2	Балаларын, туысқандарын ертіп келіп, дұрыс жолға бағыттауын сұрайды (Қарағанды облысы, Нұр-Сұлтан, ШҚО)	4
3	Жаназа мәселесі бойынша келеді (Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары, Алматы қаласы)	3
4	Материалдық жәрдем сұрап келеді (Түркістан, Қарағанды, Қызылорда, Алматы, Маңғыстау, Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары, Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары)	14
5	Мейірім көру үшін (Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстары)	2
6	Қайырымдылық жасау бойынша сұрақтармен келеді (Қызылорда, Атырау облыстары)	2
7	Ислам ілімі бойынша түсінбеген сұрақтарымен келеді (Қарағанды, Қызылорда, Алматы, Павлодар, Маңғыстау, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары	10
8	Намаз оқуды үйрену үшін келеді (Қарағанды, Қызылорда, Ақмола, Жамбыл облыстары, Шымкент, Нұр-Сұлтан қалалары)	8
9	Көз тисе, ауырып қалса, жаман түс көрсе келеді (Қызылорда, Түркістан облыстары, Шымкент қаласы)	3

Мешітке келушілер басым бөлігінде отбасылық мәселелермен келеді: некелесу мәселесі; некені мешітте қиған жағдайдағы ажырасу мәселесі; отбасылық жанжал мәселесі; ішімдікті қою мәселесі; балаларын немесе туысқандарын дұрыс жолға бағыттау мәселесі; жаназа мәселесі (8-диаграмманы қараңыз).

8-диаграмма. Тұрғындардың мешітке жеке жағдайда келіп жолығатын мәселелері *(аталу жиілігі бойынша саны)*



Бір адамдар қайырымдылық жасау ниетімен келіп жатса, енді біреулері материалдық көмек сұрап немесе мейірімге мұқтаж болып келіп жатады. Бұл саладағы сұраныстар адамдардың мешітке келудегі тағы бір салмақты себептерін көрсетеді.

Ислам жөніндегі сұрақтармен келушілер де осымен мөлшерлес болып, екінші сатыға орналасады және жоғарыда аталған діни білім алуға деген сұраныстың бар екендігін тағы бір мәрте дәлелдейді.

Оңтүстік өңірлердің (Қызылорда, Түркістан облыстары, Шымкент қаласы) тұрғындары арасында «көз тию», «жаман түс көру» және «науқастанып қалу» сияқты ырымдармен байланысты сұрақтармен баратындар да кездеседі.

Қорыта айтқанда, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

Мешіттердің жамағатқа көрсететін әлеуметтік қызметтерінің қатары артып, жүйеленіп келеді. Дегенмен, бұл орайда жоғарыда аталған қызметтерді әдістемелік сүйемелдеу, мониторинг және талдау бағыттарындағы жұмыстардың әлсіздігі байқалады.

Тұрғындардың мешіттерге сенім білдіру деңгейінің арту үрдісін ескере отырып, мешіттерге нақты әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастыруға негіздері бар. Атап айтқанда, мұсылман отбасыларға қызмет көрсету орталығын құру, психологиялық кеңес беру орталығын құру, т.б.

Жалпы, мешіттердің жамағатпен жүргізіп жатқан жұмыстары, әлеуметтік мәселелерді шешудегі белсенділігі олардың халық арасындағы беделін арттырады. Бұл мешіттердің азаматтық қоғамның нақты қатысушысы ретінде дамуына мүмкіндік береді.

4.5 Мешіттердің әйелдер жамағатымен және балалармен жұмыс жасау ерекшеліктері

Келуші жамағат құрамын негізінен ерлер құрағандықтан, мешіттердің жұмысы көп жағдайда соларға бағдарланған болатын. Алайда соңғы жылдары әйелдер жамағатының да қатары артып келе жатқандығы байқалады. Оны мешіттердегі әйел жамағатымен жұмыс жасайтын әйел мамандардың қажеттілігін айқындайтын сұраныс ұғындырады.

Сол себептен мешіттердің әйел жамағатымен жұмыс жүргізу ерекшеліктерін, әдіс-тәсілдерін анықтап, оларды жетілдірудің жолдарын қарастыру мешіттер үшін де, қоғам үшін де маңызды міндеттердің бірі.

Сондай-ақ мешітке келуші балалардың да санының артып отырғандығын жоғарыда қарастырғанбыз. Кәмелетке толмаған субъектілер болғандықтан, мешіттердің олармен жұмыс жүргізу әдіс-тәсілдері мен қағидалары мемлекеттің де ерекше бақылауында отыр. Дәстүрлі діннің өкілдері ретінде мешіттер де бұл орайда заңның аясында жауапкершілікпен қатынас танытуда. Дегенмен, мешітке келуші балалар санының артуы жағдайында мешіттердің олармен жұмыс жасау әдіс-тәсілдері қандай бағытқа өзгеруде, қандай мәселелерге басымдық беріледі деген сұрақтар қашан да өзекті.

Осы мақсатта зерттеу аясында респонденттерге «Әйелдер жамағатымен және балалармен жұмыс жасауда қандай ерекшеліктерді атап көрсетуге болады? Қандай проблемалар бар және олармен жұмыс кезінде нені ескеру қажет? Жамағатпен жұмысты жақсарту үшін не істеуге болады деп ойлайсыз?» деген сұрақтар қойылды.

Ең алдымен әйелдер мәселесін қарастырсақ, мешіттерді әйел жамағатымен жұмыс жүргізу деңгейіне қарай үш топқа бөліп қарастыруға болады (16-кестені қараңыз):

16-кесте. Мешіттердің әйелдер жамағатымен жұмыс жасау ерекшеліктері

№	ЖАУАПТАР	САНЫ*
1	Әйел жамағатымен әйел ұстаз жұмыс жасайды	12
2	Әйелдерге оқу курстары, тігін және кулинария, бала-бақша бойынша мастер-кластар өтеді (Алматы қаласы)	1
3	Мешітте әйелдер – қыздар секторы жаңадан жұмыс істеп келеді (Түркістан облысы)	1
4	Дәріс алғысы келетін әйелдер бар, бірақ әйел ұстаз жоқ (Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстары)	9
5	Оңтүстікте әйел мешітке келмеуі керек деп айтады, ол дұрыс емес (СҚО)	1
6	Бізге 3-4 әйел, 5-6 бала намазға келіп жүр, көбісі мешітке келмейді (Ақмола облысы)	2

**Ескерту: респонденттердің жауабы тақырыпқа сәйкес келмегендіктен немесе жауап берілмегендіктен, жауаптар саны респонденттер санына сәйкес келмейді*

Әйелдер жамағатымен жұмыс жүргізіп жатқан мешіттер әйел ұстазды жұмысқа тартып, дәрістер өткізуді жолға қойған. Кейбір мешіттерде мұндай дәрістерге сұраныстың жоғарылығы да байқалады. Сол себепті дәрістер жұмыс уақытында бірнеше рет өткізіледі. Жоғарыда атап өткеніміздей, 2018 жылы еліміздегі мешіттерде 16 719 әйел адам діни сауатын ашқан (3-қосымшаны қараңыз).

Сондай-ақ әйел жамағатының отбасындағы сүйікті жар, аяулы ана ретіндегі рөлін арттыру мақсатында бірқатар мешіттерде (мысалы, Алматы қаласы) тігін, кулинария, бала тәрбиесі мәселелері бойынша мастер-кластар ұйымдастырылып отырады.

Жалпы алғанда, бұл мәселедегі басты қиындықтың бірі – әйел мамандардың жетіспеушілігінде. Сол себепті діни оқу орындарында әйел мамандарды дайындауға деген сұраныс өте жоғары болып отыр.

Респонденттер мешіттердің әйел жамағаттарымен жұмыс жасау жолдарын жетілдіруге байланысты бірқатар ұсыныстар да берген (17-кестені қараңыз). Ұсыныстардың негізгі мазмұны әйел мамандарды дайындау қажеттілігімен байланысты анықталады.

17-кесте. Мешітте әйелдер жамағатымен жұмыс жасауға байланысты респонденттердің ұсыныстары

№	ЖАУАПТАР	САНЫ
1	Әйел-қыздар қызметіне демеушілер тартып, олардың бала тәрбиесіндегі діни белсенділігін арттыру қажет	1
2	Мұсылман әйелдерді қолдайтын қор қажет	1
3	Әр мешітке әйел ұстаз керек. Алайда олар аз және олардың баспана мәселесі шешілмеген	4
4	Әйелдерге өз міндеттерін көптеп үйрету керек	1
5	Әйелдерге дәріс, сабақ беру әлі қалыптаспаған, облыстан сауатты әйелдерді шақыру керек	1

**Ескерту: респонденттердің жауабы тақырыпқа сәйкес келмегендіктен немесе жауап берілмегендіктен, жауаптар саны респонденттер санына сәйкес келмейді*

Балалармен жүргізілетін жұмыстардың да өзіндік ерекшеліктері бар. Ондай ерекшеліктердің мынадай қырлары бар:

1) Мешіттерге балаларды көп жағдайда ата-аналары бағыттайды, сол себепті, ең алдымен, олардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылады (олардан рұқсат беретін қолхат алынады, балаларын бірге алып жүруі сұралады, ата-аналарына балаларының берілген тапсырмаларды уақтылы орындауын қадағалау тапсырылады);

2) Мешіттерде балаларға дәріс беру тәртібі (кәмелетке толмағандар болғандықтан) заң аясында ерекше бақыланады. Сондықтан имамдардың бұл мәселедегі жауапкершілігі артады.

3) Оқытылатын аудитория балалар болғандықтан, дәріс жүргізушілер жас ерекшелігіне сай әдіс-тәсілдерді, дискурс пен стильді таңдауы қажет. Көп жағдайда имамдар оқушыларды мектептегі сабақтарынан алаңдатпауы үшін жазғы демалыс кезінде мешіттер жанынан лагерлер ұйымдастырып, соның аясында оқу курстарын өткізеді. Аталған курстарға оқушы балалармен жасы шамалас медресе студенттерін дәріс беруші ретінде тартып, діни білімге деген қызығушылықтарын арттырады.

4) Оқу курстарына, негізінен, 7 жастан асқан, көп жағдайда балиғат жасына толған балалар тартылады.

Сұхбат жауаптары көрсеткендей, мешіттердің көпшілігі оқушыларға арналған жазғы лагерлер ұйымдастырып, діни сауатын қалыптастыру жұмыстарын кеңінен жүргізеді (18-кестені қараңыз).

18-кесте. Мешіттердің балалармен жұмыс жасау ерекшеліктері

№	ЖАУАПТАР	САНЫ
1	Балаларға жазғы демалыста лагерь ұйымдастырылады (Батыс Қазақстан, Атырау облыстары)	9
2	«Иман жастары» деген арнайы топ бар, жазда студент имамдардың қатысуымен балаларға дәріс өткіземіз (Атырау облысы)	1
3	Балаларға құран оқу негіздерін үйретеміз (Ақтөбе облысы)	3
4	Негізгі оқу балиғат жастан (12-13жас) болғандықтан, мектепке дейінгі балаларды оқытпаймыз (Алматы қаласы)	1
5	Қазіргі балаларды смартфондармен компьютерлерге қызығушылығы жоғары, сондықтан имамдарды түсіне бермейді (Түркістан облысы)	2

**Ескерту: респонденттердің жауабы тақырыпқа сәйкес келмегендіктен немесе жауап берілмегендіктен, жауаптар саны респонденттер санына сәйкес келмейді*

«Балаларға жазғы демалыста лагерь ұйымдастырылады», «Имам жастары» деген арнайы топ бар, жазда студент имамдардың қатысуымен балаларға дәріс өткіземіз» деген жауаптар осы айтқанымызды айғақтайды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының дерегі бойынша 2018 жылы оқушылардың жазғы демалыстары кезінде орталық мешіттер жанынан ұйымдастырылған қосымша арнайы курстарда 27 493 мектеп оқушысы діни сауатын ашқан (3-қосымшаны қараңыз).

4.6 Имамдардың уағыздарының жамағатқа ықпал ету деңгейі

Жоғарыдағы бөлімдерде қарастырғандай, имамдардың жұмыс бағыттарының ішінде көлемі жағынан басымдық алатындары – дәріс оқу мен уағыз-насихат айту. Күнделікті бес уақыт намаз алдында немесе намаздан кейін имамдар осы жұмыс түрлерін үздіксіз жүзеге асырып отырады. Олардың алдынан күн сайын сан жүздеген адамдар өтеді. Жамағаттың дәстүрлі жолды таңдауы, оған қызығушылық танытуы, теріс ағымдардан сақтануы, діни сауатының артуы сияқты маңызды мәселелер имамдардың жүргізетін уағыз-насихаттары мен дәрістерінің алдындағы аудиторияға жеткізілу сапасына байланысты.

Сол себепті сұхбат шеңберінде «Сіздің уағыздарыңыз жамағатқа ықпал ете ме? Әсер етсе, бұл қай жағынан көрінеді? Егер етпесе, мұны қалай түсіндіруге болады?» деген сұрақтар қойылды. Алынған жауаптар имамдардың өз ораторлық шеберліктеріне қанағаттанатындықтарын көрсетеді (19-кестені қараңыз).

19-кесте. Имамдардың өз бағалауларындағы уағыздарының жамағатқа ықпал ету деңгейі

№	ЖАУАПТАР	САНЫ
1	Ықпал етеді	38
2	Жартылай ықпал етеді	1
3	Бағасын жамағат береді	11

Көріп отырғанымыздай, респонденттердің 76 пайызы өздерінің уағыздарының жамағатқа ықпалы бар екендігін айтады (9-диаграмманы қараңыз). 22 пайыз респондент өздеріне баға беруді жөн санамады. Респонденттердің 2 пайызы «жартылай ықпал етеді» деп санайды.

9-диаграмма. Имамдардың өз уағыздарының жамағатқа ықпал ету деңгейін бағалаулары *(%)*



Аудиторияға уағыздың ықпалын төмендететін мынадай факторлар аталады:

• «жұма уағызы тақырыптары ҚМДБ бекіткен соң, кей тақырыпты ынтамен түсіндірсең, кей тақырып ұнамайды»,

• «кейбір имамдар дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнеріне мән бермейді».

Осы орайда үш мәселені айтып кетуге болады:

1) Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жұма уағызының тақырыптарын орталықтан анықтап береді. Алайда бұл жердегі кемшіліктің бірі әр өңірдің және ондағы елді мекендердің жергілікті ерекшеліктерінің (этнодемографиялық, әлеуметтік-мәдени, географиялық, т.б.) ескерілмеуінде. Жұма уағызы жамағаттың ең көп жиналатын аудиториясы дейтін болсақ, орталықтан анықталған тақырыптар жергілікті жамағаттардың сұранысына, көкейлеріндегі мазалаған сұрақтарына лайықты жауап бермеуі мүмкін.

«Жұма уағызы тақырыптары ҚМДБ бекіткен соң, кей тақырыпты ынтамен түсіндірсең, кей тақырып ұнамайды» деп отырған имамның бұл ойының астарында аудиторияның сұранысына ұсынылған материалдың сәйкес келмеуін сезінуден туындаған дискомфорттық жағдай жатуы әбден мүмкін. Яғни, жұма уағыздарына жергілікті жамағаттардың сұранысына сай материалдарды енгізу мәселесі қарастырылғаны жөн.

2) Уағыздың ықпалдылық деңгейін түсіретін себептердің бірі имамдардың ораторлық қабілеттерінің жеткіліксіздігімен байланысты. Әрине, мұндай жағдайлар жоқ емес. Сол себепті имамдардың шешендік шеберлігін арттыру бойынша арнайы әдістемелік құралдар әзірлеу, семинарлар өткізу қажеттілігі айқындалады.

3) Имамдардың өз уағыздарының ықпалы жоғары деп бағалауы субъективті сипатта. Себебі бұл салада арнайы әзірленген бағалау құралдары, индикаторлары жоқ. Ресми емес индикаторлар ретінде имамдар «ұнамаса, тұрып кетіп қалар еді», «қызығушылықтары көздерінен көрінеді», «уағыздан соң қызығушылар келіп, сұрақтар қояды, мақтаулар айтып кетеді», «қызықты болған соң намазға келушілер саны артты» деген сияқы жалаң пайымдаулар ғана айтылған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу қорытындысы бойынша төмендегідей тұжырымдар жасауға және ұсынымдар беруге негіз бар:

1) Имамдардың зайырлылық танымдарының деңгейін анықтау мақсатында қойылған сұрақтардың жауабы респонденттердің басым бөлігі орта деңгейде ақпараттанғандар категориясына жататындығын анықтап отыр. Яғни, зайырлылық жөнінде толық әрі жүйелі ақпарат берген имам байқалмады.

«Діни сенім еркіндігі» және «діннің мемлекеттен бөліну» қағидасын атаған имамдар «діннің мектептен бөлінуі» қағидасын назардан мүлдем тыс қалдырған. Бұл қағиданы ешбір имам атамаған. Мұндай құбылыстың орын алуын 2 себеппен байланыста болжамдап көруге болады: бірінші имамдардың шынымен де ол жөнінде ақпараттанбағандығы болса, екіншісі ол қағиданы қабылдағысы келмейтін ұстаныммен байланысты болуы мүмкін.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

Аталғандардың негізінде төмендегідей шараларды қабылдау мақсатқа лайық деп білеміз:

- ҚМДБ имамдар арасында зайырлылық жөнінде ортақ ұстаным мен білім қалыптастыру мақсатында имамдарға арналған зайырлылық құндылықтары мен қағидаттарын түсіндіру бойынша әдістемелік нұсқаулық әзірлеп, тарату және соның негізінде білім арттыру курсын ұйымдастыру.

2) Имамдарға конфессияаралық келісімді нығайтудың жолдарын ұсынумен байланысты сұрақ қойылды. Соның негізінде олардың конфессияаралық таным деңгейі мен басқа конфессияларға деген көзқарасы анықталды. Ұсынылған жауаптарда респонденттердің басым бөлігінің жауабы конфессияаралық келісім мен татулықты одан әрі жалғастыру керектігін айтудан аспады. Яғни, көпшілігі нақты ұсыныстар бере алмаған. Көп жағдайда олардың ұсынатын шаралары өз конфессияларының ішінде уағыз айту, түсіндірме жұмысын жүргізу шараларымен шектеледі.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- конфессияаралық келісімді нығайту мақсатында еліміздің әр өңіріндегі қасиетті әрі тарихи орындарды, этностардың әдеби-мәдени мұраларын, фольклорын философиялық-мәдениеттанымдық тұрғыдан кешенді зерттеу арқылы этностарды және діндерді жақындастыратын идеялар мен құндылықтарды анықтау, оларды түрлі форматта және түрлі коммуникация каналдары арқылы тұрғындар арасында кеңінен насихаттау;

- конфессиялардың өзара іс-қимылын белгілі бір әлеуметтік бағдарланған нақты жобалар аясында жүзеге асыру арқылы олардың ынтымағын арттыру;

- конфессия өкілдерінің, әсіресе жастардың, бір-бірінің ғибадатханаларына экскурсиямен барып, өзара мәдени танысуын ұйымдастыру;

- имамдарға конфессияаралық келісім мен татулық тақырыптары бойынша семинарлар ұйымдастыру.

3) Имамдар рухани-мәдени салада қызмет еткендіктен, олардың күнделікті жұмыстарын атқару барысында жамағат арасында «Рухани Жаңғыру» бағдарламасында айтылған құндылықтар мен белгіленген міндеттерді насихаттауға мүмкіндіктері жоғары. Мұндай жұмыстар ҚМДБ мен мешіттердің дін мен дәстүрдің сабақтастығын қамтамасыз ету бағытындағы басымдықтарының аясында да бірнеше жылдар бойында жалғасып келеді. Сол себепті имамдар бұл саладағы жұмыстарға тартылған деуге болады.

Дегенмен, алынған жауаптардан респонденттердің басым бөлігінің «Рухани Жаңғыру» бағдарламасымен жеткілікті деңгейде таныс емес екендігін байқауға болады. Бағдарламаның атауы құжаттың мазмұнын беріп тұрғандықтан, респонденттердің барлығы жалпы рухани тәрбие жөнінде әңгіме қозғап, сол бағытта уағыз-насихат жүргізіп жатқандықтарын айтқан.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарын қабылдап, имамдардың уағыз-насихат, білім беру, зерттеу жұмыстарын мазмұндық, әдістемелік тұрғыдан жетілдіру;

- имамдардың біліктілігін арттыруға бағытталған республикалық және жергілікті оқыту курстарында «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын түсіндіруге арналған тақырыптарды енгізуді қарастыру.

4) Қазіргі уақытта ҚМДБ діни кадрларды даярлау мәселесінде олардың зайырлы білім алуына ерекше назар аударуда. Осы мақсаттағы шаралар 2 бағытта жүзеге асуда: академиялық діни білім беру бағдарламасы аясында (Нұр-Мубарак университеті және медреселер) және имамдардың біліктілігін арттыру курстарының аясында.

Зайырлы білімнің қажеттілігін имамдар да сезінген. Бәсекеге қабілетті болу мақсатында олардың зайырлы білім деңгейін көтеруге деген талпынысының арту тенденциясы байқалады. Зайырлы білім алуға деген негізгі мотивацияны «имамның кез келген ортада сөзі өтімді болуы үшін, ол жан-жақты болуы керек», «дүниелік және діни білім тең болуы керек» деген жауаптардан көруге болады. Имамдардың басым көпшілігі осыған ұқсас мазмұндағы жауаптар берген.

Жалпы алғанда, осы сұрақтардың жауабын жоғарыда талданған имамдардың зайырлылық жөніндегі түсініктері мәселесімен бірге қарастырсақ, олардың зайырлы білім алуға деген құлшынысы зайырлылық жөніндегі ақпараттану деңгейінің жеткіліксіздігімен тікелей байланысты деген болжам жасауға болады.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- имамдардың зайырлы білімдерінің сапасын арттыру мақсатында ҚМДБ біліктілік арттыру курстары аясында имамдарды зайырлы білім деңгейлеріне қарай топтастырып, саралап оқыту жүйесін енгізгені жөн.

5) 2017 жылы ҚМДБ ресми түрде дін қызметкерлерін аттестаттау туралы жаңа ереже қабылдады. Жалпы алғанда, имамдар жаңа талаптар бойынша жүргізілген аттестацияны жоғары бағалап отыр. Әсіресе, аттестацияның алғашқы бөлігі компьютерлік тест түрінде өтетіндігінен, өте қолайлы екендігі айтылған. Сондай-ақ тапсырмаларда Қазақстан тарихына, имамның жүріс-тұрысына, мінез-құлқына байланысты сұрақтардың болуы да сараптау жұмысының оң жетістігін көрсетеді.

Кемшіліктері де жоқ емес. Бірер сұхбат мәліметтері белгіленген аттестация өткізудің кестесі тұрақты сипатта емес екендігін, аттестация өткізу жөніндегі тапсырма 1 апта қалғанда ғана берілетіндігін айтады.

Аттестаттау кезінде компьютерді пайдалана алмайтын имамдар бар екендігі белгілі болды. Олар көп болмаса да, мешіттердің жұмысының біраз олқылықтарын аңғартады: кейбір имамдар күнделікті жұмыстарында қарапайым компьютерді пайдаланбайды деген сөз. Сәйкесінше, ақпараттық-цифрлық дәуірде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының және оның мешіттерінің инновациялық әлеуеті, бәсекеге қабілеттілік мүмкіндіктері жетілдіруді қажет етеді.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- ҚМДБ аттестация кезеңдерінде Ереже талаптарын қатаң ұстану, ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың жауапкершілігін күшейту және аттестаттау нәтижелері бойынша жазаны қатаңдату;

- имамдардың компьютерлік сауаттылығын көтеру бойынша арнайы курстар өткізіп, оқыту

- аттестаттау аясындағы тапсырмалар қатарына имамдардың компьютерлік сауаттылықтарын бағалау бойынша тапсырмалар қосуды қарастыру;

-«Цифрлық мешіт» жобасын әзірлеп, барлық деңгейдегі мешіттердің компьютермен қамтылуын, интернетке қосылуын және көптеген қызмет түрлерін электронды форматқа көшірілуін қамтамасыз ету.

6) Респонденттер негізінен имамдарды тағайындау тәртібіне қанағаттанады деуге болады. Дегенмен, имамдарды тағайындаумен байланысты мынадай қиындықтар аталған: ауылдық жердегі имамдардың жалақыларының төмендігі, көпшілігінің баспанасының жоқтығы; әйел ұстаздарды жұмысқа шақыру үшін мешіттерде қызметтік үйдің жоқтығы.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- ҚМДБ арнайы қор құру арқылы ауыл имамдарының әлеуметтік жағдайын жүйелі шешу;

- облыстық мешіттердің және демеушілер қаржысы есебінен ауылдық және аудандық мешіттерге әйел ұстаздарды жұмысқа тарту мүмкіндіктерін қарастыру.

7) Имамдардың өз жалақыларына қанағаттану деңгейі – 74 пайыз. Жалақы мәселесіне келгенде имамдар қанағаттанатындықтарын айтса да, олардың көңіл-күйі айтылған ойларымен сәйкес келмеген деуге болады. Алла жолындағы құлшылықта жүрген адамдар болғандықтан, «қанағаттанбаймын» десе, «құдайға күпірлік етемін» деп ойлайды, «қанағаттанамын» десе, өмір шындығындағы тұрмыстың ауырлығы олай айтуға мүмкіндік бермейді. Сол себепті көпшілік имамдар екеуінің аралығындағы «шүкір» және «қанағат» деген жауаптарға тоқталған.

Мүфтият пен мешіттер қызметтерінде руханилықтың басымдық алып, саналы прагматикалық ұстанымның әлсіз болуы да имамдардың өз жалақылары мен әлеуметтік жағдайлары туралы пікірлерін ашық білдірулеріне кедергі келтіретін басты факторлардың біріне айналған.

Өңірлердің ішінде барлық деңгейдегі имамдардың әлеуметтік мәселесін жүйелі шешкен Атырау облысының тәжірибесі ең озық тәжірибелердің бірі деуге болады. Онда имамдардың барлығы жалақымен, баспанамен және қызметтік көлікпен де қамтылған.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- ҚМДБ мешіттер мен ондағы мамандардың әлеуметтік мәселелерін жүйелі шешу мақсатында Мүфтияттың бизнес-жоспарын әзірлеп, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету, өндіріс салаларындағы кәсіпкерлік түрлерімен кеңінен айналысу мәселесін қарастыруы қажет;

- ҚМДБ мамандардың баспана мәселесін шешу мақсатында салынатын мешіттердің (мешіт кешендерінің) жобалары аясында мешіт аумағында имамдарға арналған қызметтік үй салу мәселесін де қарастырғаны жөн;

- ҚМДБ имамдардың баспана мәселесін шешу мақсатында «Имамы бар елдің иманы бар» акциялық жобасын әзірлеп, «Асар» қағидасы негізінде жамағатты жұмылдыру арқылы сұраныс бар елді мекендерде имамдарға арналған қызметтік үй салу науқаны бастамасын көтеру.

8) Имамдардың біліктілігін арттыру негізінен 2 елде жүзеге асырылатындығы белгілі болды: Түркиядағы «Хасеки» имамдардың біліктілігін жетілдіру академиясы және Мысыр Араб Республикасының «әл-Azhar» университеті.

Респонденттер аталған елдердегі курстар жөнінде жеткілікті деңгейде ақпараттанған. Олардың біраз бөлігі өздерінің барып, оқып келгендігін айтса, енді біреулері әріптестерінің барғандығын айтып, курстың қолжетімді екендігін ұғындырды.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- Қазан (Ресей, Татарстан) және Бұқара (Өзбекстан) қалаларындағы діни оқу орындарының тарихи рөлін ескере отырып, аталған өңірлердегі исламдық оқу орындарында қазақстандық имамдардың білімін көтеру жөнінде келісімшарт жасау мәселесін қарастыру

9) Респонденттердің 88 пайызы (44 имам) өз мешіттерінде деструктивті діни ағым өкілдерін кездестіретіндігін айтады. Бұл орайда имамдар «сәләфилік» ағымдар жөнінде айтып отырғандығын ескеру керек.

Олар дәстүрлі діннің ақидасын (діни дүниетанымын) және жораларын әлі де қабылдамай, өз сенімдері бойынша діни жоралғыларын орындауды жалғастыруда. Осылайша, олар мешіт жамағатының ішінде мәдени анклавтық жағдайын сақтап отыр.

Респонденттердің 86 пайызы (43 имам) өз мешіттерінде деструктивті (сәләфилік) ағым өкілдерімен шиеленіс болмайтындығын айтады. Бұл орайда жат ағымдардың мешіт өкілдерімен шиеленіссіз, қалыпты (толерантты) қарым-қатынас орнатуға қадам басу тенденциясы байқалады.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- ҚМДБ мешіт имамдарының қоғамдық беделін арттырып, мұсылман жамағаты үшін үлгі болатындай бейнесін қалыптастыру мақсатында имамдар қатарынан 10 үміткерді іріктеп алып, референттік топ қалыптастыруға бағытталған «Зиялы имам» жобасын әзірлеп, тәжірибеге енгізгені жөн. Жоба аясында дәстүрлі исламның тартымдылығын арттыруға ықпал ететін және мұсылман жамағатына рухани лидер болатын мұсылман интеллигенциясының пулы қалыптасады;

- құқық қорғау органдарына өңірлердегі мешіт имамдары мен жамағатына жат ағымдық топтар тарапынан қысым көрсету жағдайларын анықтауға байланысты арнайы тергеу жұмыстарын жүргізу;

- мешіттердегі жат ағым өкілдерінің имамдармен және дәстүрлі жамағат өкілдерімен қарым-қатынас ерекшелігін, сондай-ақ олардың мәдени анклавтық жағдайын зерделеу мақсатында жеке социологиялық зерттеу жүргізу.

10) Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы орыстілді имамдарды даярлау мәселесіне ерекше назар аударып, басым міндеттердің бірі ретінде белгілеген. Сол себепті діни оқу орындарының базасында орыс тілінде білім беретін топтар ашылып, мамандар шығарылуда. Дегенмен, бұл процестің баяу жүріп жатқандығы байқалады.

Еліміздің көптеген мешіттері орыстілді жамағатқа орыс тілінде жеткілікті қызмет көрсетіп отыр. Діни жораларды орыс тілінде жүргізумен қатар ақпараттық сайттарында да орыстілді контенттер жариялайды.

Кейбір мешіттерде орыстілді жамағат өкілдеріне объективті және субъективті себептерден орыс тілінде қызмет көрсетіліп отырған жоқ. Объективті себептер қатарында орыстілді мамандардың жеткіліксіздігі, мешіт жамағатының имамдардан қазақ тілінде қызмет көрсетуін талап етуі болса, субъективті себептер ретінде имамдардың жеке ұстанымы тұрғысынан орыс тілінде қызмет көрсетуге қарсылық білдіру жағдайларын айтуға болады. Бұл құбылыс ҚМДБ тарапынан анықталған ортақ ұстаным мен регламенттің жоқтығынан немесе Мүфтияттың және өңірлердегі өкіл имамдардың жергілікті жамағаттармен кері байланыс жасау жүйесін қалыптастырмағандығынан болып отыр деген болжам жасауға негіз бар.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- ҚМДБ өңірлердегі мешіттердің орыс тілді мамандармен қамтылу мәселесіне мониторинг жүргізу;

- ҚМДБ барлық медресе колледждер базасында орыс тілінде білім беретін топтар құрып, орыстілді мамандар санын арттыру;

- ҚМДБ орталық аппараты мен өңірлердегі өкіл имамдар жергілікті жерлердегі мешіттердің жамағаттарымен кері байланыс жүйесін қалыптастыру.

11) Мешіттерде деструктивті діни ағымдардан сақтандыру жұмыстары кеңінен жүргізіледі. Алайда оларды жүргізудің орталықтан ұсынылған типтік әдістемесі жоқ екендігі байқалады. Яғни, әр мешіт өздерінің жеке тәжірибелеріне сүйене отырып жасайды.

Аталған саладағы жұмыстардың басым бөлігі мешітке келушілермен бетпе-бет форматында жүргізіледі. Бұл, әрине, тиімді тәсілдердің бірі. Дегенмен, мешіттердің ақпараттық кеңістіктегі, атап айтқанда, әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстардағы ақпараттық-коммуникациялық белсенділігінің төмендігі байқалады. Мұның басты себептерінің бірі, ең алдымен, мешіттердің мультимедиялық (компьютер, интернет, проектор, дыбыстық және жазу құралдар, т.б.) құралдармен жеткілікті жабдықталмауы, сондай-ақ имамдардың компьютерді пайдалану және ақпараттық-коммуникациялық сауаттылық деңгейінің төмендігі деуге болады.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- ҚМДБ мешіттердің деструктивті діни ағымдардан сақтандыру жұмыстарын жүйелеп, сапасын арттыру мақсатында, түрлі сала мамандарының (теологтар, дінтанушылар, психологтар, әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар, философтар, педагогтар, тарихшылар, құқықтанушылар) қатысуымен арнайы әдістемелік нұсқаулық әзірлеп, мешіттер қызметіне типтік үлгі ретінде жаппай енгізу;

- ҚМДБ ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлесе отырып, имамдардың медиабелсенділігін арттыру бойынша арнайы әдістемелік құралдар әзірлеу және біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру.

12) Имамдардың мемлекеттік органдардың деструктивті идеология және ағымдармен күрес саласындағы жұмыстарына қанағаттану деңгейі 82 пайыз (41 имам) мөлшерінде.

Респонденттердің көпшілігі бұл салада мемлекет пен мешіттердің тұрақты әрі кең әріптестігі барлық өңірлердің тәжірибесінде жүріп жатқандығын атап көрсеткен. Алайда сарапшылар бұл әріптестіктің аясында жергілікті билік органдарының ресми емес жағдайда имамдарға мемлекеттік лауазымды қызметшінің атқаруы тиіс функцияларын жүктейтін жағдайлары орын алғандығын айтады.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- Мемлекеттік органдар мен дін субъекілерінің (діни ұйымдар мен дін өкілдерінің) қарым-қатынасын, соның ішінде әріптестігін нақты реттейтін жеке нормативтік құжаттарды қабылдау.

13) Жауаптарды топтастырып талдау нәтижесінде респонденттердің ислам діні аясында мынадай өзекті мәселелерді атайтындығын көреміз: діни бірегейлікті сақтау саласындағы мәселелер (10 респондент); мешіттердің кадрлық мәселелері (7 респондент); тұрғындардың діни-мәдени танымдық деңгейлерінің төмендігі (4 респондент).

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- ҚР Үкіметі елдегі діни ахуалға лайықты баға беру мақсатында 2020 жылы жүргізілетін ұлттық санақта қазақстандықтардың діни бірегейлігін кеңейтілген негізде анықтау мүмкіндігін қарастыру.

14) Респонденттердің 46 пайызы мешіттерде жамағаттың түрлі ағымдарға бөліну құбылысы бар екендігін айтады. 38 пайыз респондент ондай құбылысты жоққа шығарса, 16 респондент бұл сұраққа мазмұнды жауап бере алмаған

Діни жоралардың орындалуында бірізділіктің бар екендігін 46 пайыз респондент атаған. Ал 40 пайыз респондент өз мешіттерінде ондай бірегейліктің жоқтығын айтады.

2019 жылдың 23 қазанында өткен III Республикалық имамдар форумында көптеген құжаттар қатарында «ҚМДБ атқаратын діни рәсімдер тізілімі» құжаты қабылданды. Оның негізінде ҚМДБ елдегі мешіттердегі мұсылман жамағатының діни бірегейлігін қамтамасыз ету жұмыстарын күшейтпек. Осылайша, қазақстандық мұсылман жамағатының діни бірегейлігін нығайтуға батыл қадамдар жасалады деп күтуге болады. Алайда оның мынадай теріс салдары да болады деп болжамдауға болады: аталған құжат әртүрлі мұсылман жамағатын діни бірізділікке сала алмайды және олардың мешіт өкілдерімен шиеленісін тудырады. Көптеген ханафилік емес жамағат өкілдерінің, әсіресе, псевдосалафилік ағым өкілдерінің көлеңкеге кетуіне жол ашып, олармен жүргізілетін жұмыстарды қиындатады.

Ұсыным:

- діни жамағаттың жіктелуі мен шиеленісінің алдын алу мақсатында мешіттерде діни бірегейлік талаптарын күшейту мәселесін енгізбес бұрын ең алдымен ғылыми-сарапшылық талдап алу қажет.

15) Мешітке келушілердің діни сауат ашуға деген сұранысының арту үрдісі байқалады. Құран оқу үшін араб тілін меңгеруге деген сұраныстың ерекше жоғары екендігін көреміз. Сондай-ақ діни сауат ашуға деген ниеттің жас ұрпақ арасында жоғары екендігін көрсететін үрдіс бар. Мешітке келіп, білім алып жатқан оқушылардың саны соның бір дәлелі болмақ (2018 жылы 27 493 мектеп оқушысы діни сауатын ашқан).

Ауылдық мешіттердің көпшілігінде сұраныс болса да, олар бірқатар себептерден діни сауат ашу курстарын аша алмай отыр. Атап айтқанда, мамандардың жоқтығы, мамандарды тартуға қаржының жоқтығы және материалдық-техникалық базаның (компьютер, арнайы бөлме, жабдықтар) жеткіліксіздігі. Сәйкесінше, мұндай елді мекен тұрғындары мешіттен тыс ақпарат көздерін көп пайдаланып, олардың түрлі ағымдардың ықпалына кету қаупі артады.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы елдегі барлық мешіттердің жамағаттарының діни білім алуға деген сұранысын зерделей отырып, ауылдық мешіттерде көшпелі семинарлар өткізу мәселелерін қарастыру;

- мешіттердің тиісінше материалдық-техникалық жабдықталу мәселесін қарастыра отырып, онлайн-дәрістердің жүргізілуіне жағдай жасау;

- медресе колледждер базасында әйел ұстаздар дайындау ісін жетілдіру.

16) Мешітке жеке мәселелер бойынша келушілер басым бөлігінде отбасылық мәселелермен келеді (некелесу, ажырасу, отбасылық жанжал, т.б.). Екінші кезекте қайырымдылық пен материалдық мұқтаждық, сондай-ақ ислам жөніндегі сұрақтармен келу себептері жатыр.

Жалпы, мешіттердің жамағатқа көрсететін әлеуметтік қызметтерінің қатары артып, жүйеленіп келеді. Дегенмен, бұл орайда жоғарыда аталған қызметтерді әдістемелік сүйемелдеу, мониторинг және талдау бағыттарындағы жұмыстардың әлсіздігі байқалады.

Тұрғындардың мешіттерге сенім білдіру деңгейінің арту үрдісін ескере отырып, нақты әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастыруға негіз бар. Атап айтқанда, мұсылман отбасыларға қызмет көрсету орталығын құру, психологиялық кеңес беру орталығын құру, т.б.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- ҚМДБ келушілердің жеке мәселелерін талдап қарастыру арқылы мешіттердің қызметтік бағыттары мен басымдықтарының өзгеру динамикасын бақылап, соның негізінде жұмыс жасау әдістері мен тетіктерін жетілдіріп отыру мүмкіндіктерін қарастыру. Бұл орайда мешіттерде осы мәселе бойынша тұрақты статистика мен мониторинг жүргізіп, оның нәтижелерін жүйелі талдап отыру қажет;

- ҚМДБ мешітке жеке мәселелер бойынша келушілердің отбасы мәселелерімен көп келетіндігін ескере отырып, барлық өңірлердің орталық мешіттерінде мұсылман отбасыларына қызмет көрсету орталықтарын құру;

- жергілікті мемлекеттік органдар мешітке келуші тұрғындардың көптігі және олардың санының үздіксіз артуы жағдайын ескере отырып, мешіттердің базасында тұрғындардың әлеуметтік көңіл-күйі мен негізгі проблемаларын бақылап, зерделеп отыру тетіктерін қалыптастыру;

- ҚМДБ мешіттердің қайырымдылық саласындағы рөлінің артып келе жатқандығын ескере отырып, аталған саладағы жұмыстарды жүйелеу мақсатында қайырымдылық жасаудың тұжырымдамасын және қайырымдылық жасаудық этикалық кодексін әзірлеп, қабылдағаны жөн.

17) Мешіттерді әйел жамағатымен жұмыс жүргізу деңгейіне қарай үш топқа бөліп қарастыруға болады: әйел жамағатымен жұмыс жүргізіп жатқан мешіттер; әйел жамағатына қызмет көрсету жұмыстарына сұранысы бар мешіттер; әйел жамағаты жоқ немесе бұл мәселе бойынша сұранысы жоқ мешіттер.

Әйелдер жамағатымен жұмыс жүргізіп жатқан мешіттер әйел ұстазды жұмысқа тартып, дәрістер өткізуді жолға қойған. Сондай-ақ әйел жамағатының отбасындағы сүйікті жар, аяулы ана ретіндегі

рөлін арттыру мақсатында бірқатар мешіттерде (мысалы, Алматы қаласы) тігін, кулинария, бала тәрбиесі мәселелері бойынша мастер-кластар ұйымдастырылып отырады.

Жалпы алғанда, бұл мәселедегі басты қиындықтың бірі – әйел мамандардың жетіспеушілігінде. Сол себепті діни оқу орындарында әйел мамандарды дайындауға деген сұраныс өте жоғары болып отыр.

Балалармен жүргізілетін жұмыстардың да өзіндік ерекшеліктері бар: ең алдымен, олардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылады; балаларға жазғы демалыста лагерь ұйымдастырылып, соның аясында діни сауат ашу курстары ұйымдастырылады; дәріс жүргізушілер жас ерекшелігіне сай әдіс-тәсілдерді таңдауға тырысады (мәселен, аталған курстарға оқушы балалармен жасы шамалас медресе студенттерін дәріс беруші ретінде тартып, діни білімге деген қызығушылықтарын арттырады).

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен бірлесе отырып, жазғы демалыстарда оқушы балаларға арнап өткізетін діни сауат ашу курстарының бағдарламаларын қарастырып, зайырлылық құндылықтары мен қағидаттарына, зайырлы білім ұстанымдарына қайшылық келтірмеуі аспектісінен ревизия жасау.

18) Респонденттердің 76 пайызы өздерінің уағыздарының жамағатқа ықпалы бар екендігін айтады. Алайда бұл бағалаулардың субъективті екендігін көреміз. Себебі бұл салада арнайы әзірленген бағалау құралдары, индикаторлары жоқ. Ресми емес индикаторлар ретінде имамдар «ұнамаса, тұрып кетіп қалар еді», «қызығушылықтары көздерінен көрінеді», «уағыздан соң қызығушылар келіп, сұрақтар қояды, мақтаулар айтып кетеді», «қызықты болған соң намазға келушілер саны артты» деген сияқы жалаң пайымдаулар ғана айтылған.

Сондай-ақ уағыздың ықпалдылық деңгейін түсіретін себептердің қатарында имамдардың ораторлық қабілеттерінің жеткіліксіздігін және ҚМДБ тарапынан анықталатын уағыз тақырыптарына қызығушылық деңгейінің төмендігін жатқызуға болады.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:

- ҚМДБ жұма уағызы жамағаттың ең көп жиналатын аудиториясы болғандықтан, орталықтан анықталған уағыздардың тақырыптарын жергілікті жамағаттардың сұраныстарына және жергілікті ерекшеліктеріне сай бейімдеуін қамтамасыз ету;

- имамдардың шешендік шеберлігін арттыру бойынша арнайы әдістемелік құралдар әзірлеу, семинарлар өткізу;

- имамдардың жамағатпен кері байланыс орнатуын қамтамасыз ету мақсатында әр жұма уағызынан кейін жамағат арасында мешіттің қызмет сапасын бағалау және келушілердің сұраныстарын анықтауға арналған суалнама жүргізіп, талдау нәтижелері бойынша жұмысты жетілдіру тетіктерін қарастыру.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ashyq Alan. «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы

https://www.facebook.com/ashyqalan/videos/708172199661813

2. Бергер П. Священная завеса. Элементы социологической теории религии. - Мәскеу: Новое литературное обозрение, 2019. - 216 б. - (Сериясы: Studia religiosa)Католическая церковь в тренде. Она презентовала умные четки eRosary. Информационное агенство 24. 19 октября 2019 г.

https://24.kg/tehnoblog/132706_katolicheskaya_tserkov_vtrende_ona_prezentovala_umnyie_chetki_eRosary/

3. Гараджа В.И. Социология религии. Учебное пособие, для студентов и аспирантов гуманитарных специальностей. – Мәскеу: «Наука». 1995 – 235 б.

http://socioline.ru/files/5/39/garadzha.pdf

4. Діни таным, ақида туралы түсінік. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы

http://fatua.kz/kz/post/view?id=190

5. Жандосова Ш.М. Қазіргі әлемдегі діни экстремизм: саясаттанулық талдау: Монография / Ш.М. Жандосова. – Жалпы ред. З.К. Шәукенова, С.Е. Нұрмұратов. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016. – 188 б.

http://iph.kz/doc/ru/1087.pdf

1 ҚОСЫМША

ИМАМДАРҒА АРНАЛҒАН ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН САРАПТАМАЛЫҚ СҰХБАТ ГАЙДЫ

Преамбула

Тереңдетілген сұхбат дегеніміз - белгілі мақсаттар мен міндеттер үшін белгілі бір идеяларды, пікірлерді, ойларды анықтау мақсатында интервьюер мен респондент арасындағы жеке сөйлесуден тұратын сапалы зерттеу әдістерінің бірі. Тереңдетілген сараптамалық сұхбат – белгілі бір саладағы сарапшымен немесе маманмен сұхбат. Тереңдетілген сұхбат өзге де әдістермен бірге жаппай сауалнама жүргізу барысында ерекше маңызды, себебі бұл әдіс зерттеліп отырған тақырыптың неғұрлым толық мазмұнын ұсынуға мүмкіндік береді.

Бұл «гайд» Қазақстан Республикасы имамдарымен тереңдетілген сұхбат жүргізуде жетекші нұсқаулық ретінде қызмет етеді.

Мақсаты мен міндеттері:

Тереңдетілген сұхбаттың мақсаты – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (әрі қарай – ҚМДБ) қызметі, сондай-ақ мұсылман қоғамдастығының ахуалы мен мәселелері туралы сарапшылардың пікірлерін анықтау.

Тереңдетілген сұхбаттың міндеттері мамандардың пікірлерін төмендегідей нұсқалар бойынша зерделеу болып табылады:

- мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды жақсарту бойынша;
- ҚМДБ-ның имамдарды аттестаттау тәртібі туралы;
- имамдарды тағайындаудың тәртібі туралы;
- деструктивті ағымдардың жақтаушыларымен жұмыс жүргізу барысындағы проблемалық сұрақтар туралы;
- мешіт жамағаты арасындағы діни жораларды бірізділікке түсіру;
- Қазақстан мұсылмандарының әлеуметтік-мәдени, саяси және басқа да мәселелері туралы;
- ҚМДБ-і қызметіндегі жүйелі мәселелері туралы.

Іріктеудің өлшемі мен критерийлері:

Сұхбат Қазақстан Республикасының 50 діни қызметкерлерімен (имамдармен) өткізіледі.

Интервьюер қызметкеріне арналған сұрақтар

Интервьюер үшін ескертпелер

- *Сұхбат берушіге сұхбаттың диктофонға жазылатыны туралы алдын-ала хабарлаңыз.*
- *Тізімдегі сұрақтар ұсыныс болып табылады және сұхбаттың жоба құрылымын ұсынады.*
- *Төмендегі тізімнен бөлек қосымша қойылған сұрақтар тереңдетілген сараптамалық сұхбаттың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі қажет.*
- *Сұхбаттасу уақыты: 50-70 минут.*

I. Мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды талдау

1. Біздің мемлекет Конституцияға сәйкес зайырлы мемлекет болып танылады. Бұл мұсылмандар үшін, ҚМДБ үшін және Сіз үшін нені білдіреді?

2. Мемлекет конфессияаралық салада толеранттылық пен өзара түсіністік идеяларын белсенді дәріптеуде. Қазақстандағы конфессияаралық келісімді одан әрі қамтамасыз ету үшін тағы не істеуге болады?

3. «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жолында Сіздің тарапыңыздан қандай қадамдар жасалуда?

II. Имамдардың білімі мен біліктілігі

4. Имамдардың зайырлы білім алуына көзқарасыңыз қандай? Сіз үшін қосымша білім алу қаншалықты маңызды?

5. 2017 жылы ҚМДБ ресми түрде дін қызметкерлерін аттестаттау туралы жаңа ереже жасады. Имамдарды аттестаттау қалай өткізіледі? Сіз оны қалай өттіңіз, қандай оң немесе теріс бағыттарды бөліп көрсете аласыз? Имамдарды аттестаттауды тиімді ету үшін қандай ұсыныстарыңыз бар?

6. Имамдар қалай тағайындалады? Сіздің ойыңызша, имам қызметіне үміткер адамдар қандай қиындықтарға тап болады? Осы салада нені жақсартуға болады?

7. ҚМДБ имамдарды оқуға/біліктіліктерін арттыруға өзге елдерге жібереді ме? Жіберетін болса, көбінесе қай елдерге және неге?

8. Сіз өзіңіздің жалақыңызға қанағаттанасыз ба?

III. Деструктивті діни ағымдар мәселесі

9. Мешіттерде деструктивті діни ағымдардың өкілдерін қаншалықты жиі кездестіресіз? Олармен шиеленістер орын алды ма?

10. Дін саласындағы кейбір сарапшылардың пікірінше мұсылмандар арасында деструктивті идеялардың таралуының бір себебі - орыс тілді мұсылмандардың мешіттердегі қазақ тілінде өткізілетін уағыздарды түсінбеуі. Сіздерде осындай проблемалар бар ма және оларды қалай шешесіздер?

11. Сіз мешітке келушілердің деструктивті діни ағымдар қатарына қосылуына жол бермеу үшін не істейсіз және осы бағытта тағы қандай шаралар атқара аласыз?

12. Мемлекет деструктивті көзқарастар мен деструктивті әрекеттердің алдын алуға және күресуге жеткілікті көңіл бөледі ме?

IV. Мұсылман үмбетіндегі өзекті мәселелер

13. Қазақстандағы исламның қандай проблемаларын атай аласыз? Оларды қалай шешуге болады? Исламның еліміздегі алдағы дамуы туралы көзқарасыңыз қандай?

14. Мешіттердегі барлық сенушілер рәсім/жораларды бірдей орындайды ма? Оларды біркелкі орындау қажет пе? Бұл не үшін қажет және оған қалай жетуге болады?

15. Мешіттерде ислам туралы білімге (курстар, семинарлар, араб тілін үйрену) қаншалықты сұраныс бар? Бұл бағытта тағы қандай шараларды жүзеге асыруға болады деп ойлайсыз?

16. Имамдар көбінесе адамдармен бейресми жағдайда жұмыс жасайды (мысалы, жеке әңгімелер). Мешітке келетін адамдар көбінесе қандай мәселелер бойынша жүгінеді?

17. Әйелдер жамағатымен және балалармен жұмыс жасауда қандай ерекшеліктерді атап көрсетуге болады? Қандай проблемалар бар және олармен жұмыс кезінде нені ескеру қажет? Жамағатпен жұмысты жақсарту үшін не істеуге болады деп ойлайсыз?

18. Мешіттегі жамағаттың әртүрлі діни көзқарастары бойынша топтарға бөлінуі орын алады ма?

19. Сіздің уағыздарыңыз жамағатқа ықпал ете ме? Әсер етсе, бұл қай жағынан көрінеді? Егер етпесе, мұны қалай түсіндіруге болады?

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы

«15» мамыр 2013 жыл

«Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы»
Республикалық ислами діни бірлестігі
аттестациялық (*сараптау*) комиссиясының

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігі (*бұдан әрі - ҚМДБ*) Жарғысының 12 тарауының (*Сараптау комиссиясы*) 12.1. және 12.2. бөлімдерін орындау мақсатында жасалып отыр.

